



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
ҚАРЖЫЛЫҚ
ТҰРАҚТЫЛЫҚ
ТУРАЛЫ

ЕСЕБІ

2024





ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКИ

МАЗМҰНЫ

Қысқартылған сөздер мен аббревиатуралар тізімі	1
Негізгі қорытындылар	4
I МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙ	6
1.1 Ақша нарығы	8
1.2 Валюта нарығы	19
1.3 Үй шаруашылықтары	26
1.4 Фискалдық саясат	31
II МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ	39
2.1 Мемлекеттік борыш	39
2.2 МБҚ микроқұрылымы	42
III ТҰРҒЫН ҮЙ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК НАРЫҒЫ	47
3.1 Жылжымайтын мүлік нарығындағы белсенділік	47
3.2 Тұрғын үй құрылысы	50
3.3 Ипотекалық кредит беру	52
IV БАНК ЖӘНЕ МИКРОҚАРЖЫ СЕКТОРЛАРЫНЫҢ ТӘУЕКЕЛДЕРІ	55
4.1 Корпоративтік портфельдің сапасы	55
4.2 Банктердің бөлшек портфелі	61
4.3 Кепілсіз тұтынушылық қарыздар	70
4.4 Микроқаржы ұйымдары	79
V ӨТІМДІЛІК, ҚОРЛАНДЫРУ, ДОЛЛАРЛАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛДЕРІ, ВАЛЮТАЛЫҚ ЖӘНЕ ПАЙЫЗДЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР	86
5.1 Өтімділік тәуекелдері	86
5.2 Қорландыру тәуекелдері	92
5.3 Долларлану тәуекелі	100
5.4 Валюталық тәуекел	103
5.5 Пайыздық тәуекел	103
VI ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ	108

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН СӨЗДЕР МЕН АББРЕВИАТУРАЛАР ТІЗІМІ

АВП	ашық валюталық позиция
АВР	алтын-валюта резервтері
Агенттік/ҚНРДА	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
АКС	ақша-кредит саясаты
АҚ	акционерлік қоғам
АҚШ	Америка Құрама Штаттары
АҚШ ФРЖ	АҚШ Федералды резервтік жүйесі
АӨК	агроөнеркәсіптік кешен
БЖЗҚ	«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ
БҚБК	Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитеті
БҚО	Батыс Қазақстан облысы
БҚОД	«Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ
БҰҰ	Біріккен Ұлттар Ұйымы
ж/ж	жылдан жылға
ДК	дара кәсіпкер
ЕАВ	еркін айырбасталатын валюта
ЕДБ	екінші деңгейдегі банк
ЕО	Еуропалық одақ
ЕОБ	Еуропалық орталық банк
ЕРТ	ең төменгі резервтік талаптар
ЖАО	жергілікті атқарушы орган
ЖБ	жергілікті бюджет
ЖЖМ	жанар-жағармай материалдары
ЖІӨ	жалпы ішкі өнім
ЖТ	жеке тұлға/жеке тұлғалар
ЖТС	жеке тұлғалардан алынатын жеке табыс салығы
ЖЭО	жылу электр орталығы
ЗТ	заңды тұлға/заңды тұлғалар
ИҚ	инвестициялық қор
ИПБ	инвестициялық портфельді басқарушылар
ИТҚ	ипотекалық тұрғын үй қарызы
ІА	ішкі активтер
ІАК	банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру коэффициенті
ІМ	ішкі міндеттемелер
т/т	тоқсаннан тоқсанға
ш.м.	шаршы метр
Кеңес	Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңесі
ККБ	капиталдың контрциклді буфері
КМС	квазимемлекеттік сектор
ҚДКҚ	«Қазақстанның депозит терге кепілдік беру қоры» АҚ
ҚЖК	қарыз жүктемесінің коэффициенті
ҚҚ	қаржы құралы
ҚҚБ/КASE	Қазақстан қор биржасы



ҚҚС	қосылған құн салығы
ҚМГ	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
ҚОИ	қаржылық осалдық индексі
ҚОҚ	«Қазақстанның орнықтылық қоры» АҚ
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚР Қаржымині	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі
ҚР Қаржыминінің МКК	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті
ҚР ҰСБ/ҚР СЖРА ҰСБ	Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы
ҚРҰБ/ҚР Ұлттық Банкі	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ҚР ҰҚ	Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры
ҚТИ	қаржылық тұрақтылық индексі
ҚТК	Қазақстан тұрғын үй компаниясы
ҚХР	Қытай Халық Республикасы
МБҚ	мемлекеттік бағалы қағаздар
МКБ	Мемлекеттік кредиттік бюро
МКС	мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор
МҚҰО	эмитенттің мемлекеттік қатысу үлесі бар облигациялары
млн	миллион
млрд	миллиард
НБ	негізгі борыш
ОК	орталық контрагент
ӨЖА	өтімділігі жоғары активтер
п.п.	пайыздық тармақ
РБ	республикалық бюджет
РБ КТС	ірі кәсіпкерлік субъектілерінен алынатын республикалық бюджетке есептелетін корпоративтік табыс салығы
РФ	Ресей Федерациясы
СҚО	Солтүстік Қазақстан облысы
ССҚ	соңғы сатыдағы қарыздар
СҰ	сақтандыру ұйымы
ТБИ	тұтыну бағаларының индексі
ТКШ	тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық
ТҚҚ	туынды қаржы құралдары

трлн	триллион
ХВҚ	Халықаралық валюта қоры
ХҚҰ	халықаралық қаржы ұйымдары
ШҚО	Шығыс Қазақстан облысы
ШОБ	шағын және орта бизнес
ШТИ	шетелдік тікелей инвестициялар
ШӘМЕ	шетелдік эмитенттің мемлекеттік емес бағалы қағаздары
ЭКБ	шикі мұнайға экспорттық кедендік баж
ЭСК	Экономикалық саясат жөніндегі кеңес
ЭЫДҰ/OECD	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
\$/bbl	мұнай баррелі үшін АҚШ доллары
AQR	банк активтерінің сапасын тәуелсіз бағалау (Asset Quality Review)
EUR	еуро
FRED	Federal Reserve Economic Data
FSAP	Қаржы Секторын Бағалау Бағдарламасы (Financial Sector Assessment Program)
FX LCR	шетел валютасындағы өтімділікті өтеу коэффициенті
GBI-EM	Government Bond Index-Emerging Markets
KZT	Қазақстан теңгесі
LCR	өтімділікті өтеу коэффициенті (liquidity coverage ratio)
LTV	кредит сомасының кепілдің нарықтық (немесе бағалау) құнына қатынасы (loan-to-value ratio)
NDF	жеткізілмейтін валюталық форвард (non-deliverable forward)
NPL/NPL 90+	негізгі борыш бойынша және/немесе есептелген сыйақы бойынша 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар (non-performing loan)
NSFR	тұрақты қорландырудың нетто коэффициенті (net stable funding ratio)
PD	дефолт ықтималдығы (probability of default)
PDL	Жалақы алғанға дейінгі кезеңге 45 күнге дейінгі қысқа мерзімді қарыздар
RUB	Ресей рублі
SREP	Supervisory Review and Evaluation Process
TONIA	бір күндік репо нарығындағы орташа мөлшерленген пайыздық мөлшерлеменің индикаторы (Tenge OverNight Index Average)
TWINA	жеті жұмыс күні мерзімімен репо мәмілелері бойынша орташа мөлшерленген пайыздық мөлшерлеменің индикаторы (Tenge Week Index Average)
USD	АҚШ доллары
WEO	World Economic Outlook



НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАР

МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАР

2024 жылы Қазақстан Республикасы ЖІӨ-нің нақты өсуі тау-кен өндіру секторындағы баяулауға қарамастан 4.8%-ды құрады. Экономикалық өсудің негізгі драйвері ішкі тұтыну сұранысы болып қала береді, ол бір мезгілде экономикадағы инфляциялық қысымды күшейтеді.

2024 жылы Қазақстанның қаржылық тұрақтылық индексі қаржы нарықтарындағы инфляция мен құбылмалылық деңгейінің төмендеуі аясында қаржы жүйесіндегі стресс деңгейінің төмендегенін көрсетті. Бұл ретте Қаржылық әлсіздік индексі үй шаруашылықтарының борыштық жүктемесі көрсеткіштерінің өсуі салдарынан орташа тарихи деңгейге дейін өсті.

Үй шаруашылықтарының нақты кірістерінің өсуіне және жинақтауға деген бейімділікке қарамастан, халықтың борыштық жүктемесі үй шаруашылықтарының кірісі мен орташа жалақының өсу қарқынын басып озып, әрі қарай өсуін жалғастыруда. Халықтың кірісінің сыртқы факторларға тәуелділігі жоғары, сондай-ақ фискалдық ынталандыру жағдайында халықтың нақты кірісінің төмендеуі тәуекелі елеулі болып қалуда.

Қазақстан Республикасының макрофискалдық тәуекелдері айтарлықтай болып қалуда. Республикалық бюджеттің шығысы мен кірісті арасында үлкен алшақтық сақталып отыр, бұл Үкіметтің таза қаржы активтерінің біртіндеп сарқылуына алып келеді. Үкімет борышының тұрақты деңгейіне қарамастан, республикалық бюджетке борыш жүктемесінің өсуі жалғасуда.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

Ішкі нарықтың шектеулі жағдайында ЕДБ-ның атынан нарыққа қатысушылар МБҚ-ның негізгі сатып алушылары болды. МБҚ қайталама нарығының өтімділігі төмен күйінде қалып отыр. Базалық мөлшерлеменің жыл бойына төмендеуіне қарамастан, нарыққа қатысушылардың инфляциялық күтулері жоғары болып қалды. Борышты қаржыландыру қажеттілігінің өсуі, сондай-ақ салық түсімінің жоспардан ауытқуы 2024 жылдың екінші тоқсанынан бастап ішкі нарықтағы МБҚ мөлшерлемесінің өсуіне ықпал етті.

ҚР ҚМ МБҚ-ны өтеудің 2025–2027 жылдарға арналған ең жоғары өтеу көлемімен біркелкі емес мерзімді құрылымы сақталуда, бұл МБҚ нарығына және республикалық бюджетке жүктемені арттыруы ықтимал.

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК НАРЫҒЫ

2024 жылы тұрғын үй жылжымайтын мүлік бағасының өсу қарқынының орнықты динамикасы, сондай-ақ тұрғын үйдің қолжетімділігі 2019–2020 жылдардағы деңгейге қалпына келгені байқалды. 2024 жылдың екінші жартысынан бастап сатып алу-сату мәмілелері санының өсуі байқалды, ол мемлекеттік ипотекалық бағдарламалардың қолданысқа енгізілуіне, сондай-ақ зейнетақы активтерін алып қоюдың ілесіміне өсуіне негізделді.

2024 жылы пайдалануға берілген көп пәтерлі тұрғын үйлердегі пәтерлердің жалпы алаңы 2023 жылғымен салыстырғанда 11%-ға өсіп, 8,9 млн шаршы метрге жетті. Құрылыс белсенділігінің артуы да халықты тұрғын үймен қамтамасыз етілуі жақсаруына ықпал етті – 2024 жылы жан басына шаққандағы тұрғын үй қоры 21,4 шаршы метрге жетті. Құрылыс белсенділігі артуымен қатар, тұрғын үй-құрылыс секторының компаниялары артқан табыстылықты көрсетті.

Нарықтық ипотекалық қарыздардың көлемі мен үлесі едәуір өсуіне қарамастан, ипотекалық портфельдегі жеңілдігі бар қарыздардың негізгі үлесі 76%-ды құрады, ал тұрғын үй жылжымайтын мүлік нарығы мемлекеттік қолдау шараларына әлі де тәуелді.

НЕСИЕ ПОРТФЕЛІНІҢ САПАСЫ

2024 жылы Қазақстанның банк секторы өзгермелі жағдайларға орнықтылығын және бейімделуін көрсетті. Корпоративтік кредит портфелінің сапасы тұрақты түрде жақсарып келеді: проблемалық әрі тәуекелді қарыздардың үлесі қысқарды, провизиялар арқылы өтеу ұлғайды, ал шетел валютасындағы қарыздар негізінен тәуекелі жоғары аймақтан шықты. Дегенмен, ірі қарыз алушылардың жоғары шоғырлануына байланысты қиындықтар сақталуда.

Жеке кредиттеу, әсіресе кепілсіз тұтыну қарыздары, ипотека және автокредиттер сегменттерінде ұлғайып барады. Тез өсіп келе жатқан автокредиттеу сегментінде, әсіресе соңғы жылдары берілген қарыздар бойынша тәуекелдер нығаюда. Портфельдің жоғары сапасы мен провизиялардың қалыпты деңгейінің жалпы сақталуына қарамастан, кепілсіз тұтыну қарыздарының өсуімен бірге жеке кредиттеуде жүйелік тәуекелдердің өскені байқалады.

2024 жылы қабылданған реттеу шаралары қарыз алушылардың қаржылық тәртібін күшейтуге, борыштық жүктемені шектеуге және кепілсіз қарыздар бойынша мөлшерлемелерді төмендетуге бағытталған. Тұтынушылық және микрокредиттерге қойылатын талаптарды қатаңдату кредиттеудің жекелеген сегменттерінің шамадан тыс өсуін тежеп қана қоймай, кредиторлар мен қарыз алушылардың жауапкершілігін арттыруға арналған. Микроқаржы секторының тұрақты белсенділігі және жекелеген МҚҰ-ның банктерге айналуға мүдделілігі жағдайында портфельдің сапасын бақылау және тұрақты кредиттеу қағидаттарын сақтау маңызды болып қала береді.

Жалпы, корпоративтік және бөлшек портфельдердің теңгерімді дамуы қадағалау шараларын күшейтумен қатар банк секторының қаржылық тұрақтылығын нығайтуға ықпал етеді.

ӨТІМДІЛІК ЖӘНЕ ҚОРЛАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

Банк секторындағы өтімділік тәуекелдері өтімділігі жоғары активтердің (ӨЖА) едәуір қоры есебінен қалыпты деңгейде қалды. ӨЖА үлесі банк секторының барлық активтерінің үштен бір бөлігін құрады. Өтімділік тәуекелін талдау банк секторы тұтастай алғанда депозиттердің қалыпты әкетілуіне төзімді екенін көрсетті, алайда экстремалды сценарий кезінде банктердің едәуір бөлігінде өтімділікті жабу нормативінің бұзылуы мүмкін. Сонымен қатар талдау қазақстандық банктердің көтерме қорландыруға тәуелділігін анықтады, бұл оларды нарықтық күтілмеген өзгеріс әлсіз етеді.

Қорландыру тәуекелдері де қалыпты деңгейде. 2024 жылы шын мәнінде мерзімді депозиттер үлесінің өсуі байқалды, бұл банк жүйесін қорландырудың тұрақтылығына оң әсерін тигізеді. ӨЖА-ның едәуір қоры аясында ірі депозиторлардың кетуінен тәуелділік төмен. Банктердің жартысында ірі депозиторлардың кетуінің орнын толтыру үшін жеткілікті өтімділік резерві бар.

Долларландыру тәуекелдері қалыпты деңгейде. Шетел валютасындағы салымдардың үлесі төмендейді. Ірі салымшылар барлық салымдар топтарындағы долларландыру деңгейінің жалпы төмендеуіне қарамастан, қаражаттың едәуір бөлігін шетел валютасында сақтауды жөн көреді.

Банк секторының валюталық тәуекелі қолайлы деңгейде болды. Жүйе бойынша нетто валюталық позиция көптеген кезеңдерде бейтарапқа жақын болды және барлық банктер ашық валюталық позиция лимиттерін сақтау бойынша пруденциялық нормативтерді орындады.

2024 жылы банктер пайыздық маржа мен пайыздық спрэдтің жеткілікті тұрақты деңгейлерінде жоғары рентабельді болып қала берді.



I МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙ

2024 жылы Қазақстан экономикасы ішкі және сыртқы тәуекел сақталған кезде орнықты өсуді көрсетті. 2024 жылы ЖІӨ-нің нақты өсуі тау-кен өндіру секторындағы баяулауға қарамастан 4,8%-ды құрады. Бір мезгілде экономикадағы инфляциялық қысымды күшейтетін ішкі тұтыну сұранысы экономикалық өсудің негізгі драйвері болып қала береді.

Сонымен қатар шикізат секторына, бюджет шығыстары мен Ұлттық қордан берілетін трансферттерге жоғары тәуелділіктің сақталуы ұзақ мерзімді перспективада тәуекелдер туғызады. Сыртқы экономикалық орта, атап айтқанда Ресейдегі инфляцияның жеделдеуі және әлемдік нарықтардағы бағалардың өсуі ішкі бағаларға да қосымша қысым жасайды.

Инфляцияның жалпы деңгейінің ж/ж 8,6%-ға дейін төмендеуіне қарамастан, жыл соңында коммуналдық қызметтер тарифтерінің өсуі мен теңгенің әлсіреуі, импорттық инфляцияның күшеюі баға қысымын көрсетеді. Үй шаруашылықтарының борыштық жүктемесінің ұлғаюуы да қаржылық тұрақтылық үшін негізгі тәуекел болып қала береді. Сонымен қатар кредиттеудің қалыпты өсу қарқыны және халықтың нақты табысының жақсаруы тұтынушылық сұраныстың тұрақтылығын қолдау үшін жағдай жасайды.

Қаржылық тұрақтылық индексі (ҚТИ)¹ 2024 жылдың басында жоғары тәуекел аймағына салыстырмалы түрде жақын болды. 2023 жылмен салыстырғанда жыл соңында тұрақты деңгейге дейін төмендеді. Қаржы тұрақтылығы тәуекелдерінің төмендеуіне көбінесе инфляция мен қаржы нарықтарындағы құбылмалылық деңгейінің төмендеуі ықпал етті.


2023 жылы 9,8%-дан 2024 жылы 8,6%-ға дейін инфляция деңгейінің төмендеуі **монетарлық сектор тәуекелдерінің төмендеуіне ықпал етті**. Алайда халық үшін инфляциялық қысым, әсіресе ТКШ саласында, жүргізіліп жатқан «Инвестицияларға айырбастау тарифі» бағдарламасының аясында ақылы қызметтерге тарифтердің өсуінің жалғасуына байланысты сақталып отыр. Бұл тарифтер мемлекеттік реттеуге жататындықтан және базалық пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне әлсіз әрекет ететіндіктен, олардың баға динамикасы ақша-кредит саясатына икемділігінің төмендігімен ерекшеленеді. Осылайша, монетарлық тәуекелдер қалыпты деңгейде, оның ішінде ҚҚС мөлшерлемесінің күтілетін көтерілуі және шекті мандердің төмендеуі аясында сақталады, бұл да тұтыну бағаларына қысымды күшейтуі мүмкін.

Сыртқы сектордың тәуекелдері қалыпты күйінде қалып отыр. Негізгі сауда серіктестерінің бірі ретінде РФ-дағы инфляцияның жеделдеуі, сондай-ақ әлемдік азық-түлік нарықтарындағы бағаның өсуі Қазақстан экономикасына сыртқы инфляциялық қысымды күшейтеді. 2025 жылы экономикалық өсу қарқыны едәуір дәрежеде шикізат секторының динамикасымен және мемлекеттік шығыстардың ауқымымен айқындалатын болады, бұл елдің сыртқы экономикалық күтпеген өзгерістерге осалдығын арттырады. 2024 жылы мұнайдың орташа бағасы баррелі үшін 80,7 АҚШ долларын құрады, бұл 2023 жылғы деңгейден 2,3%-ға төмен. Экономиканың энергия ресурстарының экспортына жоғары тәуелділігі жағдайында шикізат тауарларына бағаның төмендеуі Ұлттық қор активтерінің сарқылуымен және мемлекеттік бюджетке борыштық жүктеменің ұлғаюуымен бірге жүреді, бұл орта мерзімді перспективада қосымша фискалдық тәуекелдерді білдіреді.

Қаржылық тұрақтылық индексі



¹Толығырақ ақпарат алу үшін 2022 жылғы ҚТЕ-ні қараңыз. 1.1-бокс Қаржылық тұрақтылық индексі (ҚТИ)




Қаржылық осалдық индексі



ТБИ динамикасы, п. т.



ЖІӨ-нің нақты өсуі, ж/ж (секторлар бойынша)



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, Ұлттық Банктің есептеулері

Үй шаруашылықтары секторындағы тәуекелдердің ұлғаюуына 2024 жылы депозиттердің өсу қарқынынан асып кеткен халық кредиттерінің өсу үрдісі ықпал етті. Халықтың нақты табысы ж/ж 3,7%-ға қалыпты өсуді көрсетті. Халықтың жинақтауға бейімділігінің артуына және нақты кірістерінің өсуіне қарамастан, бір адамға қарыздың орташа мөлшерінің ұлғаюу қарқыны номиналды кірістердің динамикасынан едәуір асып кетті. Бұл халықтың борыштық жүктемесінің артуымен ілесе жүретін орнықты ішкі сұраныстың сақталуын куәландырады.



Қаржы ұйымдары тарапынан пруденциялық нормативтерді сақтауды жалғастырудың, сондай-ақ ішкі қаржы нарықтарындағы құбылмалылықтың төмендеуінің арқасында **қаржы секторының тәуекелдері төмен деңгейде қалып отыр**. Сонымен қатар жыл соңында геосаяси тәуекелдердің күшеюі, Ресейге қарсы санкциялар және шетел валютасына сыртқы сұраныстың өсуі аясында теңгенің әлсіреуіне байланысты валюта нарығында жоғары құбылмалылық байқалды. Бұл, әсіресе сыртқы сауда ағындарына және шикізат бағаларының ауытқуларына тәуелділік сақталған жағдайда, сыртқы күтпеген өзгерістерді қаржы жүйесіне берудің әлеуетті арнасы болуы мүмкін.

Корпоративтік сектордың тәуекелдері өнеркәсіп өндірісінің және бөлшек сауда көлемінің өсуі аясында төмендеді. Сонымен қатар 2024 жылдың екінші жартысында кәсіпкерлік сенімділік индексінің төмендеуі байқалды, бұл іскерлік ортадағы белгісіздіктің өсуін көрсетеді және орта мерзімді перспективада инвестициялық белсенділікті тежеуі мүмкін.

Қаржы жүйесіндегі теңгерімсіздіктердің жинақталуын және ішкі және сыртқы күтпеген өзгерістерге орнықтылықты бағалайтын **қаржылық осалдық индексі (ҚОИ)²** 2023 жылы төмендегеннен кейін 2024 жылы қалыпты өсуді көрсете бастады. ҚОИ мәні орташа тарихи деңгейден төмен болғанымен, оның өсу динамикасы орта мерзімді перспективада жүйелік тәуекелдердің пайда болуын болдырмау үшін мұқият мониторингті талап етеді. Бұл қаржы жүйесінің осалдығын күшейтуге қабілетті проциклдік факторлардың біртіндеп өсуін білдіреді.

2024 жыл бойы қаржы активтері бағасының динамикасы орнықты өсуді көрсетті. Қаржы институттарының қысқа мерзімді міндеттемелерінің ұлғаюы және жылдам өтімділік коэффициентінің тұрақты жоғары деңгейі индекске қосымша қысым көрсетті, бұл нарықтық құбылмалылық жағдайында өтімділіктің қысқа мерзімді тәуекелдерінің ықтимал күшеюін көрсетеді.

Тұрғын үй жылжымайтын мүлік нарығында жалдау мөлшерлемелерінің өсуінің жалғасуына қарамастан, тұрғын үйге қолжетімділіктің қалпына келуі байқалды, бұл баға динамикасының салыстырмалы теңгерімділігін куәландырады және шамадан тыс өсу тәуекелдерін шектейді. Сонымен қатар борышқа қызмет көрсетудің үй шаруашылықтарының бөлінетін кірістеріне арақатынасының өсуі халыққа қаржылық жүктемені күшейтіп, оны экономикалық күтпеген өзгерістерге неғұрлым осал етеді. Оң факторлардың арасында тұтынушылық сұраныстың орнықтылығын және үй шаруашылықтарының төлем қабілеттілігін қолдайтын долларлану деңгейінің төмендеуі және халықтың нақты кірістерінің өсуі байқалады.

Осылайша, 2024 жылы ҚОИ динамикасы жинақталып жатқан тәуекелдерге қатысты қырағылықты сақтау қажеттігін көрсетеді. Сыртқы күтпеген өзгерістердің жалғасып отырған әсері және жекелеген секторларда сұранысты ынталандырудың белсенді саясаты жағдайында алдын алу макропруденциалдық шараларын қолдану орынды.

1.1 АҚША НАРЫҒЫ

2024 жыл ақша массасының едәуір өсуімен сипатталды, оның өсуінің негізгі факторлары бұрынғысынша кредиттік және фискалдық арналар болып қалды. 2024 жыл бойы теңгеде номинирленген банк секторының жоғары өтімді активтері көлемінің едәуір ұлғаюы байқалды, бұл артық өтімділіктің өсуіне себепші болды. Өтімділіктің артық деңгейін бейтараптандыру және ақша нарығына қысымды төмендету мақсатында ҚРҰБ өтімділікті алу жөніндегі операциялардың көлемін дәйекті түрде ұлғайтты. Нәтижесінде артық өтімділікті реттеуге бағытталған құралдардың жиынтық көлемі айтарлықтай өсуді көрсетті.


Артық өтімділікті реттеудің негізгі құралы депозиттік аукциондар болды. ҚРҰБ қысқа мерзімді ноттарды шығару көлемін қысқартты және репо мен валюталық своп нарықтарындағы өтімділікті алу жөніндегі операцияларға қатысуды тоқтатты. Нәтижесінде ақша нарығының тиісті сегменттеріндегі мөлшерлемелер нарықтық қатысушылардың көзқарасы бойынша қысқа мерзімді өтімділіктің құнын көрсете отырып, нарықтық факторлардың ықпалымен қалыптаса бастады.

2024 жылы ақша массасының едәуір өсуі байқалды. 2024 жылы ақша массасы 19,2%-ға ұлғайғандықтан және жылдың соңында 45,6 трлн теңгені құрады. 2023 жылмен салыстырғанда ақша массасының өсуі 11,7%-ды, ал 2022 жылы 13,9%-ды құрады. Алдыңғы жылдардағыдай ақша массасының өсуінің негізгі

²Толығырақ ақпарат алу үшін 2023 жылғы ҚТЕ-ні қараңыз. 1.1-бокс Қаржылық осалдық индексі (ҚОИ)

факторлары кредиттік және фискалдық арналар болып қалды. 2024 жылы бюджет тапшылығын қаржыландыру мақсатында ҚР Қаржымині 2023 жылмен салыстырғанда мемлекеттік бағалы қағаздар шығаруды 9,6%-ға ұлғайтты. Ақша массасының ұлғаюына сыртқы активтердің өсуі де үлес қосты.


1.1-график Ақша агрегаттары, трлн теңге



Дереккөзі: ҚРҰБ

2024 жылы артық өтімділік едәуір өсті, 2023 жылдың соңынан бастап ҚРҰБ операциялары бойынша сальдо 70%-ға өсті және 2024 жылдың соңында 7,5 трлн теңгені құрады. 2024 жылы өтімділікті алудың негізгі құралы депозиттік аукциондар болды, теңгелік өтімділікті алу құралдарындағы депозиттік аукциондар бойынша үлес орташа алғанда шамамен 74%-ды құрады. 2024 жылы ҚРҰБ ноттар аукциондарын өткізу жиілігін айына бір аукционға дейін қысқартты. Ноттар аукциондарының көлемі де қысқартылды, наурыздан бастап ноттарды орналастыру көлемі 500 млрд теңгеден аспады, нәтижесінде теңгелік өтімділікті алу құралдары жөніндегі ноттар бойынша үлес наурызда 8-9%-ға дейін қысқарды және жылдың соңына дейін 10%-дан аспады. ҚРҰБ овернайт депозиттері де өтімділікті алу құралдарындағы ноттарды ішінара ауыстырды. 2024 жылы ҚРҰБ своп және репо нарықтарындағы өтімділікті алып қоюды тоқтатты. Репо нарығында ҚРҰБ репоның негізгі сессияларына қатысуды тоқтатты және ҚРҰБ-тың тек қосымша сессиясына ғана қатысты, онда өтімділікті ұсыну жөніндегі операцияларға ғана қатысты. 2024 жылы мәмілелердің жалпы көлемінде ҚРҰБ-тың қатысуы шамалы болды.

1.2-график ҚРҰБ-тың ашық позициясы, трлн теңге



Дереккөзі: ҚРҰБ

2023 жылы ҚРҰБ депозиттік аукциондарға сұранысты қайта бағыттау мақсатында ноттарды орналастыру көлемінің қысқарғаны туралы жариялады. Осылайша, 2023 жылғы қазаннан бастап қысқа мерзімді ноттарға сұранысты толығымен қанағаттандыруды тоқтатты. Нәтижесінде 2023 жылғы қарашадан бастап ноттар аукциондарының көлемі едәуір азая бастады және 1-тоқсанның соңында



500 млрд теңгемен шектелді. Ноттарға сұраныс бастапқыда жарияланған көлемнен асып түсті, бірақ орналастыру көлемінің төмендеуімен бірге біртіндеп төмендеді және депозиттік аукциондарға көшті.

1.3-график Ноттарға сұраныс, млрд теңге



Дереккөзі: ҚРҰБ

Бастапқы нарықта қысқа мерзімді ноттарды орналастыру көлемінің қысқаруы бастапқыда қатысушылар арасындағы бәсекелестікті ұлғайтты. 2023 жылғы қазаннан бастап ҚРҰБ ең үздік өтімдерді ғана қанағаттандыра бастады, нәтижесінде ноттардың кірістілігі бастапқы нарықта біртіндеп төмендеді. 2023 жылғы желтоқсаннан бастап 2024 жылғы сәуір аралығында ноттар базалық мөлшерлеменің төменгі шегінен төмен орналастырылды. Қатысушылар депозиттік аукциондарға сұранысты қайта бағыттап бастағандықтан, ноттар нарығындағы бәсекелестік төмендей бастады, мөлшерлемелер біртіндеп өсе бастады.

ҚРҰБ қысқа мерзімді ноттардан депозиттік аукциондарға сұранысты қайта бағыттауға ұмтыла отырып, бір мезгілде ноттарды орналастыру көлемін қысқарта отырып, неғұрлым тартымды шарттарда депозиттік аукциондарға сұранысты толық қанағаттандырды. Тиісінше нарықтық қатысушылар тарапынан депозиттік аукциондарға сұраныс 2023 жылғы қазаннан бастап ноттар көлемінің қысқаруымен, сондай-ақ артық өтімділік деңгейінің ұлғаюымен бірге айтарлықтай өсе бастады.

1.4-график Депозиттік аукциондарға сұраныс, млрд теңге




Дереккөзі: ҚРҰБ

2024 жылы депозиттік аукциондар басқа құралдармен салыстырғанда неғұрлым тиімді мөлшерлемелер бойынша орналастырылды. Мәселен, аукциондар бойынша орташа мөлшерленген мөлшерлеме базалық

мөлшерлемеге тең болды. Салыстырмалы түрде ноттар төменгі шектен төмен орналастырылды, ал овернайт депозиттері бойынша мөлшерлеме базалық мөлшерлеменің төменгі шегіне тең болды. ҚРҰБ репо және своп нарығында өтімділікті алу жағына қатысуды тоқтатты.

1.5-график Ашық нарық операциялары бойынша мөлшерлемелер




Дереккөзі: ҚРҰБ

1.1.1 РЕПО НАРЫҒЫ

2024 жылы биржалық репо көлемі 2023 жылмен салыстырғанда 14.7%-ға төмендеді. Репо нарығының 2024 жылғы мәмілелер көлемі 261,6 трлн теңгені құрады. Репо нарығының қысқаруына ҚРҰБ-тың негізгі репо сессиясынан кетуі, сондай-ақ бұрын репо нарығындағы өтімділіктің едәуір көлемін тартқан жекелеген қатысушылар тарапынан репо нарығындағы өтімділікті тарту көлемінің қысқаруы ішінара әсер етті. Мәселен, ҚРҰБ 2024 жылы өтімділікті алу жағындағы репо нарығына қатысуды тоқтатты. Өтімділікті ұсыну жағында көлемі аз болды. Осылайша, өтімділікті бөлуді ҚРҰБ-тың ең аз қатысуымен нарық дербес жүзеге асырды.

1.6-график Нарыққа қатысушылар топтары бөлінісінде репо нарығының күн сайынғы көлемі млрд теңге



Дереккөзі: ҚҚБ

Ескертпе: Қатысушылар тобы брокерлер клиенттерінің деңгейіне дейін айқындалған, яғни егер мәміле қатысушының өз шотынан жасалса, онда топ қатысушы үшін айқындалады, егер клиенттің шотынан болса, онда топ клиент үшін айқындалады. Брокердің клиенті болып табылатын қатысушының тобын брокер дербес айқындайды және ақпарат орталық депозитарийге беріледі.



2024 жылы репо нарығындағы өтімділікті негізгі сатып алушылар екінші деңгейдегі банктер болды. ЕДБ-нің өтімділікті тартудағы мәмілелерінің үлесі 2023 жылғы 45%-дан 2024 жылы 59%-ға дейін өсті. Өтімділікті тарту бойынша мәмілелердің едәуір көлемі кәсіби қатысушыларға да тиесілі болды, олардың өтімділікті тартудағы үлесі 2023 жылғы 17%-дан 2024 жылы 22%-ға дейін өсті. Өтімділікті тартудағы өзге заңды тұлғалардың үлесі өткен жылдармен салыстырғанда қысқаруды жалғастырды және 2024 жылы 10%-ды құрады.

2024 жылы репо нарығында өтімділікті орналастыру негізінен басқа заңды тұлғалардың (46%) және даму банктерінің (19%) қаражаты есебінен жүргізілді. Репо нарығында өтімділікті орналастырудағы ЕДБ үлесі 2024 жылы 14%-ға дейін қысқарды (2023 жылғы 20%-бен салыстырғанда).


1.1-кесте Репо нарығындағы өтімділікті сатып алушылар мен сатушылардың үлесі, %-бен

	Сатып алу				Сату			
	2021	2022	2023	2024	2021	2022	2023	2024
ҚРҰБ	7%	14%	12%		6%	9%	3%	0%
БЖЗҚ	0%	-	0%	0%	9%	5%	2%	7%
ҚРҰБ басқаруындағы қорлар	-	-	-	-	0%	0%	0%	2%
ЕДБ	51%	55%	45%	59%	45%	26%	20%	14%
Даму банктері	1%	1%	1%	0%	22%	19%	23%	19%
БҚНҚ	10%	3%	17%	22%	1%	3%	6%	4%
Басқа да ЗТ	23%	20%	15%	10%	15%	33%	42%	46%
СҰ	6%	5%	6%	6%	2%	3%	3%	4%
Басқалар	2%	2%	4%	4%	0%	1%	2%	4%

Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ есептеулері

Өткен жылдардағы өтімділікті тарту жағындағы репо нарығындағы шоғырланудың 2024 жыл ішінде біршама қысқарғанына қарамастан, шоғырлану бұрынғысынша жоғары болып қалып отыр. Мәселен, 2023 жылдың соңында және 2024 жылдың басында 2 ірі сатып алушыға бір айда өтімділікті тарту бойынша мәмілелер көлемінің 70%-ға жуығы тиесілі болды. 2024 жылдың соңына қарай олардың үлесі 47%-ға дейін төмендеді. 2023 жылы 4 ірі сатып алушыға орташа алғанда бір айда өтімділікті тарту бойынша мәмілелердің 80%-ға жуығы тиесілі болды. 2024 жылы бұл көрсеткіш 68%-ға дейін қысқарды.

1.7-график Бір айда ірі қатысушылардың теңгелік репо нарығындағы қатысу үлесі, п.т.




Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ есептеулері

Ескертпе: Үлестер брокерлер деңгейінде есептеледі, яғни егер мәмілелер әртүрлі клиенттер үшін бір брокер жасаса, операциялар брокер деңгейінде топтастырылады.


2024 жылы 7 күндік репо нарығының едәуір ұлғаюы байқалды, оның үлесі 2023 жылғы 11%-бен салыстырғанда 2024 жылы 17%-ға дейін өсті. Сондай-ақ 14 күндік репо операцияларының үлесі өсті, олардың үлесі 2024 жылы 3%-дан 8%-ға дейін өсті. Бұл ретте бір күндік репо нарығы, оның үлесінің төмендеуіне қарамастан, бұрынғысынша неғұрлым белсенді болып отыр. Мәселен, 2024 жылы репо мәмілелерінің 70%-ы бір күндік мерзіммен жасалды (2023 жылы бір күндік репо үлесі 82%-ды құрады).

1.8-график Мерзімдер бөлінісінде репо операцияларының көлемі

Көлемі трлн теңге



Мерзімі бойынша мөлшерленген



Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ есептеулері

Бұл ретте мерзімі бойынша мөлшерлеу кезінде репо нарығындағы өтімділік көбінесе 7 күндік және 14 күндік репо операцияларының көмегімен бөлінді. 2024 жылы репо нарығындағы өтімділіктің 31%-ы 7 күндік репо арқылы, 29%-ы 14 күндік репо арқылы бөлінді. Мерзімі бойынша өлшеу кезінде 1 күндік репоның үлесі бар болғаны 18%-ды құрайды.


2024 жылы ҚРҰБ базалық мөлшерлеменің төменгі шегінде өтімділікті алып қоюды тоқтатты, бұл өтімділік профициті аясында репо нарығындағы мөлшерлемелердің төмендеуіне ықпал етті. Жылдың бірінші жартысында инфляциялық процестердің баяулауы аясында ҚРҰБ базалық мөлшерлемені біртіндеп төмендетті, шілденің ортасында базалық мөлшерлеме 14,25%-ға дейін төмендеді (жыл басында базалық мөлшерлеме 15,75% болды). Бұл ретте базалық мөлшерлеменің төмендеуіне қарамастан, репо нарығындағы мөлшерлемелер пайыздық дәліздің төменгі шегінен төмен түсті.

Қыркүйекте теңгелік өтімділікке сұраныс арта бастады, репо мөлшерлемелері төменгі шектен көтерілді. Желтоқсанда инфляцияның айтарлықтай жеделдеуіне байланысты ҚРҰБ базалық мөлшерлемені 15,25%-ға дейін 100 базистік тармаққа көтерді. 2024 жылғы қазаннан бастап желтоқсан аралығында TONIA төменгі шектен төмен түспеді.

Жеті күндік репо нарығындағы мөлшерлемелер траекториясы бұрынғысынша бір күндік репо нарығындағы мөлшерлемелер траекториясына жақын, алайда наурыздан бастап TWINA мен TONIA арасындағы спрэд 2024 жылы көбінесе оң болды. Жеті күндік және бір күндік репо мөлшерлемелері арасындағы оң спрэд жеті күндік репо нарығында өтімділік үшін сыйлықақының қалыптасқанын куәландырды.



1.9-график TWINA және TONIA мөлшерлемелері



Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ


2024 жылғы теңгелік пайыздық мөлшерлеме қатысушылардың валюта бағамының өзгеруі бойынша күтулерінің орнын толтырды. Бұған TONIA мен USD/KZT валюталық жұбы бойынша NDF мөлшерлемесі арасындағы оң спред куә болды. TONIA мен NDF мөлшерлемесі арасында оң спредтің болуы теңгенің төмендеуіне есептелген стратегияны пайдасыз етті.

2023 жылы туындаған TONIA мөлшерлемесі мен тұтыну бағасының индексі арасындағы оң спред 2024 жылы сақталды. Осылайша, теңгедегі пайыздық мөлшерлеме 2024 жылы инфляцияның орнын толтырды.

1.10-график 2024 жылы теңгелік пайыздық мөлшерлеме қатысушылардың валюта бағамы мен инфляцияның өзгеруі бойынша күтулерінің орнын толтырды

USD/KZT валюталық жұбы бойынша TONIA мөлшерлемесі мен NDF мөлшерлемесі арасындағы спред, п.т.

TONIA мөлшерлемесі мен тұтыну бағасының индексі арасындағы спред, п.т.



Дереккөзі: ҚҚБ, Bloomberg, ҚР СЖРА ҰСБ, Ұлттық Банктің есептеулері

Ескертпе: TONIA мөлшерлемесі мен тұтыну бағасының индексі арасындағы спредті есептеу кезінде бір айда орташа мөлшерленген TONIA пайдаланылды.

2024 жылы қатысушылар бұрынғысынша орталық контрагентпен (бұдан әрі – ОК) мәмілелер жасасуды жөн көрді. Бір жылда ОК-мен операциялардың ай сайынғы үлесі шамамен 98%-ды құрады. Жекелеген қаржы құралдарымен операциялар үлесі ОК-мен және ОК-сіз режимдерде өсті.

1.2-кесте Орталық контрагентпен және орталық контрагентсіз режимдерде пайдаланылатын репо қоржындары, %-бен

	Орталық контрагентпен, %-бен				Орталық контрагентсіз, %-бен	
	МБҚ қоржыны, МҚҰО қоржыны	ҚРҰБ қоржыны	жеке ҚҚ	КСУ пулы	МБҚ қоржыны	жеке ҚҚ
2021	91%	3%	6%		99.6%	0.4%
2022	94%	2%	4%	0.0%	99.6%	0.4%
2023	92%	4%	4%	0.0%	99.3%	0.7%
2024	92%	0%	7%	0.1%	97.8%	2.2%

Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ есептеулері

2024 жылы мәмілелердің 98.3%-ы теңгемен жасалады, бұл ретте теңгелік репо кепіліне шетел валютасында шығарылған бағалы қағаздар да қабылданады. 2024 жылы шетел валютасында шығарылған бағалы қағаздармен репо мәмілелерінің көлемі едәуір өсті. Мәселен, 2024 жылы АҚШ долларымен шығарылған бағалы қағаздармен репо үлесі 2023 жылғы 5%-бен салыстырғанда 14%-ға дейін ұлғайды.

1.3-кесте Валюталар бөлінісіндегі репо операциялары

	Валюталар бөлінісіндегі репо операцияларының үлесі		Шығарылым валюталары бөлігінде репо кепіліндегі бағалы қағаздардың үлесі		
	KZT	USD	KZT	RUB	USD
2021	98.9%	1.1%	91.9%	0%	8%
2022	97.7%	2.3%	94.1%	1%	5%
2023	98.5%	1.5%	94.0%	1%	5%
2024	98.3%	1.7%	85.4%	0%	14%


Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ есептеулері

1.1.2 ВАЛЮТАЛЫҚ СВОП НАРЫҒЫ

2023 жылы USDKZT валюталық жұбы бойынша валюталық своп нарығында байқалған мәмілелердің едәуір көлемі сақталып қана қоймай, 2024 жылы да ұлғайды. Осылайша, 2024 жылы USDKZT валюталық своп нарығындағы мәмілелер көлемі 75.7 трлн теңгені құрады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 20.5%-ға артық.

2024 жылы USDKZT валюталық жұбы бойынша валюталық своп нарығындағы өтімділікті бөлуді нарықтық қатысушылар дербес жүзеге асырды. ҚРҰБ 2024 жылы өтімділікті алу жағына қатысуды тоқтатты. Бұл ретте нарықтық қатысушылардың своптар үшін пайыздық дәліздің жоғарғы шегі бойынша (ҚРҰБ базалық мөлшерлемесі плюс 3%) ҚРҰБ-тан өтімділікті алуына қарамастан, 2024 жылы ҚРҰБ-пен бірде-бір мәміле жасалған жоқ.

1.11-график USDKZT валюталық своп нарығының көлемі, млрд теңге



Дереккөзі: ҚҚБ



Валюталық своп нарығындағы мәмілелердің негізгі көлемі теңгені тарту жағында да, орналастыру жағында да екінші деңгейдегі банктерге тиесілі. 2024 жылы ЕДБ-ге теңгемен өтімділікті тарту жөніндегі мәмілелердің 85%-ы және теңгемен өтімділікті орналастыру жөніндегі мәмілелердің 99%-ы тиесілі болды. 2024 жылы теңгемен өтімділікті тарту жағында бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының үлесі едәуір өсті, олардың операциялар көлемі 2023 жылғы 6%-бен салыстырғанда 14%-ды құрады.

1.4-кесте Валюталық своп нарығындағы қатысушылардың үлестері


	Теңгені сатып алу					Теңгені сату				
	ҚРҰБ	БЖЗҚ	ЕДБ	Даму банктері	БҚНҚ	ҚРҰБ	БЖЗҚ	ЕДБ	Даму банктері	БҚНҚ
2021	25%	0%	70%	0%	6%	1%	0%	99%	0%	0%
2022	1%	0%	86%	0%	13%	19%	0%	65%	16%	0%
2023	0%	0%	93%	0%	6%	0%	0%	100%	0%	0%
2024	-	0%	82%	4%	14%	-	0%	99%	0%	1%

Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ есептеулері

2024 жылы өтімділікті тарту жағында шоғырланудың айтарлықтай төмендеуіне қарамастан, ол айтарлықтай жоғары болып қалды. Осылайша, 2023 жылғы желтоқсанда 65%-ды құрайтын теңге тарту жағындағы екі ірі қатысушының үлесі 2024 жыл ішінде біртіндеп төмендеп, 2024 жылғы желтоқсанда 45%-ды құрады. Бұл ретте келесі екі ірі қатысушының үлесі бір айда өскеніне қарамастан (2023 жылғы желтоқсанда 19%-дан бастап 2024 жылғы желтоқсанда 28%-ға дейін) төрт ірі қатысушының жалпы үлесі 2023 жылғы желтоқсанда 83%-дан бастап 2024 жылғы желтоқсанда 72%-ға дейін азайды. Тұтастай алғанда, шоғырланудың төмендеуі нарық үшін оң белгі ретінде қарастырылады және тәуекелдердің төмендеуін көрсетеді. Екінші жағынан, нарық көлемі бұрынғы деңгейде қалды, бұл басқа қатысушылар тарапынан доллар кепілімен теңгелік өтімділікке сұраныстың артқанын көрсетеді. Басқа қатысушылар тарапынан сұраныстың себебі қатысушының міндеттемелерінің долларлануының артуы не міндеттемелердің құрылымы сақталған кезде своптар нарығында, мысалы, репо нарығымен салыстырғанда неғұрлым тартымды жағдайлар болуы мүмкін.

Теңгелік өтімділікті орналастыру жағындағы шоғырлану деңгейі 2024 жыл бойы жоғары болып қалды. Айталық, екі ірі қатысушыға бір айда өтімділікті орналастыру бойынша операциялардың шамамен 51%-ы тиесілі болды, төрт ірі қатысушыға бір айда орташа алғанда шамамен 76%-ы тиесілі болды.


1.12-график USDKZT валюталық своп нарығындағы шоғырлану



Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ есептеулері

2023 жылдан бастап екі күндік своптар нарығының көлемі бір күндік валюталық своптар нарығының көлемінен асып түсті, 2024 жылы бұл үрдіс жалғасты. 2024 жылы екі күндік своптар мәмілелерінің үлесі 62%-ды, бір күндік валюталық своптар мәмілелерінің үлесі 37%-ды құрады.

1.13-график Мерзімдер бөлінісінде USDKZT валюталық своп нарығының көлемі




Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ есептеулері

Мерзімі бойынша мөлшерлеу кезінде екі күндік своптардың үлесі одан әрі өседі. Осылайша, своптардың мерзімін ескере отырып, валюталық своптар нарығындағы өтімділіктің 75%-ы екі күндік своптардың көмегімен бөлінді, ал бір күндік своптардың үлесі небәрі 23%-ды құрады, 2%-ы 90 күндік мерзіммен своптарға тиесілі болды.

USDKZT валюталық своп нарығындағы өтімділік құны репо нарығындағы құннан әлдеқайда төмен болды. 2024 жылы ҚРҰБ валюталық своп нарығындағы өтімділікті алу жағына қатысуды және тиісінше своптардың пайыздық дәлізінің төменгі шегін қолдауды тоқтатты. Нәтижесінде своптар нарығында айтарлықтай құбылмалылық болды және мөлшерлемелер осы нарық үшін тарихи ең төменгі мәнге дейін төмендеді (шілдеде мөлшерлемелер 5%-дан төмен түсті).

1.14-график Своптар нарығындағы мөлшерлемелер



Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ



1.1-БОКС. АКС ІСКЕ АСЫРУ ҚҰРАЛДАРЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

2024 жылы ҚРҰБ АКС іске асырудың тиімділігін арттыру мақсатында АКС құралдарына бірқатар өзгерістер енгізді. Осылайша, 2024 жылы АКС құралдары мынадай өзгерістерге ұшырайды:

АШЫҚ НАРЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

1. ҚРҰБ ноттары.

Бұрын қолданыста болған формат: Ноттардың шығарылымдары айына екі рет орналастырылады. ҚРҰБ сұранысты толық қанағаттандырды. ҚРҰБ өтімділігін алудың негізгі көлемі ноттарға келді.

Өзгерістер: 2024 жылы ағымдағы екі ноттың шығарылымы бірыңғай шығарылымға шоғырландырылды, ноттар айына 1 рет шығарыла бастады. Бұдан басқа, 2023 жылғы қазаннан бастап ҚРҰБ ноттар шығару көлемін біртіндеп қысқарта бастады, ал 2024 жылғы 1-тоқсанның соңына қарай айналыстағы ноттар көлемі 500 млрд теңгеге дейін шектелді.

2. Депозиттік аукцион.

Қолданыстағы формат: Депозиттік аукциондар валюталау күнімен күн сайын орналастырылады – Т+2. ҚРҰБ сұранысты толық қанағаттандырды, бұл ретте қысқа мерзімді ноттардың көлемі депозиттік аукциондардан едәуір асып түсті.

Өзгерістер: 2024 жылы депозиттік аукциондар өтімділікті алып қоюдың негізгі құралы болды. Қатысушылардың сұранысын қысқа мерзімді ноттардан депозиттік аукциондарға қайта бағыттау мақсатында, ҚРҰБ базалық мөлшерлемеге тең кесімді мөлшерлемесімен сұранысты толық қанағаттандыра бастады. Бұдан басқа, депозиттік аукциондар өтімділік ағындарын болжауды жеңілдету үшін Т+0 форматында өткізіле бастады.

ТҰРАҚТЫ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ОПЕРАЦИЯЛАРЫ

3. Репо операциялары

Қолданыстағы формат: 2024 жылға дейін ҚРҰБ репо нарығының негізгі сессиясына (11:30 – 17:00), сондай-ақ қосымша сессиясына (17:00 – 17:30) қатысты. ҚРҰБ базалық мөлшерлеменің төменгі шегі бойынша өтімділікті алып тастайды және базалық мөлшерлеменің жоғарғы шегі бойынша өтімділікті береді.

Өзгерістер: 2024 жылы репоның негізгі сессиясына қатысуды толығымен тоқтатты, ал ҚРҰБ қосымша сессиясына өтімділікті беру жағында ғана қатыса бастады. Қосымша сессияның уақыты кеңейтілді, ол сағат 15:00-ден бастап 17:30-ға дейін өткізіле бастады. Қосымша сессияға ЕДБ ғана жіберілгенін атап өткен жөн.

4. Валюталық своп операциялары.

Қолданыстағы формат: ҚРҰБ базалық мөлшерлеменің жоғарғы шегі + 1% ретінде айқындалған мөлшерлеме бойынша өтімділікті берді және $(R_{KZT} - R_{USD}) / (1 + R_{USD})$ ретінде есептелетін мөлшерлеме бойынша өтімділікті алып тастайды.

Өзгерістер: ҚРҰБ бұдан былай валюталық своп нарығындағы өтімділікті алып қоймайды, ал өтімділікті беру мына формула бойынша айқындалатын мөлшерлеме бойынша жүргізілетін болады: **Базалық мөлшерлеме + 2%.**

1.2 ВАЛЮТА НАРЫҒЫ

2024 жылдың соңында теңге-доллардың ресми айырбастау бағамы бір жылда 70,4 теңгеге немесе 15,5%-ға әлсіреп, 525,10 теңге/доллар болды. Ресми айырбастау бағамының ең жоғарғы мәні – 524,66 теңге/доллар, ең төменгі мәні 439,4 теңге/доллар болды. Бағамның бірінші жартыжылдықтың соңына қарай нығаюына қарамастан, III тоқсанда дамушы және дамыған елдердің валюталарына қатысты АҚШ долларының жаһандық индексінің нығаюы, импорттаушылардың шетел валютасына сұранысы артуы және ҚР-ның ірі сауда әріптесі ретінде Ресей рублі әлсіреуі аясында бағам әлсіреді. Еркін өзгермелі айырбастау бағамы жағдайында ұлттық валютаның айырбастау бағамы сыртқы макро күтпеген өзгерістер мен ішкі теңгерімсіздіктердің әсерінен қалыптасты. Теңгенің айырбастау бағамының артық құбылмалылығын реттеу үшін және 15-28 қараша аралығында шетел валютасының ұсынысын қамтамасыз ету мақсатында Ұлттық Банк (ҚРҰБ) 2024 жылғы қараша-желтоқсанда валюталық интервенциялар жүргізді. Олардың жалпы көлемі 1,4 млрд АҚШ долларын құрады.

2024 жылы Қазақстан қор биржасындағы (ҚҚБ) орташа бір күндік көлем 713 млн АҚШ долларынан астам ең жоғарғы мәнімен 221 млн АҚШ долларын құрады. ҚҚБ-дағы сауда-саттық көлемінің толық өсуі өңірде биржаның басым болуына қарай сауда-саттыққа қатысушылар санының өсуіне ішінара байланысты болды. 2023–2024 жылдар аралығындағы кезеңде биржалық спот-нарықта USD/KZT, RUB/KZT, EUR/KZT және CNY/KZT валюталық жұп үлестерінің арақатынасы АҚШ долларының толық басым болуымен сақталуда.

2021–2023 жылдар аралығында биржадан тыс нарықта барлық валюта бойынша көлемнің 13 466 млрд теңгеден 49 256 млрд теңгеге дейін 4 еседен аса өскені байқалады. Биржадан тыс сауда-саттық көлемі бойынша өсу үрдісіне қарамастан, 2023 жылмен салыстырғанда 2024 жылы төмендеу байқалды. Өткен кезеңнен 2024 жылы CNY/KZT жұбы бойынша 50 еседен астам барынша жоғары өсім орын алды.


1.2.1 ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАНЫҢ АЙЫРБАСТАУ БАҒАМЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ ЖӘНЕ ВАЛЮТА НАРЫҒЫ

2024 жылы, атап айтқанда екінші жартыжылдықта АҚШ долларының теңгеге қатысты бағамы 70,4 теңгеге немесе 15,5%-ға (желт/желт) (1.15a-график) әлсірегені байқалды. Сәуір-мамырда жекелеген кезеңде бағам 439 теңгеге дейін нығайды. Жылдық соңына қарай дамушы және дамыған нарықтардың валюталарына қатысты АҚШ долларының жаһандық нығаюы, импорттаушылардың шетел валютасына сұраныс ұлғаюы және ірі сауда әріптестің валютасы ретінде рубльдің әлсіреуі аясында бағам бір АҚШ доллары үшін 500 теңге белгісінен асты. Осы кезеңде бір АҚШ доллары үшін 524,66 теңге бір жылдағы ең жоғары мәнге қол жеткізілді.


Бір жыл ішінде мұнай бағасының ауытқуына қарамастан, USD/KZT бағамының динамикасы сауда әріптес елдің валютасы рубльмен өзара байланыста болды (1.15b-график). 2024 жылғы екінші жартыжылдықта USD/KZT айырбастау бағамы рубльден кейін әлсіреді. Бағамның құбылмалығы аясында ҚРҰБ 2024 жылғы 15-28 қараша аралығындағы кезеңде 1 047 млн АҚШ доллары және 2024 жылғы желтоқсанда 307,6 млн АҚШ доллары көлемінде валюталық интервенциялар жүргізді.

1.15-график 2024 жылдың екінші жартысында ұлттық валютаның АҚШ долларына қатысты бағамында Ресей рублінің бағамына ұқсас үрдіс болды

а) 2023–2024 жж., USD/KZT ұлттық валюта бағамы




б) 2024 жылғы USD/KZT және USD/RUB айырбастау бағамы





с) 2023–2024 жылдардағы айырбастау бағамдары және нақты тиімді айырбастау бағамы




Дереккөзі: ҚРҰБ есептеулері
Ескертпе: REER – нақты тиімді айырбастау бағамы. Валюта айырбастау бағамдары және REER индекстелген (қаңтар 2023 = 100).

Нақты тиімді айырбастау бағамы (НТАБ) 2024 жылдың екінші жартысында теңгенің негізгі сауда әріптестер елдердің валюталарына қатысты төмендеуі аясында әлсіреді (1.15с-график). Теңгенің айырбастау бағамының динамикасы және басқа валюталардың әсері әрбір сауда әріптес елдің тауар айналымындағы тиісті үлесімен түсіндіріледі. Осылайша, НТАБ-тың неғұрлым қалыпты динамикасын ескере отырып, 2024 жылы ұлттық валютаның айырбастау бағамы күтпеген өзгерістердің әсеріне ұшырап, валютаның салыстырмалы түрде сатып алу қабілеті сақталды.

2022–2024 жылдардағы үш жылдық кезеңді талдау кезінде 2022 жыл неғұрлым құбылмалы болып табылады. USD/KZT айырбастау бағамының динамикасын бағалай отырып, жыл ішінде ең үлкен құбылмалылық 2022 жылы, әсіресе ақпан-сәуір кезеңінде байқалды (1.16-график). Доллардың теңгеге қатысты айырбастау бағамының жоғары құбылмалылығы сыртқы геосаяси жағдаймен байланысты. 2022 жылғы қаңтар оқиғалары мен 2022 жылғы ақпанда басталған геосаяси қақтығыстың өршуі 2022 жылы Қазақстанның валюта нарығына әсер еткен негізгі күтпеген өзгерістер болды. ҚРҰБ 2022 жылдың бірінші жартысында интервенция жүргізді. 2022 жылы нетто-интервенцияның жалпы көлемі 1.4 млрд АҚШ долларын құрады.

1.16-график Негізінен сыртқы күтпеген өзгерістерге байланысты 2022 жыл ұлттық валютаның АҚШ долларына қатысты бағамы үшін неғұрлым құбылмалы кезең болды.


USDKZT орташа өлшемді апталық бағамы және 2020–2024 жылдардағы оның құбылмалылығы



Дереккөзі: ҚРҰБ есептеулері
Ескертпе: Стандартты ауытқу – орташа арифметикалық ауытқудан орташа квадраттық ауытқу. 4 апта ішінде өзгермелі стат. ауытқу пайдаланылды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан (ҚР ҰҚ) валютаны сату республикалық бюджетке трансферттер тарту шеңберінде жүргізілді, одан кепіл берілген және нысаналы трансферттер жиынтығы 2024 жылы 5,6 трлн теңгені құрады. ҚР ҰҚ-тан конвертациялау көлемі жалпы алғанда 2023 жылғымен салыстырғанда 2024 жылы 40%-ға ұлғайды (1.17-график). Конвертацияның жалпы көлемі 2024 жылы – 11,2 млрд АҚШ долларын, 2023 жылы 9,5 млрд АҚШ долларын құрады. Ұлттық қор «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ акцияларын 467,4 млрд теңге мөлшерінде сатып алуы аясында 2024 жылғы екінші жартыжылдықта валютаны сатудың көлемі едәуір ұлғайды. Бұл мәмілені жүзеге асыру үшін кейіннен сәйкес келтірумен Ұлттық Банктің алтын-валюта резервтеріне Ұлттық қордың валюталық активтерін сатып алу іске асырылды³.

1.17-график Ұлттық қордан валютаны сату және ҚРҰБ-тың нетто интервенцияларының көлемі, млн АҚШ доллары



Дереккөзі: ҚРҰБ сайты
Ескертпе: 2024 жылғы шілде-желтоқсанда ҚР ҰҚ-қа «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ акцияларын сатып алу үшін сатып алынған көлемді валюта нарығына сәйкес келтіру мақсатында ҚРҰБ алтын-валюта резервтерінен сату жүргізілді.

ҚРҰБ және оның клиенттерінің валютасын сату үлесі 2024 жылы сауда-саттықтың жалпы көлемінде 23% (2023 жылы – 26%) болды. ҚҚБ-дағы USD/KZT сауда-саттығының жалпы көлемі 2023 жылғы 37 млрд АҚШ долларымен салыстырғанда 2024 жылы 55 млрд АҚШ долларын құрады, яғни 49%-ға ұлғайды. 2024 жылғы шілде-желтоқсанда нарыққа қатысушылардың белсенділігі артуына, бюджетке трансферттерді конвертациялауға, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ акцияларын сатып алуға және валюталық интервенцияларға байланысты көлемінің айтарлықтай өскені байқалды. 2023 жылдың жоғарыда аталған кезеңінде Ұлттық Банк пен оның иеліктерінің сату көлемі 2023 жылдың ұқсас кезеңінен 26%-ға көп. Нетто-интервенциялардың жалпы көлемі 1,4 млрд АҚШ долларын құрады, онда сатып алынған көлемді валюта нарығына сәйкес келтіру мақсатында ҚРҰБ алтын-валюта резервтерінен сату қамтылды.


1.2.2 USD/KZT БИРЖА НАРЫҒЫ

2024 жылы орташа бір күндік көлем 221 миллион АҚШ долларын құрады, 2024 жылғы 28 қарашада ең жоғары мән 713 миллион АҚШ долларынан асты. Салыстыру үшін, 2023 жылы орташа бір күндік көлем 151 миллион доллар болып, ең жоғары мән 290 миллион доллардан асты. ҚҚБ-дағы сауда-саттық көлемінің толық өсуі өңірде биржаның өңірде басым болуына қарай сауда-саттыққа қатысушылардың саны өсуіне және Ресей Федерациясына санкциялық қысым артуына ішінара байланысты болды (1.18-график).

³https://nationalbank.kz/ru/news/informacionnye-soobshcheniya/16862




1.18-график ҚҚБ сауда-саттыққа белсенді қатысушылар саны және биржалық спот-нарықтағы сауда-саттық көлемі млн АҚШ долларымен



Дереккөзі: ҚҚБ

ҚҚБ-дағы сауда-саттыққа қатысушылар арасында екінші деңгейлі банктер (ЕДБ) негізгі қатысушылар болуда. ЕДБ 2024 жылы валютаны нетто-сатып алушылар болды, олар бұл үрдісті 2023 жылдан бері сақтап келеді. 2024 жылы сауда-саттықтың көлемі өсуімен қатар брокерлік ұйымдар сияқты басқа қатысушылардың үлесі де артты. Басқа қатысушылардың валютаны сатудағы үлесі 2023 жылы сияқты 2024 жылы да валютаны сатып алу үлесінен асып түсуде (1.19-график).

1.19-график USD/KZT сауда-саттық көлемі, млрд теңге және USD/KZT орташа өлшемді бағамы (+)сату/(-)сатып алу




Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ есептеулері

1.2.3 АШЫҚ ВАЛЮТАЛЫҚ ПОЗИЦИЯ

2022 жылғы 1-тоқсан – 2024 жылғы 4-тоқсан аралығындағы кезеңде баланстық ашық валюталық позицияны (АВП) талдау алшақтық қысқарса да талаптардың міндеттемелерден басым болып келетінін көрсетті (1.20-график). Есепті кезеңде баланстық АВП көрсеткіштерінің абсолютті мәндері АҚШ доллары бойынша көбінесе қысқа позицияны білдіреді. Жалпы, ұзаққа созылған баланстық қысқа АВП кейбір валюталық тәуекелдер болып көрсетуі мүмкін. Шетел валютасы бағамының нығаюы кезінде осы валютада номинирленген міндеттемелерді қайта бағалау міндеттемелердің ұлғаюына алып келеді. Баланстық және баланстан тыс бөліктердің өзгеруі бөлінісінде 2023 жылғы 1-тоқсанда мейлінше үлкен алшақтық байқалады.

1.20-график АҚШ доллары үшін екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталына валюталық позиция, %




Дереккөзі: ҚРҰБ есептеулері

АВП-ның баланстан тыс бөлігі есебінен қысқа баланстық АВП-ны хеджирлеу валюталық тәуекелдердің іске асуын реттейді. Талданатын кезеңде геосаяси тұрақсыздық пен валютаның құбылуы салдарынан кейбір банктер үшін жекелеген кезеңдерді қоспағанда, банктер бөлінісінде валюталық позиция лимиттері бұзылған жоқ.

2023 жылы айырбастау пункттерінің АҚШ доллары бойынша нетто-сатуының айлық көлемінің үлесі айына биржалық сауда-саттықтың жалпы көлемінің 90%-нан аспайды (1.21-график). Валюталар бөлінісінде нетто-операциялардың жалпы көлемі: АҚШ доллары – 1896 млрд теңге, еуро – 207 млрд теңге, рубль – (-)9 млрд теңге болды. 2023 жылы жоғарыда аталған валюталар бойынша рубль мен еуро валюта жұбы үшін нетто-операциялар төмендегені байқалды. Рубль-теңге валюталық жұптың ең жоғары құлдырағаны байқалды, ол өңірдегі геосаяси күтпеген өзгеріс аясында Қазақстанға қолма-қол рубльді әкелуден өткен жылы осы валюталық жұпты сату көлемі артуына байланысты болды.

1.21-график Айырбастау пункттерінің шетел валютасын нетто сатып алу(-)/сату(+), млрд теңге




Дереккөзі: ҚРҰБ есептеулері

USD/KZT валюталық жұбымен сауда-саттықтың биржалық спот-нарығы нашар әртараптандырылған (1.22-график). Мәмілелер көлемінде басым үлес сатып алушылар тарапынан сияқты сатушылар тарапынан да нарықтың үздік 5 қатысушысына тесілі. Шетел валютасына сұраныс пен ұсыныс сәйкес келіп, жыл бойы көлемі салыстырмалы түрде біркелкі бөлінді.



1.22-график USD/KZT валюталық жұбымен сауда-саттық нарығына қатысушылардың шоғырлануы, (+) сату/(-) сатып алу



Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ есептеулері

2022–2023 жылдар аралығындағы кезеңде биржалық спот-нарықта USD/KZT, RUB/KZT, EUR/KZT және CNY/KZT валюталық жұптар үлесінің арақатынасы АҚШ долларының толық басымдығымен сақталуда (1-кесте). АҚШ долларының үлесі 2023 жылмен салыстырғанда RUB/KZT және CNY/KZT сияқты басқа валюталардың үлесі бірауқытта өсуінен шамалы төмендеді. 2024 жылы рубль мен юаньның үлесі ұлғаяуы геосаяси қақтығысқа, одан кейінгі Ресей Федерациясына қатысты санкцияларға байланысты.


1.5-кесте Биржалық валюта нарығында сауда-саттық көлеміндегі валюталардың үлесі

	USD	RUB	EUR	CNY
2023	84%	9%	6%	1%
2024	82%	13%	3%	2%

Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ есептеулері

Валюталық жұптар бөлінісінде биржа нарығында 2023–2024 жылдардағы айлар бойынша динамикада USD/KZT валюталық жұбының басымдығы сақталуда. RUB/KZT пен CNY/KZT жұптарында елеулі динамика байқалды. RUB/KZT жұбының үлесі 2023 жылғы 9% орташа айлық мәнінен 2024 жылы 12%-ға дейін өсті. 2024 жылы тамыз бен желтоқсанда RUB/KZT үлесі мәндерінің ең жоғары шегі байқалды, бұл РФ-дағы геосаяси жағдайға байланысты болды (1.23-график). 2023 жылы RUB/KZT үлесінің динамикасы желтоқсандағы 17% ең жоғары мәнімен бірқалыпты болды (1.23-график). CNY/KZT жұбының төмен үлесінің мәндрері сақталуда, бірақ 2024 жылы маусым-қыркүйек айларында 2% ең жоғары үлесі байқалды.

1.23-график 2022–2023 жылдардағы биржалық валюта нарығы, %




Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ есептеулері

1.24 АПТЫН-ВАЛЮТА РЕЗЕРВТЕРІ


2024 жылы ҚРҰБ ЕАВ-дағы активтер 34%-ға өсіп, жыл соңында 22 млрд АҚШ долларын құрады (1.24-график). Алтын-валюта резервтердегі (АВР) ЕАВ-дағы активтер үлесі 46%-дан 48%-ға дейін ұлғайды. Резервтердің өтімділігін арттыру шеңберінде алтынды сыртқы нарықта сатуға байланысты АВР-де алтынның үлесі (54%-дан 52%-ға дейін) төмендеуі портфельді шоғырландыруды арттырды (1.25-график).

1.24-график ҚРҰБ алтын-валюта резервтері, млрд АҚШ доллары



Дереккөзі: ҚРҰБ есептеулері


1.25-график Алтын қорлары және оны қайта бағалау, млрд АҚШ доллары



1.25 БИРЖАДАН ТЫС НАРЫҚ

2021–2024 жылдар аралығында биржадан тыс нарықта барлық валюта бойынша көлем 13 466 млрд теңгеден 49 256 млрд теңгеге дейін 4 еседен астам өскені байқалады. Биржалық нарыққа ұқсас валюталар бойынша USD/KZT жұбының басым болуы сақталуда (1.26-график). Биржа және биржадан тыс нарықтарда юаньге сұранысты ұлғайтқан геосаяси күтпеген өзгерістерге және Ресейдің «Газпромбанкіне» санкциялар енгізілуіне қарай биржадан тыс нарықта валюталық жұптардың арақатынасы өзгерді. CNY/KZT жұбы бойынша көлем 2024 жылы 410 млрд теңге болып, біршама көлемді көрсетті, ол өткен жылғы кезеңдегіден 50 есе көп.

1.26-график Биржадан тыс нарықтағы сауда-саттық көлемі, млрд теңге




Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ есептеулері



Банктердің хеджирлеу қызметі оншорлық сияқты оффшорлық валюта нарықтарына да әсер етеді. Мәселен, теңгенің долларға қатысты айырбастау бағамының орша алғанда бір күнде шамамен 31 млн АҚШ долларын құрап, бейрезиденттердің сатып алуының жоғары көлемімен қатарласып, 2024 жылдың ортасынан бастап әлсіреп, жалпы алғанда тұрақты динамикасын сақталды (1.27-график).

1.27-график 2024 жылғы NDF нарығындағы сауда-саттық көлемі, млн теңге



Дереккөзі: Bloomberg, Refinitiv

Ескертпе: 3 ай үшін NDF мөлшерлемелері пайдаланылды. Жеткізілімсіз форвардтық келісімшарт биржадан тыс құрал болып табылады, оның шеңберінде екі контрагент болашақта валюта бағамдары арасындағы айырманы жеткізу туралы уағдаласады. Мұндай схема кезінде есептеу тәуекелі уағдаластық күні мен валютаны жеткізу күні арасындағы кезеңде туындауы мүмкін бағамдық айырма тәуекелінің мөлшеріне дейін барынша азайтылады. Көрсетілген айырма АҚШ долларымен есептеледі және төленеді. Есептеу форвардтарының көпшілігі екінші (базалық) валюта ретінде АҚШ долларын қамтиды. 1 айдан 1 жылға дейінгі мерзімі бар келісімшарттар барынша жиі пайдаланылады.

1.3 ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫ

2024 жылы халықтың нақты табысы өсуі қалпына келгені байқалды, ол 2024 жылы 3,7%-ды құрады. Қорлар коэффициентінің ұлғаюын ескере отырып, халықтың нақты табысының өсуі көбінесе халықтың неғұрлым қамтамасыз етілген топтарында орын алды. Үй шаруашылықтарының ақшалай кірісінің өсу қарқыны ақшалай шығысы өсу қарқынынан асып түсті. Бұл факт халықтың жинақтауға бейімділігі айтарлықтай өсуіне ықпал етті, оған халықтың жинақ жасауын ынталандыру және инфляциялық қысымды төмендету бойынша ҚРҰБ-тың тежеуші монетарлық саясаты да ықпал етті.

Халықтың жинақтауға бейімділігі өсуіне қарамастан, борыштық жүктемесінің өсуі жалғасуда, бұл 2024 жыл ішінде тұрақты жоғары деңгейде тұтынушылық сұранысты қолдады. Кірістің сыртқы факторларға жоғары тәуелділігі, сондай-ақ фискалдық ынталандыру жағдайында тәуекелдер елеулі болып қалады.

2024 жыл ішінде инфляциялық қысымның төмендеуі жалғасуына қарай халықтың нақты табысы қалпына келіп, 2024 жылғы 4-тоқсанда ж/ж 4,4%-ға өсті. Табыстың құрылымында елеулі өзгерістер байқалған жоқ. Мәселен, жалдамалы жұмыстан түскен табыс үлесі жыл бойы өзгерген жоқ, шамамен 65% деңгейінде қалды. Табыстың құрылымында әлеуметтік трансферттердің үлесі жыл соңына қарай 20,7%-ға дейін төмендеуі жалғасты. Бұдан басқа, жыл ішінде басқа табыстың үлесі 1,2%-ға ұлғайғаны байқалды.

1.28-график Халықтың нақты ақшалай табысының өсуі 2024 жылдың соңында 4,4%-ды құрады

Ақшалай табыс құрылымы



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, Ұлттық Банктің есептеулері

Ескертпе: «Басқа кіріс» санатында меншіктен, тұрғын үйді жалға беруден алынған табыс, банктердегі салымдар (депозиттер) бойынша пайыз, лотереялар бойынша ұтыстар, мұра және т.б. қамтылады. «Басқа да кіріс» санатында материалдық көмек, салықтар, төлемдер және басқа да төлемдер қамтылады.

2024 жылғы номиналды атаулы ақшалай кіріс 12,8%-ға өсті. Өткен жылдың тиісті кезеңдерімен салыстырғанда ең көп өсуді жалдау бойынша жұмыстан түскен кіріс көрсетті, олар бір жылда 14,4%-ға өсті. Өз бетінше жұмыспен қамтылудан түсетін табыс 8,8% барынша орташа қарқынмен өсті. Жыл басында әлеуметтік трансферттердің өсу қарқыны артқаны байқалды, ол 2024 жылдың 1 және 2-тоқсандарында өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 10,3% және 12,1%-ға өсті.

2024 жылы азық-түлікке жатпайтын шығыстың үлесі өткен жылмен салыстырғанда 3,3%-ға төмендеді, ал ақылы көрсетілетін қызметтердің үлесі 3,6%-ға өсті. Азық-түлік тауарларына арналған шығыстың үлесі өткен кезеңдермен салыстырғанда айтарлықтай өзгермей, 50,1%-ды құрайды.


2024 жылы номиналды тұтыну шығысы 7,6%-ға өсті, бұл ақылы көрсетілетін қызметтерге, салыққа және басқа да міндетті төлемдер мен туыстарға, таныстарға материалдық көмекке арналған шығыс және алименттер ұлғаюына байланысты болды. Азық-түлікке жатпайтын шығыс 2023 жылмен салыстырғанда 4%-ға артты. Ақылы көрсетілетін қызметтерге арналған шығыс 2023 жылғы тиісті тоқсанмен салыстырғанда 16,5%-ға ұлғайып, 4-тоқсанда ең көп өсті, ал жалпы бір жылда 11,6%-ға өсті. Бұл динамика көбінесе ТКШ-дағы реформаларға негізделген. 2024 жылы азық-түлік шығысының номиналды өсімі 6,1%-ды құрады.

2024 жылы халықтың нақты табысы 3,7%-ға өсті. Қорлар коэффициенті ұлғайғанын ескере отырып, халықтың нақты табысының өсуі көбінесе халықтың неғұрлым көп қамтамасыз етілген топтарында орын алды. Қорлардың коэффициенті халық табысының теңсіздігі көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Бұл көрсеткіш неғұрлым қамтамасыз етілген халықтың 10%-ның ақшалай табысының орташа көлемінің неғұрлым аз қамтамасыз етілген халықтың 10%-ның табысына арақатынасы ретінде қарастырылады. Бұл коэффициент айтарлықтай тұрақты болды, алайда 2024 жылы оның 6,4 көрсеткішіне дейін едәуір ұлғаюы байқалды, бұл әлеуметтік теңсіздік өскенін білдіруі мүмкін.



1.29-график Халықтың табысын саралау деңгейі ұлғаюда

Қорлар коэффициенті және халықтың нақты табысы



Тұтыну шығысындағы үй шаруашылықтарының азық-түлік шығысының үлесі



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Ескертпе: Қорлардың коэффициенті неғұрлым қамтамасыз етілген халықтың 10%-ның ақшалай кірісінің орташа көлемінің неғұрлым аз қамтамасыз етілген халықтың 10%-ның кірісіне арақатынасы ретінде есептеледі.

Табыс бойынша децильдер бөлінісінде үй шаруашылықтары шығысының құрылымын қарастыру кезінде табысы ең төмен үй шаруашылықтары азық-түлік инфляцияның деңгейіне неғұрлым тәуелді болып табылады. 2024 жылы олар орташа есеппен өздерінің тұтыну қоржынының 62%-ын азық-түлік тауарларына жұмсады, 2024 жылғы 2-тоқсанда ең жоғары мәні 64% болды. Осылайша, азаматтардың осы санаты қолайсыз макроэкономикалық жағдайларда қаржылық жағдайы нашарлауына неғұрлым бейім. Табысы ең жоғары халық санатында осы көрсеткіштің жақсарғанын да атап өткен жөн. Мәселен, 2020 жылы азаматтардың осы санаты азық-түлік қажеттіліктеріне 55%-ға дейін жұмсаған, алайда кейінгі 4 жылда бұл көрсеткіш 49%-ға дейін төмендеді.


2023 жылдан бастап халықтың ақшалай табысының өсу қарқыны ҚР ҰСБ деректеріне сәйкес үй шаруашылықтарының ақшалай шығысының өсу қарқынынан асып түсті. Мәселен, халықтың жинақтау бейімділігінің есептік көрсеткіші 2023 жылғы 13%-дан 2024 жылы 19%-ға дейін едәуір өсті.

1.30-график Халықтың борыштық жүктемесі өскен кезде халықтың жинақтау бейімділігі артады

Халықтың жинақтауға бейімділігі және үй шаруашылықтарының борыштық жүктемесі



Бір қарыз алушыға арналған қарыздың орташа сомасының, номиналды ЖА және халық табысының жинақталған индексі



Дереккөзі: Ұлттық Банктің есептеулері, ҚР СЖРА ҰСБ, Кредиттік тіркелім

Ескертпе: Табысы ең аз үй шаруашылықтары – 1-децильге жататын үй шаруашылықтары. Табысы неғұрлым жоғары үй шаруашылықтары – 10-децильге жататын үй шаруашылықтары.

Жинақтауға бейімділік (α) мынадай есептеледі: $\alpha = 1 - \beta / \gamma$, мұнда:

β – үй шаруашылықтарының тұтыну шығысы

γ – үй шаруашылықтарының қолда бар табысы, яғни салықтарды, айыппұлдарды, міндетті төлемдерді және туыстарына материалдық көмекті шегергендегі табыс.

Халықтың жинақтауға бейімділігі біршама өсуіне қарамастан, бір мезгілде халықтың борыштық жүктемесі де едәуір өскені байқалады. 2023 жылдың ортасынан бастап орташа қарыздың өсу қарқыны номиналды жалақы мен номиналды табыстың өсу көрсеткіштерінен асып түсті. Бұл үрдіс болашақ кезеңдерге арналған шығысты қарыз есебінен қайта бөлу мүмкіндігіне негізделген, бұл табыстың шамалы үлесін жинақтарға жіберуге мүмкіндік береді. Алайда, халықтың нақты табысы тұрақты өспей бұл үрдіс күтпеген өзгерістер орын алған кезінде халықтың салымдары әлеуетті әкетілуі бөлігінде тәуекелдерге алып келетінін атап өткен жөн.

Осылайша, ынталандырушы фискалдық саясатпен қатар халықтың борыштық жүктемесінің өсуі экономикада тұтынушылық сұраныстың тұрақты жоғары деңгейде болуына ықпал етті. Мәселен, үй шаруашылықтарын түпкілікті тұтынуы 2024 жылдың соңына қарай айтарлықтай жеделдей отырып, экономика өсуінің негізгі қозғалтқышы болуда.



1.31-график Тұтынушылық сұраныс экономика өсуінің негізгі драйвері болып қалуда


Жиынтық сұраныс компонентінің ЖІӨ-нің нақты өсуіне үлесі



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, Ұлттық Банктің есептеулері

Бұл үрдіс 2024 жылғы 4-тоқсанда ең төменгі 7.1%-ға дейінгі мәнге төмендеген жанама жұмыссыздық динамикасында да көрініс табады. Мәселен, 2024 жылдың соңына қарай ХЕҰ әдіснамасы бойынша айқындалатын жұмыссыздар саны соңғы 10 жылда ең төменгі мәнге жете отырып, 448.3 мың адамды немесе 4.6%-ды құрады.

1.32-график Жұмыссыздық деңгейін төмендету үрдісі жалғасуда



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Ескертпе: Жанама жұмыссыздық деңгейіне жұмыссыз халық, экономикалық тұрғыдан белсенді емес халықтың бір бөлігі, уақытша жұмыспен қамтылмағандардың бір бөлігі және мәжбүрлі толық емес жұмыспен қамтылғандар кіреді.

Халықтың нақты табысы өсуіне қарамастан, олардың деңгейі едәуір дәрежеде сыртқы факторларға, атап айтқанда мұнай бағасына, сондай-ақ фискалдық ынталандыруға тәуелді болуда. Жан басына шаққандағы жалпы ұлттық табыстың өсуінен 2001–2023 жылдар аралығындағы кезеңде ЖІӨ-ге қатысты республикалық бюджеттің салық түсімдері төмендеді. Негізгі алшақтық әлемдік қаржы дағдарысынан кейін және 2007–2009 жылдар аралығында салық мөлшерлемелері біртіндеп төмендегеннен кейін орын алды.

1.33-график Мұнай бағасы мен бюджет шығысының жоғары деңгейі жалпы ұлттық табыс өсуінің негізгі қозғалтқыш күші болуда


ЖҰТ жан басына шаққандағы өсуі және мұнай бағасы



Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ, World Bank, ҚР ҚМ, Ұлттық Банктің есептеулері

Ескертпе: Оң жақтағы графиктегі боялмаған орындар мұнай бағасы бір барреліне 80 АҚШ долларынан жоғары болған кезеңдерге сәйкес келеді.

ЖІӨ-ге және жан басына шаққандағы ЖҰТ-қа қатысты РБ шығысы мен салықтық түсімдері %-бен



Салық жүктемесінің төмендеуі бюджет шығысының салыстырмалы түрде өзгермейтін деңгейі кезінде салық түсімдері өсуіне ықпал еткен жоқ. Республикалық бюджет шығысының жоғары деңгейі және мұнайдың әлемдік бағасының жоғары деңгейі жан басына шаққандағы жалпы ұлттық кіріс өсуінің негізгі қозғалтқыш күші болды. Осылайша, халықтың табысы сыртқы факторларға және фискалдық ынталандыруға жоғары тәуелділік жағдайында күтпеген өзгерістердің басталуы ішкі сұранысқа және халықтың борышқа қызмет көрсету қабілетіне теріс әсер етуі мүмкін.

1.4 ФИСКАЛДЫҚ САЯСАТ


2024 жылы мемлекеттік бюджеттің салықтық түсімдері болжамды деңгейден едәуір төмен қалыптасты, бұл Ұлттық қордан қосымша қаражат алуды талап етті. Республикалық бюджеттің мұнайға қатысты емес түсімдері орташа тарихи деңгейде қалыптасты. Алайда, салықтық түсімдер бойынша болжам және, салдары ретінде, бюджет шығысы бойынша жоспар бастапқыда тым оптимистік болды. 2024 жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік бюджеттің салықтық түсімдері мен шығысы жоспарлы мәннен тиісінше 2 005 млрд теңгеге және 121,8 млрд теңгеге төмен қалыптасты. Ұлттық қордың валюталық активтерін алу ұлғаюының салдарынан үкіметтің таза қаржылық активтері ЖІӨ-ге қатысты 3 трлн теңгеге немесе 2.2%-ға жетіп, қысқарды.

2024 жылдың қорытындысы бойынша республикалық бюджет тапшылығы 3.6 трлн теңгені немесе ЖІӨ-ге қатысты 2.7%-ды құрады. 2023 жылмен салыстырғанда номиналды көлемде 17%-ға ұлғайды. ҚР ҰҚ валюталық активтерін қосымша пайдалануды ескере отырып, республикалық бюджеттің мұнайға қатысты емес тапшылығы 2023 жылғымен салыстырғанда 1.3 трлн теңгеге ұлғайып, 2024 жылы 11.5 трлн теңгені немесе ЖІӨ-нің 8.5%-ын құрады. Қосымша қаражат пайдалануды қоспағанда, мұнайға қатысты емес тапшылық 10.8 трлн теңгені немесе ЖІӨ-ге қатысты 8%-ды құрады, бұл Мемлекеттік қаржыны 2030 жылға дейін басқару тұжырымдамасына сәйкес ЖІӨ-ге қатысты 6.1%-ды құраған 2024 жылға арналған шекті мәндерден едәуір жоғары.



1.34-график Мұнайға қатысты емес тапшылық жоғары болып қалуда

Республикалық бюджеттің тапшылығы ЖІӨ-ге қатысты %-бен



Дереккөзі: ҚР Қаржымині, ҚР ҰСБ, Дүниежүзілік банк, Ұлттық Банктің есептеулері

Ескертпе: *мұнайға қатысты емес тапшылық квазимемлекеттік сектордың акциялары мен облигацияларын сатып алу ретінде ҚР ҰҚ валюталық активтерін қосымша пайдалануды қоса отырып есептелді;


**РБ шоғырландырылған тапшылығы ҚР ҰҚ-тан түсетін трансферттерді шегеріп, ҚР ҰҚ-қа мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қосып ресми тапшылық ретінде есептелді.

1.4.1 МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТТІҢ ТҮСІМДЕРІ

2024 жылы мемлекеттік бюджет түсімдері 2023 жылмен салыстырғанда 9%-ға ұлғайып, 27,5 трлн теңгені құрады. Мемлекеттік бюджет түсімдері өсуіне ҚР ҰҚ-тан түсетін трансферттер барынша үлес қосты, олар өткен жылмен салыстырғанда 40%-ға ұлғайып, 2024 жылы 5,6 трлн теңгені құрады. Нысаналы трансферттер 2024 жылы салық түсімдері орындалмауына байланысты бекітілген 1,6 трлн теңгеден 3,6 трлн теңгеге дейін ұлғайтылды. 2024 жылы ҚР ҰҚ «Самұрық-Қазына» АҚ-тан 467,4 млрд теңге сомада «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың акцияларын да сатып алғанын атап өткен жөн, одан түскен қаражат дивидендтер арқылы республикалық бюджетке жіберілді.

1.35-график Мемлекеттік бюджеттің салықтық түсімдерінің үлесі төмендеді

Мемлекеттік бюджет түсімдері, трлн теңге



Дереккөзі: ҚР Қаржымині

Мемлекеттік бюджетке салық түсімдері 2023 жылмен салыстырғанда 4,2%-ға ұлғайып, 2024 жылы 19,7 трлн теңгені құрады. Алайда, 2024 жылы РБ КТС бойынша түсімдер 6%-ға төмендеп, 3 653,2 млрд теңгені құрады, ал ҚҚС бойынша түсімдер 9%-ға төмендеп, 5 179,4 млрд теңгені құрады. Жергілікті

бюджеттің ЖТС – 2,4% немесе 460 млрд теңге, ЖБ КТС – 2,1% немесе 404 млрд теңге, әлеуметтік салық 260 млрд теңге немесе 1,4% болған түсімдері салық түсімдерінің өсуіне ең көп үлес қосты.

1.6-кесте Мемлекеттік бюджеттің салықтық түсімдері

	2022		2023		2024	
	млрд теңге	% ж/ж	млрд теңге	% ж/ж	млрд теңге	% ж/ж
ҚҚС	4 226,4	50,5%	5 674,1	34,3%	5 179,4	-8,7%
РБ КТС	2 920,8	39,4%	3 889,6	33,2%	3 653,2	-6,1%
ЖТС	1 499,7	32,2%	1 992,4	32,9%	2 451,6	23,1%
ЭКБ	1 621,4	58,5%	1 643,1	1,3%	1 598,4	-2,7%
Әлеуметтік салық	1 035,1	23,0%	1 321,3	27,6%	1 579,3	19,5%
ШБ КТС	1 041,7	42,2%	1 156,1	11,0%	1 560,1	34,9%
Табиғи ресурстар*	728,6	15,8%	1 066,3	46,3%	1 247,3	17,0%
Басқалары	557,1	-2,5%	840,1	50,8%	884,6	5,3%
Акциздер	757,3	61,6%	840,2	11,0%	844,9	0,6%
Меншікке салық	455,3	8,2%	489,0	7,4%	701,6	43,5%
Барлығы	14 843,3	38,4%	18 912,2	27,4%	19 700,5	4,2%


Дереккөзі: ҚР ҚМ

Ескертпе: *Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсімдер

РБ КТС және бекітілген бюджеті бар ҚҚС бойынша жиынтық орындалмау сомасы шамамен 3,3 трлн теңгені құрады. Жергілікті бюджеттің салықтық түсімдері асыра орындалуын ескере отырып, мемлекеттік бюджеттің салықтық түсімдерінің жалпы орындалмауы шамамен 2 трлн теңгені құрады.

1.36-график РБ КТС және ҚҚС бойынша түсімдер жоспарлы мәннен едәуір төмен қалыптасты

2024 жылы мемлекеттік бюджеттің салық түсімдерінің атқарылуы, трлн теңге




Дереккөзі: ҚР Қаржымині

ЖІӨ-ге қатысты РБ КТС және ҚҚС бойынша түсімдер 2024 жылы жоғары тарихи мәндер деңгейінде қалыптасты. 2024 жылға арналған түсімдердің болжамды деңгейі РБ КТС бойынша алдыңғы 3 жылдағы орташа мәні 2,9% және 4,1%-ды болған кезде ЖІӨ-ге қатысты 3,6%-ды, ал ҚҚС бойынша ЖІӨ-ге қатысты 5,4%-ды құрады. Осылайша, салық түсімдері және, соның салдары ретінде, республикалық бюджеттің шығысы бойынша бастапқы жоспар аса оптимистік болды, бұл кейіннен Ұлттық қордан валюта алуды ұлғайту қажеттілігіне алып келді.




1.37-график ЖІӨ-ге қатысты РБ КТС және ҚҚС бойынша түсімдер 2024 жылы жоғары мәндердің траекториясына қайта оралды

ЖІӨ-ге қатысты РБ КТС %



ЖІӨ-ге қатысты ҚҚС %




Дереккөзі: ҚР Қаржымині, Ұлттық Банктің есептеулері

2024 жылы республикалық бюджеттің мұнайға қатысты емес түсімдері төмендеуіне қарамастан, олардың деңгейі 12,7 трлн теңгені немесе ЖІӨ-ге қатысты 9,4%-ды құрады, бұл соңғы 10 жылдағы ЖІӨ-ге қатысты 9,3%-ды құраған орташа мәннен жоғары.

Бюджет шығысының өсу қарқынын шектеу бойынша бюджет қағидалары 2023 жылы республикалық бюджетті нақтылау кезінде қолданылмағанын атап өткен жөн. Мәселен, 2023 жылы республикалық бюджет шығысы республикалық бюджетті нақтылау кезінде 22,5 трлн теңгеге дейін ұлғайтылды, бұл шығыстың өсу қарқынын шектеу бойынша бюджет қағидаларына сәйкес шекті мәннен 1,7 трлн теңгеге жоғары. Бұл одан әрі кейінгі жылдары шекті мәндердің өсуіне әсер етті. Мәселен, республикалық бюджеттің шығысы мен кірісі арасындағы алшақтық елеулі болуда.


1.38-график Республикалық бюджеттің шығысы мен кірісі арасындағы алшақтық елеулі болып қалуда

Республикалық бюджеттің шығысы мен түсімі, ЖІӨ-ге %-бен



..... РБ мұнайға қатысты емес түсімдер
 — РБ шығысы
 - - - Мұнайға қатысты емес түсімдерді қоса, РБ түсімдер

ҚР ҰҚ-тан трансферттер және ҚР ҰҚ-қа салық түсімдері, ЖІӨ-ге %-бен



..... ҚР ҰҚ мұнай түсімдер
 — ҚР ҰҚ трансферттер

Дереккөзі: ҚР Қаржымині, ҚР ҰСБ, Ұлттық Банктің есептеулері

Ескертпе: Мұнай түсімдерін ескере отырып РБ түсімдері ҚР ҰҚ-тан түсетін трансферттерді шегеріп, мұнай секторы ұйымдарынан түсімдерді қосып, РБ-ға түсімдер ретінде есептеледі. Мұнайға қатысты емес түсімдер ҚР ҰҚ-тан трансферттерді және ЭСА шегеріп, ресми түсімдер ретінде есептеледі. 2009 жылы КТС мөлшерлемесі 30%-дан 20%-ға дейін төмендетілді. ҚҚС мөлшерлемесі 2007 жылдан 2009 жылға дейін біртіндеп 14%-дан 12%-ға дейін төмендетілді.

Мұнай секторы ұйымдарынан ҚР ҰҚ-қа салықтық түсім 2023 жылы мұнайдың әлемдік бағасы орта есеппен бір баррелі үшін 82,6 АҚШ долларынан 2024 жылы орта есеппен 80,7 АҚШ долларына дейін төмендеуіне байланысты, 2023 жылғымен салыстырғанда 16,2%-ға төмендеп, 3,8 трлн теңгені немесе ЖІӨ-ге қатысты 2,8%-ды құрады. ҚР ҰҚ-қа таза түсім теріс болып – 1,7 трлн теңгені құрады. ҚР ҰҚ валюталық активтері 2023 жылдың қорытындысы бойынша 60 млрд АҚШ долларынан 2%-ға төмендеп, 2024 жылдың қорытындысы бойынша жылына 58,8 млрд АҚШ долларын құрады. 2024 жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық қордың активтерін басқарудан түскен кіріс 4,5 млрд долларды немесе бір жылда 7,5%-дан астам болды.

1.4.2 МЕМЛЕКЕТТІК БЮДЖЕТ ШЫҒЫСЫ

Мемлекеттік бюджет шығысы 2023 жылмен салыстырғанда 11%-ға ұлғайып, 2024 жылы 31 трлн теңгені немесе ЖІӨ-нің 23%-ын құрады. Мемлекеттік бюджет шығысының өсуіне білім беруге, әлеуметтік көмекке, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа және көлік пен коммуникацияға арналған шығыс айтарлықтай үлес қосты. Мемлекеттік бюджет шығысының жартысына жуығын білім беруге, әлеуметтік қамсыздандыруға және денсаулық сақтауға арналған шығыс құрайды.

1.39-график Мемлекеттік бюджет шығысының шамамен жартысын білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру және денсаулық сақтау құрайды

Бағыттар бойынша мемлекеттік бюджет шығысы, трлн теңге



Дереккөзі: ҚР Қаржымині

Ескертпе: Республикалық бюджет шығысы санаттарының толық атаулары:

*Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі

**Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар әлемін қорғау, жер қатынастары

***Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі

Бюджеттің салық түсімдерінің орындалмауы аясында мемлекеттік бюджеттің шығысы жоспарлы мәннен айтарлықтай төмен: бекітілген жоспардан 121,8 млрд теңгеге төмен, нақтыланған жоспардан 2 412,3 млрд теңгеге төмен және түзетілген жоспардан 750,6 млрд теңгеге төмен қалыптасты. Қысқару байқалған негізгі бағыттар білім беру, әлеуметтік көмек және қамсыздандыру, денсаулық сақтау және «басқалар» санатындағы шығыс болды. Бұл ретте, жыл соңында бос бюджет қаражатының мөлшері 1 663,9 млрд теңгені құрады, ол негізінен жергілікті бюджеттерде болды. Осылайша, 2024 жыл бюджетаралық қатынастарды оңтайландыру, сондай-ақ бюджетті жоспарлау мен болжау сапасын арттыру қажеттігін айқын көрсетті.



1.40-график Мемлекеттік бюджеттің шығысы жоспардан төмен қалыптасты

2024 жылғы бағыттар бойынша мемлекеттік бюджет шығысын атқару, трлн теңге




Дереккөзі: ҚР Қаржымині

Соңғы жылдары мемлекеттік бюджеттің күрделі шығысының айтарлықтай өсуі байқалады, ол 2024 жылы 5.4 трлн теңгені немесе ЖІӨ-ге қатысты 4%-ды құрады. Мемлекеттік бюджеттің күрделі шығысының үлесі 2024 жылы 17,5%-ға дейін өсті, бұл соңғы 10 жылдағы ең үлкен мәні болып табылады. Бұл ретте, мемлекеттік бюджет шығысының негізгі үлесі ағымдағы шығыс болды, олар 2024 жылы 24,7 трлн теңгені немесе ЖІӨ-нің 18,2%-ын құрады. Осылайша, соңғы 10 жылда мемлекеттік бюджеттің ағымдағы шығысының үлесі шамамен 80%-ды құрады.

1.41-график Мемлекеттік бюджеттің күрделі шығысының үлесі 17,5%-ға дейін өсті, бұл соңғы 10 жылдағы ең үлкен мәні болып табылады

Экономикалық жіктеуіштегі мемлекеттік бюджет шығысы, ЖІӨ-ге %-бен




Дереккөзі: ҚР Қаржымині, ҚР ҰСБ, Ұлттық Банктің есептеулері

1.4.3 ТАЗА ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

2024 жылдың қорытындысы бойынша Үкіметтің қарызы 30 трлн теңгені немесе ЖІӨ-нің 22,4%-ын құрады. Үкіметтік борыш динамикасы ЖІӨ-ге қатысты тұрақты күйінде қалып отыр, алайда республикалық бюджетке түсетін борыштық жүктеме айтарлықтай өсті. Үкіметтік борышқа қызмет көрсету шығысы 2023 жылмен салыстырғанда 20,6%-ға ұлғайып, 2024 жылы 2,2 трлн теңгені құрады.

1.42-график Үкіметтік борыш ЖІӨ-ге қатысты тұрақты күйінде қалып отыр, алайда бюджетке борыштық жүктеме айтарлықтай өсті

Үкіметтік борыш, трлн теңге



Үкіметтік борышқа қызмет көрсету, трлн теңге




Дереккөзі: ҚР Қаржымині, ҚР ҰСБ, Ұлттық Банктің есептеулері

Осылайша, үкіметтік борышқа қызмет көрсетуге арналған шығыс республикалық бюджеттің жиынтық шығысының шамамен 9,2%-ын құрады. Үкіметтік борышқа қызмет көрсетуге арналған шығыстың республикалық бюджеттің мұнайға қатысты емес түсімдеріне қатынасы 17,1%-ды құрады.

Ішкі үкіметтік борышқа қызмет көрсетудің өсуіне тиімді пайыздық мөлшерлемесінің үлесі 2024 жылы төмендеп, -1,3%-ды құрады. Ішкі борышқа қызмет көрсету өсімінің декомпозициясы, өсімнің негізгі факторы үлесі соңғы 5 жылда орташа алғанда 21,7%-ды құраған үкіметтік борыш мөлшерінің өсуі болып табылатынын көрсетеді. Борышқа қызмет көрсетудің өсуіне тиімді пайыздық мөлшерлемесінің негізгі үлесі Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесінің өсуі байқалған 2022 және 2023 жылдарға тиесілі болды.

1.43-график 2024 жылы ішкі үкіметтік борышқа қызмет көрсетудің өсуіне тиімді мөлшерлемелердің үлесі төмендеді

Ішкі үкіметтік борышқа қызмет көрсетуге арналған шығыстың өсу декомпозициясы



Дереккөзі: ҚР Қаржымині, Ұлттық Банктің есептеулері

Ескертпе: Салымды бағалау үшін өсу қарқыны ауыспалы логарифмдердің айырмашылығы ретінде бағаланды. Тиімді мөлшерлемесі борышқа қызмет көрсетуге арналған шығыстың өткен жылғы борыш мөлшеріне қатынасы ретінде есептеледі.

2024 жылдың қорытындысы бойынша үкіметтің таза қаржылық активтері ЖІӨ-ге 2,2%-ға дейін төмендеді. Бюджеттің шығысы мен кірісі арасындағы үлкен алшақтықты білдіретін, үкіметтің таза қаржы активтерінің есебінен өтелетін мемлекеттік қаржының теңгерімсіздігі фискалдық кеңістіктің тарылуына алып келеді. Бюджет шығысы мен кірісі арасындағы үлкен айырмашылықтың жалғасып отырған үрдісі резервтердің төмендеуіне әкелді, бұл өз кезегінде мемлекеттік қаржының ұзақ мерзімді орнықтылығын төмендетеді, сондай-ақ қосымша теңгерімсіздіктер жасайды.

1.44-график Фискалдық кеңістік тарылады

2024 жылғы бағыттар бойынша мемлекеттік бюджет шығысын атқару, трлн теңге



Дереккөзі: ҚР Қаржымині, ҚР ҰСБ, Ұлттық Банктің есептеулері

Ескертпе: Үкіметтің таза қаржы активтері ҚР ҰҚ активтері ретінде үкіметтік борышты шегергенде есептеледі.

II МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

2024 жылы бюджетке қарыз жүктемесі айтарлықтай өсті. Ішкі нарықтың шектеулі жағдайларында нарықтық қатысушылар атынан ЕДБ негізгі сатып алушылар болды, сондай-ақ 1,4 трлн теңге сомасына сыртқы қарыздар тартылды. Жыл ішінде базалық мөлшерлеменің төмендеуіне қарамастан, борыштық қаржыландыруға қажеттіліктің өсуі, сондай-ақ салықтық түсімдер жоспарынан ауытқуы 2024 жылдың екінші тоқсанынан бастап МБҚ ішкі нарығындағы мөлшерлемелердің өсуіне ықпал етті.

ҚР Қаржымині МБҚ өтеулерінің біркелкі емес мерзімді құрылымы сақталуда. 2025 жылы шамамен 3,8 трлн теңгенің ең жоғары өтеу көлемі күтілуде, бұл МБҚ нарығына және республикалық бюджетке жүктемені арттыруы мүмкін.

2.1 МЕМЛЕКЕТТІК БОРЫШ

Мемлекеттік борышқа түсетін жүктеме 2024 жылы айтарлықтай өсті, осылайша борыштық қаржыландыруға жалпы қажеттілік 7,1 трлн теңгені немесе ЖІӨ-ге қатысты 5,3%-ды құрады, ол 2023 жылғы ЖІӨ-ге қатысты 4,7%-дан 27%-ға ұлғайды. Қажеттіліктің шамамен 48,5% қарыздарды өтеуге, 30,8% қызмет көрсетуге және 20,7% бюджеттің бастапқы тапшылығына тиесілі.

2.1-график Борыштық жүктеме ЖІӨ-ге қатысты 5,3%-ға жетіп, өсуін жалғастыруда

Үкіметтік борышты тарту, трлн теңге



Жалпы борыштық қаржыландыру қажеттілігі, трлн теңге




Дереккөзі: ҚР Қаржымині, ҚР ҰСБ, Ұлттық Банктің есептеулері

Қаржыландыруға деген өскен қажеттіліктің басым бөлігі (5,6 трлн теңге) қазынашылық қағаз түрінде тартылған ішкі қарыздардан және аз үлесі (1,4 трлн теңгеге) халықаралық қаржы ұйымдары мен шет мемлекеттерден кредит түрінде тартылған сыртқы қарыздармен толтырылды. 2024 жылы Азия Даму Банкі, Азия Инфрақұрылымдық Инвестициялар Банкі және Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі сыртқы қарыздар бойынша кредиторлар болды.



2.2-график 2024 жылға арналған ҚР Қаржымині МБҚ теңгемен шығару жоспары мен фактісі, млрд теңге




Дереккөзі: ҚҚБ, ҚР Қаржымині, ҚРҰБ есептеулері

2024 жылдың қорытындысы бойынша ҚР Қаржымині теңгедегі МБҚ-ның айналыстағы көлемі 21.8 трлн теңгені (72%), ал айналыстағы еурооблигациялар көлемі 8.3 трлн теңгені (28%) құрады. Айналыстағы қағаздардың орташа мөлшерленген мерзімділігі 2023 жылдың аяғындағы 5.7 жылдан 2024 жылдың аяғындағы 5.4 жылға дейін төмендеді. Өтеу мерзімі 5 жылдан 10 жылға дейінгі қағаздар үлесі 2024 жылы 33%-ды құрады.

2.3-график Ішкі үкіметтік борыштың орташа мөлшерленген мерзімділігі 5,4 жылға дейін төмендеді

ҚР Қаржымині МБҚ-ның теңгедегі мерзімді құрылымы және олардың орташа мөлшерленген мерзімділігі, трлн теңге



Дереккөзі: БҚОД, ҚРҰБ есептеулері

Ескертпе: Сол жақ шкала – портфельдің теңгерімі, трлн теңге, оң жақ шкала – орташа мөлшерленген мерзімділік (жыл)

Ұстаушылардың құрылымы бойынша БЖЗҚ-да ҚР Қаржыминінің барлық облигацияларының 45%-ы, ЕДБ-де 24%-ы және ҚРҰБ клиенттерінде 13%-ы бар. Соңғы 5 жылда Қаржыминінің облигацияларын ұстаушылардың құрылымы аздап өзгергенін айта кету керек. Осылайша, соңғы бес жылда өзге қатысушылар мен бейрезиденттердің үлесі айтарлықтай өсіп, тиісінше 2024 жылдың аяғында 10% және 4%-ды құрады.

2.1-кесте ҚР Қаржымині МБҚ-ны теңгеде ұстаушыларының құрылымы


	01.01.2019 жылға		01.01.2025 жылға	
	млрд теңге	үлес,%-бен	млрд теңге	үлес,%-бен
БЖЗҚ	2 883.5	47.8%	9 782.9	45.0%
ЕДБ	1 562.2	25.9%	5 207.2	23.9%
ҚРҰБ-тың клиенттері	1 060.1	17.6%	2 733.0	12.6%
Басқалары	138.0	2.3%	2 084.7	9.6%
Бейрезиденттер	18.3	0.3%	931.7	4.3%
СҰ	92.4	1.5%	590.6	2.7%
ҚРҰБ	276.4	4.6%	432.6	2.0%
Барлығы	6 030.9	100,0%	21 762.6	100,0%

Дереккөзі: БҚОД, ҚРҰБ есептеулері

2024 жылдың қорытындысы бойынша ҚР Қаржымині МБҚ-ны өтеудің біркелкі емес мерзімді құрылымы байқалады. 2025 жылы 2015 жылы шығарылған 2 500 млн АҚШ доллары сомасына доллармен номинацияланған еурооблигацияларды ірі көлемде өтеу күтілуде. Қаржымині 2022 және 2023 жылдары еурооблигацияларды орналастырған жоқ, алайда 2024 жылы өтеу мерзімі 2035 жылғы сәуірде болатын 1.5 млрд АҚШ долларына еурооблигациялар шығарылды.

2.4-график 2025 жылға ішкі үкіметтік борышты және еурооблигацияларды өтеу көлемінің ең ауқымды көлемі келді

Орналастыру кезеңі бөлінісінде ҚР Қаржымині МБҚ өтеу бейіні, млрд теңге




Дереккөзі: ҚР Қаржымині, БҚОД, ҚРҰБ есептеулері

Ескертпе: қою құю – теңгелік қағаздар, өрнекті құю – еурооблигациялар, барлық курстар 01.01.2025 ж., ҰБ сайтынан алып пайдаланылған

2024 жылдың қорытындысы бойынша теңгемен номинирленген ҚР Қаржыминінің 102 МБҚ-ы және шетел валютасымен номинирленген ҚР Қаржыминінің 12 МБҚ-ы айналыста. 2023 жылдың аяғында айналыста тиісінше 109 және 13 қағаз болған. 2024 жылы баламасы 1 млрд АҚШ долларына дейін 5 қағаз (2024 жылдың соңында 525.11) ірілендірілді. 2025 жылға қарай баламасы 1 млрд АҚШ долларына дейін тағы 7 қағазды ірілендіру жоспарланып отыр. Қағаздар санының одан әрі азаюы және белгілі бір мерзімділікте шығарылымдардың ұлғаюы өтімділіктің ұлғаюына ықпал етуі тиіс.



2.5-график ҚР Қаржымині МБҚ қағаздардың бірегей кодтары бөлінісінде қосымша орналастыру және өтеу, млрд теңге




Дереккөзі: БҚОД, ҚР Қаржымині шығару жоспары, ҚРҰБ есептеулері
Ескертпе: 1) Хосіне әрбір бөлу ҚР Қаржымині қағазының 1 бірегей ISIN кодын білдіреді. 2) 2024 жылдың соңындағы бағам бойынша баламасы 1 млрд АҚШ долларына пунктуирлік желі USD/KZT бағамы 525.11.

2.2 МБҚ МИКРОҚҰРЫЛЫМЫ

МБҚ АУКЦИОНДАРЫ

2024 жылы өткен жылдармен салыстырғанда нарықтық инвесторлардың үлесі ұлғайды. Осылайша, барлық қанағаттандырылған өтінімдердің негізгі үлесін (73.1%) нарықтық инвесторлар берді.


2.6-график ҚР Қаржымині МБҚ аукционы, млрд теңге



Дереккөзі: ҚҚБ, БҚОД, ҚРҰБ есептеулері

2024 жылғы сәуірден бастап базалық мөлшерлеменің төмендеуіне қарамастан, МБҚ-ның бастапқы нарығындағы өтінімдер бойынша кірістілік борыштық қаржыландыруға қажеттіліктің артуы және республикалық бюджетке салықтық түсімдер бойынша жоспарлардың орындалмауы аясында өсті.

2.7-график ҚР Қаржымині МБҚ аукциондары бойынша өтінімдер,%



Дереккөзі: ҚҚБ, БҚОД, ҚРҰБ есептеулері

Ескертпе: 1) Хосінде әрбір бөлу өтінімнің бірегей есепті күні және қағазға ISIN кодын білдіреді, яғни Хосіне бір бөлуге қанағаттандырылған және қанағаттандырылмаған мәртебелер бөлінісінде бір қағазға берілген өтінімде күтілетін кірістілік тігінен құрылған. 2) МЕТИКАМ және МЕУЖКАМ қағаздарына өтінімсіз.

ҚР Қаржымині МБҚ орналастыру құрылымы 2024 жылы мерзімділігі бойынша 2023 жылғы құрылыммен сәйкес келеді. Алайда 1 жылдан 3 жылға дейінгі мерзімділігі бар облигациялар үлкен көлемде орналастырылды, атап айтқанда барлық көлемнің 23.3%-ы осы мерзімділікке тиесілі болды. Теңгерім үшін, 2023 жылдағыдай, ең жиі орналастырылатын мерзімділік 5 жылдан 10 жылға дейінгі (37.3%) мерзімділік болып табылады.

2024 жылдың қорытындысы бойынша ҚР Қаржымині қағаздарының бастапқы нарығында қазынашылық қағаздардың аса ірі сатып алушылары ЕДБ, БЖЗҚ (ҚРҰБ басқаруында) және ҚРҰБ клиенттері болып табылады. Осылайша, 2024 жылы бастапқы аукционда олар жалпы көлемнің тиісінше 61.1%, 24.5%, 4.2% сатып алды. ЕДБ-нің инвесторлар бөлінісіндегі ең үлкен үлесіне қарамастан, БЖЗҚ қазынашылық қағаздардың ең ірі ұстаушысы болып табылады. 2023 жылдағыдай біртекті инвесторлық база 2024 жылы да проблема болып қалып отыр. ҚР Қаржыминінің бастапқы нарығындағы бейрезиденттердің үлесі төмен болып қалуда (іс жүзінде 0%). Сондай-ақ, зейнетақы қорларында (ИПБ басқаруында) ҚР Қаржымині қазынашылық қағаздар нарығындағы қатысу үлесі төмен болып қалуда.

2.8-график Мерзімі 5 жылдан астам қағаздардың үлесі 58%-дан 49%-ға дейін төмендеді

ҚР Қаржыминінің МБҚ бастапқы орналастыру, жылына мәмілелердің жалпы көлемінен %



Дереккөзі: ҚҚБ, БҚОД, ҚРҰБ есептеулері



МБҚ ҚАЙТАЛАМА НАРЫҒЫ

2024 жылы қайталама нарықтың жалпы көлемі 1 758 млрд теңгені құрады, бұл 2023 жылғы көлемнен 4%-ға аз. Қайталама нарықтағы көлемнің төмендеуі бастапқы дилер институтының қызметін тоқтата тұрудан туындауы мүмкін. Қайталама нарықтағы төмен белсенділік кең инвесторлық база үшін тартымды емес және ҚР Қаржыминінің МБҚ-ның өтімділігін төмендетеді. Қайталама нарықтың өтімділігі барынша төмен күйінде қалып отыр. 2024 жылғы қаңтарда ең жоғары мәні 1,6% ғана болды.

2.9-график ҚР Қаржыминінің МБҚ-сы бойынша мәмілелер, млрд теңге




Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ есептеулері

Ескертпе: Turnover ratio (оң шкала) МБҚ-ның қайталама нарығындағы (биржалық және биржадан тыс) мәмілелер айналымының айналыстағы көлеміне арақатынасы ретінде есептеледі.


ЕДБ қайталама биржалық нарықтағы ең ірі сатушылар болып қала береді. Осылайша, ЕДБ сатушы болып қатысқан мәмілелер 2024 жылы қайталама нарықтағы мәмілелердің жалпы көлемінің 47,2%-ын құрады. Салыстырма түрде, БЖЗҚ (ҚРҰБ) және ҚРҰБ-тың клиенттері сияқты нарықтың қалған ірі қатысушылары қайталама нарықта іс жүзінде қағаздарды сатқан жоқ, бұл аталған қатысушылардың стратегиясын білдіреді.

2.10-график ҚР Қаржымині МБҚ-ның қайталама нарығы

Биржалық нарықтағы мәмілелер, млрд теңге



Биржадан тыс нарықтағы мәмілелер, млрд теңге



Дереккөзі: ҚҚБ, БҚОД, ҚРҰБ есептеулері


Ескертпе: Биржадан тыс мәмілелерге АІХ тіркелген мәмілелер кірмейді

2023 жылмен салыстырғанда, қайталама биржадан тыс нарықта ҚР Қаржымині қазынашылық қағаздарын сатып алушылар қатарында бейрезиденттердің саны ұлғайды. Олардың көлемі 2024 жылы 772 млрд теңгені құрады, бұл 2023 жылмен салыстырғанда 1,5 есе көп. Мәселен, 2024 жылы бейрезиденттер биржадан тыс нарықтағы барлық көлемнің 80%-ын сатып алды, ал 2023 жылда бұл үлес 62,6% ғана болған. Ал бейрезиденттердің таза сатып алулары 2,4 есеге артып, 535 млрд теңгені құрады.

КІРІСТІЛІК ҚИСЫҒЫ

2024 жылы кірістілік қисығы инвертацияланған күйінде қалды, бұл ретте ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді кірістіліктер арасындағы спред 2023 жылға қарағанда айтарлықтай төмен болды. 2024 жылдың бірінші жартысында базалық мөлшерлеменің төмендеуіне қарамастан, МБҚ нарығының кірістілігі үкіметтің борыштық қаржыландыруға қажеттілігінің айтарлықтай өсуі, сондай-ақ салықтық түсімдер бойынша жоспардың орындалмауы аясында өсті. МБҚ нарығының төмен өтімділігі жағдайында нарықтағы кірістілік көбінесе ҚР Қаржымині тарапынан ұсыныстардың теңгерімсіздігімен қалыптасты.

2.11-график Кірістіліктің купонсыз қисығы




Дереккөзі: KASE, ҚРҰБ есептеулері

ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТІҢ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ


Жергілікті бюджет облигацияларының нарығы шағын болып қалуда және кредиттік және жалға берілетін тұрғын үй құрылысын қаржыландыру мақсатында «Бәйтерек» ҰА» АҚ жергілікті бюджет облигацияларын жалғыз сатып алушы болып табылады. Жергілікті атқарушы органдардың борыштық міндеттемелерінің көлемі шамамен 1 309 млрд теңгені немесе мемлекеттік қарыздың жалпы көлемінің 4,1%-ын құрады.

2.12-график Жергілікті бюджеттің облигацияларын орналастыру, млрд теңге

Мерзімділік бөлінісінде



Сатып алушылар бөлінісінде




Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ есептеулері

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

2024 жылы ҚҚБ-ға корпоративтік облигацияларды бастапқы және қайталама орналастыру 2023 жылға қарағанда тиісінше 2,28 және 1,3 есе жоғары болды. 2023 жылмен салыстырғанда бастапқы нарықта микроқаржы, лизингтік ұйымдар және коллекторлық агенттіктер орналастырған корпоративтік валюталық облигациялардың көлемі азайды. Ал теңге көлемі үш есеге артып, жалпы орналастыру көлемінің үлесі 67%-ды құрады. ЕДБ орналастыру 2024 жылы ұлттық валютада 1 трлн теңгені және шетелдік валютада 122%-ға артып, 18,8 млрд теңгені құрады.


2.13-график Корпоративтік облигациялар бойынша мәмілелер көлемі, млрд теңге



Дереккөзі: ҚҚБ, БҚОД, ҚРҰБ есептеулері

Микроқаржы, лизингтік ұйымдар мен коллекторлық агенттіктерді қамтитын ҚР заңды тұлғаларында өтеуге кірістілік барлық мерзімділіктерде жоғары болды, бұл осындай эмитенттердің неғұрлым жоғары кредиттік тәуекелімен түсіндіріледі. 2024 жылы шығарылған қағаздардың көпшілігі 1 жыл және 1-3 жылға дейінгі мерзімділікке ие болды, бұл қысқамерзімді қаржыландыру қажеттілігін көрсетеді.

2.14-график Эмитенттер мен жеделдіктер бөлінісінде 2024 жылға арналған корпоративтік облигация мәмілелері және өтеуге кірістілік, жылдық %



Дереккөзі: ҚҚБ, БҚОД

Ескертпе: 1) X осіне әрбір бөлу мерзімділігі бойынша белгілі бір санат ішінде шығарылған қағаздың ISIN кодына жатады; 2) өтеуге күтілетін кірістілікті ҚҚБ есептейді; 3) ЕДБ – екінші деңгейдегі банктер, ХҚҰ – халықаралық қаржы ұйымдары, ҚРЗТ – бұл ҚР-дағы заңды тұлғалар (ЕДБ-ны қоспағанда); 4) таза бағамен сатылатын корпоративтік облигациялар бейнеленген; 5) жасалған мәмілелер бойынша өтелетін кірістілік.

III ТҰРҒЫН ҮЙ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК НАРЫҒЫ

2024 жылы тұрғын үй жылжымайтын мүлік бағасының өсу қарқынының тұрақты динамикасы, сондай-ақ тұрғын үйдің 2019–2020 жылдардағы деңгейге қолжетімділігін қалпына келтіру байқалды. 2024 жылғы 3 және 4-тоқсандарда сатып алу-сату мәмілелері санының өсуі байқалды, бұл «Отау» және «Наурыз» мемлекеттік ипотекалық бағдарламаларын қолданысқа енгізумен байланысты. Бұл белсенділіктің көпшілігі Астана және Алматы қалаларында шоғырланған, онда мәмілелердің – тиісінше 77 және 84 мың рекордтық саны байқалды.

Нақты ЖІӨ өсуінің шамамен алтыдан бір бөлігі құрылыс секторына тиесілі болды, оның дамуы пайдалануға берілетін тұрғын үй алаңы мен пәтерлер санының өсуіне ықпал етті. Құрылыс белсенділігінің артуы халықтың тұрғын үймен қамтамасыз етілуін жақсартуға да ықпал етті. Жалпы алғанда, белсенділіктің артуымен қатар, тұрғын үй-құрылыс секторының компаниялары кірістіліктің артқанын көрсетті.


2024 жылы кредиттеудің жалпы көлеміндегі ипотеканың үлесі қысқарғанына қарамастан, жеңілдікті және нарықтық ипотекалық қарыздарды беру тиісінше 20,1% және 30,4%-ға өсті⁴. Бұл ретте, жаңа мемлекеттік ипотекалық бағдарламалардың енгізілуіне байланысты жеңілдікті ипотекалық қарыздарды беру 2024 жылғы екінші жартыжылдықта бірінші жартыжылдықпен салыстырғанда 69,2%-ға ұлғайып, күрт өсуді көрсетті. Бұл LTV 80–90% деңгейіндегі қарыздар үлесінің⁵ ұлғаюына алып келді. Бұл ретте LTV <50% деңгейіндегі қарыздар үлесінің ұлғаюы және LTV 60–70% деңгейіндегі ипотекалық өнімдер үлесінің төмендеуі байқалды.

3.1 ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК НАРЫҒЫНДАҒЫ БЕЛСЕНДІЛІК

Жылжымайтын мүліктің бастапқы және қайталама нарықтарында да бағаның өсу қарқынының тұрақты динамикасы байқалды. Қазақстан Республикасы бойынша бастапқы және қайталама нарықтарда өсу қарқыны тиісінше ж/ж 3% және 4,2%-ды құрады. Бұл ретте, жылжымайтын мүлік бағасының өсу қарқыны 2024 жыл бойы инфляциядан төмен болып қалды.

3.1-график Жылжымайтын мүлік бағасының өсу қарқыны инфляциядан төмен болып қалды

Жылжымайтын мүлік бағасының өсу қарқыны (ж/ж), бастапқы және қайталама нарықтарда



Дереккөзі: ҚР ҰСБ

2024 жылы 2023 жылмен салыстырғанда транзакциялар санының өсуі байқалды. 2024 жылы бір айдағы мәмілелердің орташа саны 36,1 мыңды құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 16,8% өсуімен сәйкес келеді. Алайда, 2023 жылмен салыстырғанда өсуге қарамастан, транзакциялардың орташа саны

⁴ нарықтық деген ипотекалық қарыздар «7-20-25» бағдарламасын және Отбасы банкінің қарыздарын қоспағандағы басқа қарыздар.


⁵LTV – бұл кредит сомасының кредит ұйымының кепіліне берілетін мүлік құнына қатынасы.



2021–2022 жылдардағы деңгейден төмен болып қалды. Сондай-ақ, мәмілелер санының негізгі өсімі 2024 жылдың 3 және 4–тоқсанына келетінін атап өткен жөн.

3.2-график 2024 жылдың екінші жартыжылдығында транзакциялар санының ұлғаюуы байқалады

Жылжымайтын мүлік нарығындағы сатып алу-сату мәмілелерінің саны, мың



Дереккөзі: ҚР ҰСБ, Ұлттық Банктің есептеулері


«Отау» және «Наурыз» жеңілдікті бағдарламалары мұндай өсімнің негізгі драйвері болды. 2024 жылғы қыркүйекте олар бойынша қосымша өтімдер жинау өткізілді. Осылайша, 2024 жылдың екінші жартыжылдығында жеңілдікті ипотекалық кредит беру 832.7 млрд теңгені құрап, 2024 жылдың бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда 69.2%-ға өсті, ал нарықтық ипотекалық қарыздарды беру осындай кезеңде 21.3%-ға ғана өсті (344.4 млрд теңгеден 417.8 млрд теңгеге дейін). Бұл үрдіс 2019–2021 жылдардағыдай нарықтық ипотекалық кредиттерді қайта ығыстыру тәуекелін тудырады және одан әрі байқауды қажет етеді. Ипотека беруді ұлғайтудан басқа, тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін зейнетақы жинақтарын алудың өсуі байқалды. Осылайша, 2024 жылдың екінші жартыжылдығында 285.3 млрд теңге алынды, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда екі жарым есеге артық. Алайда, 2024 жылы жалпы алынған ақша 407.2 млрд теңгені құрағанына қарамастан, бұл 2021–2022 жылдардағы деңгейден айтарлықтай төмен.

3.3-график Екінші жартыжылдықта берілген ипотекалық қарыздар мен зейнетақы жинақтарын алу көлемінің ұлғаюуы байқалды

Берілген ипотекалық қарыздардың көлемі, млрд теңге



Тұрғын үй жағдайын жақсартуға зейнетақы жинақтарын алу, млрд теңге



Дереккөзі: ЕДБ, БЖЗҚ есепшілігі

2024 жылы Республика бойынша, Астана мен Алматыда бастапқы тұрғын үйдің шаршы метрінің орташа бағасы тиісінше 490.9, 584.9 және 573.4 мың теңгені құрады. Қазақстанда қайталама тұрғын үйдің шаршы метрінің бағасы 507.7 мың теңгені, Алматыда 593.6 мың теңгені құрады. Қайталама және бастапқы нарықтар арасындағы орташа бағаның ең үлкен айырмашылығы Астанада байқалды, онда тұрғын үйдің қайталама нарығындағы бағалар 2024 жылы орта есеппен 626.4 мың теңгені құрады.

3.4-график 2024 жылы Астана мен Алматы бойынша мәмілелердің жалпы саны рекордтық мәнге жетті

Тұрғын үйдің орташа бағасы және ҚР, Астана және Алматы бойынша транзакциялардың жалпы саны




Дереккөзі: ҚР ҰСБ, Ұлттық Банктің есептеулері

Транзакциялардың ең көп орташа саны Астана және Алматы қалаларында, сондай-ақ Қарағанды облысында – айына тиісінше 6.4, 7.0 және 2.8 мың мәміле байқалды. Қазақстан бойынша мәмілелердің жалпы саны 2021–2022 жылдардағы мәндерден аспағанына қарамастан, Астана мен Алматыда бұл көрсеткіш рекордтық – тиісінше 77 және 84 мың мәнге жетті.

3.5-график 2024 жылы тұрғын үйдің қолжетімділігін қалпына келтіру үрдісі жалғасты

Ипотекалық төлемнің үй шаруашылықтарының қолда бар кірісіне қатынасы



Дереккөзі: ҚР ҰСБ, Ұлттық Банктің есептеулері

Ескертпе: (1) ипотекалық төлем мынадай өлшемшарттарды ескере отырып есептелді: тұрғын үйдің орташа бағасы 54 ш.м., бастапқы жарна 30% мөлшерінде, ЕДБ бойынша орташа мөлшерлемесі, мерзімі – 20 жыл. Қолда бар табыс үй шаруашылықтарының салықтарды, төлемдерді және басқа да төлемдерді, үй шаруашылықтарына берілетін ағымдағы трансферттерді шегергендегі атаулы ақшалай табысы ретінде есептеледі. (2) Көрсетілген кезең 2021–2022 аралығына сәйкес келеді, ол кезде жеткіліктілік шектерінен асқан зейнетақы жинақтары белсенді түрде алынған. Содан кейін жеткіліктілік шегі айтарлықтай көтерілді. (3) жылжымайтын мүлік бағасы ҚР ҰСБ ай сайынғы индекстерін пайдалана отырып қайта есептелді. Қайта есептеудің бастапқы нүктесі үшін 2024 жылғы желтоқсанда жылжымайтын мүлік бағасы пайдаланылды.

Ипотекалық төлемнің тиісті өңірдегі үй шаруашылықтарының қолда бар кірісіне арақатынасы ретінде көрсетілген тұрғын үйдің қолжетімділігін бағалау көрсеткіштерінің бірі 2024 жылы тұрғын



үйдің қолжетімділігінің ұлғаюын көрсетеді. Жалпы алғанда, 2021–2022 жылдары жеткіліктілік шектерінен асқан зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалану бағдарламасының белсенді әрекет ету кезеңінде тұрғын үйге қолжетімділік төмендегеннен кейін, бағдарламаға дейінгі деңгейге қолжетімділікті қалпына келтіру үрдісі байқалды. Бастапқы және қайталама нарықтарда тұрғын үйдің қолжетімділігін бағалау қос бағыттылығын көрсеткеніне қарамастан, 2020 жылдан кейін бастапқы тұрғын үй барлық талдау жасалатын өңірлерде ең қолжетімді опция болып табылады.

3.2 ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ

ҰСБ деректері бойынша, 2024 жылғы қаңтар–желтоқсанда тұрғын үй ғимараттарын салуға бағытталған қаржыландырудың жалпы көлемі шамамен 3.8 трлн теңгені құрады – 2023 жылмен салыстырғанда 11,8%-ға көп. Пайдалануға 172 мың пәтер берілді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 7,3%-ға көп. Пайдалануға берілген пәтерлердің жартысынан көбі республикалық маңызы бар қалаларға: Астанаға 51,6 мың, Алматыға 24,4 мың және Шымкентке 12,4 мың тиесілі. Пайдалануға берілген көп пәтерлі тұрғын үйлердегі пәтерлердің жалпы ауданы 2024 жылы 8,91 млн шаршы метрге жетті, бұл 2023 жылғы деңгейден 11,1%-ға артық. Орташа алғанда, 2024 жылы тұрғын үйдің жалпы алаңының 1 шаршы метрін салуға жұмсалатын шығындар 198,6 мың теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 4,8%-ға жоғары.

3.6-график Құрылыс белсенділігінің ұлғаю үрдісі сақталуда

Пайдалануға берілген көп пәтерлі тұрғын үйлердегі пәтерлердің жалпы ауданы, млн шаршы метр



ЖІӨ-нің нақты өсуі



Дереккөзі: ҚР ҰСБ, Ұлттық Банктің есептеулері


Ескертпе: Құрылыс секторының нақты үлесі базалық ретінде құрылыс секторының номиналды көрсеткіштерін және өткен жылғы ЖІӨ-ні пайдалана отырып, құрылыстың нақты көлемі индексінің көмегімен есептелді.

2024 жылы нақты ЖІӨ өсімі 4,8%-ды құрады, бұл 2023 жылғы 5,1% көрсеткіштен сәл төмен. Құрылыс секторының үлесі 0,7%-ға дейін (2023 жылғы 0,8%-дан) төмендеді, ал сол уақытта қалған секторлардың үлесі 4,1%-ды (бір жыл бұрын 4,3%) құрады. Құрылыс саласы 2018 жылы жеңілдікті ипотекалық бағдарламалар енгізілгеннен кейін нақты ЖІӨ өсіміне елеулі үлес қосуды жалғастырғанын айта кету керек.

Тұрғын үймен қамтамасыз ету көрсеткіші ретінде бағаланатын ел бойынша жан басына шаққандағы тұрғын үй қоры бес жылдық кезеңде – 2019 жылғы 19,6 шаршы метрден 2024 жылы 21,4 шаршы метрге дейін 1,8 шаршы метрге ұлғайды. Ұқсас кезеңде халықтың өсуін ескере отырып, бұл үрдіс тұрғын үй-жайлар құрылысының қарқыны халықтың өсу қарқынынан асып түскенін көрсетеді. Қазақстанның өңірлері арасында 2024 жылы жан басына шаққандағы тұрғын үй қоры бойынша көшбасшылар үштігі Алматы (25,1 шаршы метр), Ақмола облысы (24,9 шаршы метр) және СҚО (24,6 шаршы метр) болды. 2024 жылы жан басына шаққандағы тұрғын үй қоры ең аз өңірлер Жамбыл және Түркістан облыстары болды – тиісінше 16,3 және 16,2 шаршы метр. Бұл көрсеткіш бойынша көшбасшылар да, артта қалған өңірлер де 2019 жылдан бері өзгерген жоқ. Сондай-ақ, Астанада тұрғын үй қорының жан басына шаққанда 20 %-ға өсуін атап өткен жөн. 2019 жылы елордада бір адамға шаққандағы тұрғын үй алаңының көлемі 20 шаршы метрді құраса, 2024 жылы бұл көрсеткіш 24 шаршы метрге дейін өсті. Бұл үрдіс Астанадағы жылжымайтын мүлікке деген сұраныстың артуымен түсіндіріледі.

3.7-график 2024 жылы халықтың жан басына шаққандағы тұрғын үй қоры 21,4 шаршы метрді құрады

Тұрғын үй қорының тиісті өңір халқына қатынасы



Дереккөзі: ҚР ҰСБ, Ұлттық Банктің есептеулері

Тұрақты компаниялардың кірісіне табыстың орташа көрсеткіші 2015 (валюталық күтілмеген өзгеріс) және 2020–2021 (ковид) жылдарды қоспағанда, талдау жасалатын кезең ішінде тұрақты өсуді көрсетті. 14 жыл ішінде бұл көрсеткіш екі есеге жуық өсті – 2010 жылғы 15%-дан 2023 жылы 28%-ға дейін. Тұрғын үй-құрылыс секторындағы барлық компаниялардың кірісіне пайданың орташа көрсеткіші тек тұрақты компаниялардың мәнінен асып түскені назар аударарлық жайт. Тұрақты фирмалардың табысы сияқты, бүкіл талдау жасалатын кезең ішінде жоспарлы өсу байқалды. Егер 2010 жылы барлық компаниялардың кірісіне пайданың орташа мәні 32%-ды құраса, онда 2024 жылдың басында 53%-ке жетті, бұл тұрғын үй-құрылыс саласы қызметінің табыстылығының өскенін айғақтайды.

Барлық тұрғын үй-құрылыс компанияларының жалпы берешектің кіріске арақатынасының орташа деңгейі талдау жасалатын кезең ішінде 100% мәнінен асты. Бұл көрсеткіштің ең көп мәні дағдарыс кезеңінде – 2010–2011 жылдары шамамен 200%. 2015–2016 жылдары 225% жуық байқалды. 2018 жылдан кейін тұрғын үй-құрылыс секторы компанияларының кірісіне берешектің орташа деңгейі 150% маңайында тұрақталды. Тұрақты тұрғын үй-құрылыс компаниялары үшін осыған ұқсас динамика байқалды, алайда 2013–2017 жылдар кезеңінде берешектің кірістерге арақатынасы 100%-дан төмен болды. 2018 жылдан бастап тұрақты компаниялардың кірісіне берешектің орташа деңгейі өсіп, барлық тұрғын үй-құрылыс секторының орташа мәндеріне жетті.



3.8-график 2024 жылы тұрғын үй-құрылыс секторы компанияларының кірісіне пайданың орташа мәні 53%-ға жетті

Кіріске табыс



Кіріске жалпы берешек



Дереккөзі: ҚР ҰСБ, Ұлттық Банктің есептеулері

Ескертпе: Тұрақты фирмалар – талдау жасалатын кезеңде пайда болуының бірегей саны 10 еседен асатын фирмалар (14-тен).

3.3 ИПОТЕКАЛЫҚ КРЕДИТ БЕРУ

ЕДБ кредиттерінің жалпы көлемі кеңейтілген жіктеуіші бойынша өсуді көрсетіп, 2024 жылғы желтоқсанда 33.8 трлн теңгеге жетті. Сонымен қатар ЕДБ кредиттерінің жалпы көлемінде де, жеке тұлғаларға кредит берудің жалпы көлемінде де ипотека үлесінің төмендеуі үрдісі жалғасты. Жыл соңында бұл көрсеткіш тиісінше 18.5% және 30.2%-ды құрады. Бұл үрдіс 2024 жылдың екінші жартысында ипотекалық кредиттер бойынша орташа алынған мөлшерлемесінің төмендеуіне қарамастан жалғасты, бұл өзге де кредиттік өнімдердің неғұрлым жылдам өсу қарқынын көрсетеді.

3.9-график Жалпы кредиттеудегі ипотека үлесінің қысқаруы жалғасуда

ЕДБ-ден жалпы кредит беру бөлінісінде ипотекалық кредит беру көлемі, трлн теңге



Берілген ипотекалық қарыздар бойынша орташа алынған мөлшерлемелер




Дереккөзі: Ұлттық Банк, ҚР ҰСБ, Ұлттық Банктің есептеулері


2024 жылы берілген ипотекалық қарыздардың көлемі 2 трлн теңгені құрады, оның 63.5% жеңілдікті шарттармен берілді. 2023 жылмен салыстырғанда жеңілдікті де, нарықтық та ипотекалық қарыздарды беру тиісінше – 20.1% және 30.4%-ға өсті. Нарықтық ипотекалық қарыздарды берудің неғұрлым жылдам өсуі ипотекалық портфельдің құрылымына да әсер етті – 2024 жылдың соңында нарықтық ипотекалық қарыздардың үлесі 6 трлн теңгедегі жалпы көлемнің 24%-ын құрады.

3.10-график Берілген нарықтық ипотекалық қарыздардың көлемі, сондай-ақ олардың ипотекалық портфельдегі үлесі 2024 жылы өсуді жалғастырды

Берілген ипотекалық қарыздардың көлемі, трлн теңге




Ипотекалық қарыздар портфелі, трлн теңге



Дереккөзі: Ұлттық Банк, ҚР ҰСБ, Ұлттық Банктің есептеуі

Төмендегі графикте қарыз беру сәтіндегі LTV көрсеткіші бойынша ақпарат соңғы 5 жыл бойынша бөлініп ұсынылған. Көрініп тұрғандай, 2020–2022 жылдар аралығындағы кезеңде LTV деңгейі 60-70% болатын қарыздардың ұлғаюы байқалды, бұл қолданыстағы мемлекеттік жеңілдікті ипотека бағдарламалары, сондай-ақ зейнетақы қаражатын мерзімінен бұрын алу бағдарламасы аясында «Отбасы Банкі» аралық қарыздары көлемінің ұлғаюымен түсіндіріледі. «7-20-25» бағдарламасын қаржыландыру көлемі қысқарғаннан және 2022 жылы жеткіліктілік шегі қатаңдатылғаннан кейін LTV <50% деңгейі бар қарыздар басым болатын нарықтық бағдарламалар үлесінің ұлғаюы байқалды. Осындай қарыздардың үлесі 2023 жылы ең жоғары мәнге жетіп (28%), содан кейін 2024 жылы аздап төмендеді (25%). Сонымен қатар 2024 жылы LTV деңгейі 80-90% болатын қарыздардың күрт өсуі байқалды, бұл «Отау» және «Наурыз» жаңа мемлекеттік бағдарламаларының енгізілуімен түсіндіріледі, олардың шеңберінде тиісті LTV деңгейімен алдын ала қарыздар берілді. Алайда, LTV деңгейі 80-90% болатын қарыздардың күрт өсуіне қарамастан, олардың жалпы үлесі төмен деңгейде (8%) қалып отырғанын атап өткен жөн. Жалпы алғанда, талданып отырған кезеңде деңгейі LTV <50% қарыздардың ұлғаюы және LTV деңгейі 60-70% болатын ипотекалық өнімдер үлесінің төмендеуі есебінен берілген ипотекалық қарыздар тәуекелдерінің төмендеуі үрдісі байқалды.

3.11-график Қарыз беру сәтіндегі LTV



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім, Ұлттық Банктің есептеуі


3.1-БОКС. HOUSE-PRICE-AT-RISK

House-price-at-risk немесе (HaR) – тұрғын үй жылжымайтын мүлік нарығындағы бағалардың төмендеу тәуекелдерін (downside risk) бағалау құралы. Құрал жылжымайтын мүлік бағасының болашақ өсу қарқынын шартты түрде бөлудегі сол жақ басын (5-ші немесе 10-шы перцентиль) білдіреді. Басқаша айтқанда, тұрғын үй бағасының өсу қарқынының HaR мәнінен төмен жүзеге асырылу ықтималдығы 5% (немесе 10%). Тиісінше, HaR неғұрлым төмен болса, жылжымайтын мүлік нарығында төмендеу тәуекелдері соғұрлым жоғары болады.


HaR жылжымайтын мүлік бағасының өсу қарқынының жиі бола бермейтін оқиғалардың тәуекелдеріне әсер ететін негізгі факторларды анықтау және олардың қаржылық тұрақтылыққа әсерін бағалау үшін қолданылады. Сонымен қатар бұл құралды болашақта жылжымайтын мүлік бағасының төмендеу тәуекелдерін мониторингтеу және болжау үшін пайдалануға болады.

Осы талдаудағы тәуелді айнымалы – бұл жылжымайтын мүлік бағасының тоқсандық индексінің кейінгі h тоқсанының жылдық өсу қарқыны. Шартты түрде бөлудің әртүрлі аралықтарындағы тәуелді айнымалының тәуелділігін анықтау үшін перцентильдегі (10, 25, 50, 75, 90) квантильдік регрессияны 4 және 8 тоқсан алдыға есептейміз. Регрессорлар тізіміне үй шаруашылықтарының жинақталған ипотекалық кредиттерінің ЖІӨ-ге арақатынасы, жылдан жылға доллармен номиналды ЖІӨ сияқты айнымалылар, сондай-ақ жылжымайтын мүлік нарығындағы бағалардың «шамадан тыс жоғары» болуын бағалайтын жылжымайтын мүлік бағасының жан басына шаққандағы ЖІӨ-ге арақатынасының циклдік компоненті секілді айнымалы кіреді.

1 жыл кезеңіндегі тәуекелдерді бағалау



2 жыл кезеңіндегі тәуекелдерді бағалау



Жоғарыдағы графиктерде қысқа және орта мерзімді перспективада жылжымайтын мүлік нарығындағы төмендеу тәуекелдерін бағалау ұсынылған. Көрініп тұрғандай, HaR динамикасы бір жыл кезеңіндегі тәуекелдердің төмендеуін көрсетеді. Ең ықтимал түсіндірме – үй шаруашылықтарының ипотекалық кредиттерінің ЖІӨ-ге қатынасының тұрақтануы, сондай-ақ жылжымайтын мүлік нарығындағы «шамадан тыс жоғары» бағалардың төмендеуі. 2 жылдық кезеңдегі жылжымайтын мүлік бағасының төмендеу тәуекелі ұқсас динамиканы көрсетеді. 10-шы және 90-шы перцентиль арасындағы алшақтық салыстырмалы түрде өзгеріссіз, бұл жылжымайтын мүлік нарығындағы жағдайдың тұрақтанғанын көрсетеді.

IV БАНК ЖӘНЕ МИКРОҚАРЖЫ СЕКТОРЛАРЫНЫҢ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

4.1 КОРПОРАТИВТІК ПОРТФЕЛЬДІҢ САПАСЫ


Банктердің корпоративтік кредиттік портфелінің сапасын жақсарту 2024 жылы жалғасты – ХҚЕС бойынша 3-сатыдағы құнсызданған қарыздар, оның ішінде мерзімі өткен берешегі 90 күннен асатын қарыздар үлесінің төмендеуі байқалады. 90 күннен астам мерзімі өткен қарыздарды қоса алғанда, банктердің құнсызданған қарыздарын провизиялармен жабу 2024 жылы 66%-ға дейін 2,5 пайыздық тармаққа өсті.

2022 жылдан бастап корпоративтік несие портфелінде кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаю белгілерінің болуын көрсететін 2-сатыдағы қарыздардың үлесі 1,9%-ға дейін 3 есе төмендеді. 2 және 3-сатыдағы қарыздардың негізгі бөлігі көбінесе ұлттық валютада берілген. Шетел валютасымен берілген қарыздарды 2021 жылдан бастап іс жүзінде банктер кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаю белгілері бар кредиттер санатына немесе құнсызданған кредиттер санатына жатқызбайды.

Ірі қарыз алушылар корпоративтік портфель тәуекелінің негізгі көздерінің бірі болып қалуда. 2024 жылдың қорытындысы бойынша ең үздік 25 қарыз алушы банктердің корпоративтік портфелінің 39%-ын құрайды. Ірі қарыздардың едәуір бөлігі шетел валютасында берілген және жиі қайта қаржыландырылады. Жекелеген банктер бір саладағы компанияларға ірі қарыз беруді қолданып, кредиттік шоғырлану тәуекелін арттырады. Корпоративтік портфельді әртараптандыруды қолдау және берілген қарыздардың сапасын арттыру банк секторының қаржылық орнықтылығын сақтау үшін өте маңызды.

2024 жылы банктердің корпоративтік портфелі 14,7 трлн теңгеге дейін 17,7%-ға өсті (2023 жылы – 16,2%). Банктердің корпоративтік портфеліндегі қарыздардың негізгі үлесін жұмыс істеп тұрған кредиттер – үлесі 92%-ды құрайтын ХҚЕС бойынша⁶ 1-сатыдағы қарыздар алады (4.1-график). Мерзімі өткен берешегі 90 күннен асатын қарыздарды қамтитын 3-сатыдағы қарыздардың үлесі айтарлықтай азайды. Мәселен, 3-сатыдағы қарыздардың үлесі 6,2%-ға дейін 2,5 пайыздық тармаққа төмендеді, мерзімі өткен берешегі 90 күннен асатын қарыздардың үлесі 2,3%-дан 2,1%-ға дейін азайды. 3-сатыдағы қарыздардың және төлем мерзімін өткізіп алу 90 күннен асатын қарыздардың негізгі көлемі банктердің баланстарында негізінен шағын және орта бизнес сегментінде шоғырланған. ЖК портфеліндегі 2 және 3-сатыдағы қарыздар үлесінің шамалы өсуіне қарамастан, корпоративтік портфельдегі осындай қарыздардың жалпы үлесі 3Т-ға берілген қарыздар есебінен төмендейді.

4.1-график 3Т қарыз алушылары арасында құнсызданған қарыздардың үлесі төмендейді, бірақ ЖК портфелінде аздап артады



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім


Ескертпе: ХҚЕС бойынша кредиттік портфельдердің сапасы: 1-сатыға жұмыс істейтін кредиттер, 2-сатыға – кредиттік тәуекелі айтарлықтай ұлғайған кредиттер, 3-сатыға кредиттік тәуекелі орындалып қойған (құнсызданған) кредиттер жатады.

⁶ ХҚЕС кредиттерді қарыздардың сапасы (тәуекел сатылары) бойынша үш санатқа жатқызады: кредиттік тәуекел айтарлықтай ұлғаймай, құнсызданбаған кредиттер (1-саты), құнсызданбаған, бірақ кредиттік тәуекелі айтарлықтай ұлғайған кредиттер (2-саты), сондай-ақ құнсызданған қарыздар (3-саты). ХҚЕС бойынша 3-сатыдағы қарыздар құрамында талдау мақсаты үшін сатып алынған немесе құрылған құнсызданған активтер (бұдан әрі – СҚҚА) есепке алынады.



2024 жылғы корпоративтік қарыздарды беру бойынша кредиттік шешімдердің сапасы алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда айтарлықтай артты (4.2-график). Талданып отырған тарихи кезеңде мерзімі өткен берешегі 90 күннен асатын қарыздар үлесі бойынша сапа нашарлауының ең жоғары мәні 2019 жылғы қарыздар үшін 1 жылдан кейін байқалады, бұл 2020 жылы пандемияның басталуына байланысты. Төлем мерзімін өткізіп алу 90 күннен асатын қарыздардың ең көп ұлғаюы қарыз берілген жылға қарамастан 2020 жылға келеді. 2022 жылы берілген қарыздардан бастап жұмыс істемейтін қарыздардың ұзақтық мерзімі айтарлықтай қысқарады, бұл банктердің проблемалық берешекті есептен шығару және/немесе сату бойынша неғұрлым жедел іс-қимыл жасауын немесе тәуекелдерді неғұрлым тиімді басқаруын көрсетуді мүмкін.

4.2-график Корпоративтік портфельді винтажды талдау: проблемалық (NPL90+) қарыздардың ұзақтық мерзімі қысқарады




Дереккөзі: Кредиттік тіркелім

Ескертпе: Қарыз беру сапасы бастапқы берілген қарыздардың жалпы көлемінде мерзімі өткен берешегі 90 күннен асатын қарыздардың үлесі арқылы бағаланады.

Кредиттік тәуекелдің елеулі ұлғаю белгілерінің болуын көрсететін 2-сатыдағы қарыздардың үлесі 2024 жылы корпоративтік несиелік портфельінде 2022 жылдан бастап 1,9%-ға дейін 3 есе төмендеді, ал 3-сатыдағы құнсызданған қарыздардың үлесі екі есе қысқарды (4.3-график). 2 және 3-сатыдағы қарыздарға жатқызылған қарыздардың негізгі бөлігі ұлттық валютада берілген. Бұл ретте 2 және 3-сатыдағы қарыздарға жатқызылған валюталық қарыздардың едәуір бөлігі негізінен 2020 жылға дейін берілген. 2021 жылдан бастап шетел валютасымен берілген қарыздарды іс жүзінде банктер кредиттік тәуекелдің едәуір ұлғаю белгілері бар қарыздар санатына немесе құнсызданған қарыздар санатына жатқызыбайды.

4.3-график 2 және 3-сатыдағы шетел валютасындағы қарыздардың едәуір бөлігі 2020 жылға дейін берілген




Дереккөзі: Кредиттік тіркелім

Ескертпе: Өрнектеп боялған бөлік валютадағы қарыздарға сәйкес келеді

ХҚЕС сәйкес шығынды өтеуге қалыптастырылған провизиялармен құнсызданған қарыздарды өтеу банк секторы бойынша жалпы алғанда 2024 жылы 66%-ға дейін 2,5 пайыздық тармаққа ұлғайып, тұрақты деңгейде сақталуда (4.1-график). Банктер арасында құнсызданған қарыздарды провизиялау коэффициентінің медианалық көрсеткіші 63%-ды құрайды. Жекелеген орта және шағын банктерде 3-сатыдағы резервтермен өтеу 9%-дан 30%-ға дейінгі орташа деңгейден едәуір төмен. Бұл ретте қарыздарды консервативті резервтеуі аз банктерде 3-сатыдағы бланктік қарыздардың үлесі 16%-дан аз. Мұндай үрдіс ықтимал шығынды бағалау кезінде осы банктер сатудың сапасы мен күрделілігіне, оның ішінде кепіл мүлкінің артық бағалануы мен өтімсіздігінің ықтимал тәуекелдеріне байланысты қарыздардың қамтамасыз етілу факторына сүйенетінін көрсетуді мүмкін. 2024 жылы 2-сатыдағы қарыздарды резервтермен өтеу 15,3%-дан 21,7%-ға дейін ұлғайды. Бұл ретте бүкіл корпоративтік портфельді резервтермен өтеу коэффициенті 6,6%-дан 5,5%-ға дейін төмендеді.

Салалық бөліністе 2024 жылдың қорытындысы бойынша банктердің корпоративтік портфелі қызмет көрсету (28%), сауда (24%) және өңдеу өнеркәсібі (22%) салаларында шоғырланды. Бұл ретте банктердің ДК портфелінің шамамен жартысы сауда қызметін жүзеге асыратын субъектілерге берілген (45%). 2024 жылы корпоративтік портфель бойынша 3-сатыдағы қарыздар үлесінің төмендеуі негізінен құрылыс саласының⁷ құнсызданған қарыздарының азаюы есебінен, ал 2-сатыдағы қарыздардың төмендеуі қызмет көрсету саласы есебінен болды. ДК және ЗТ қарыздары бойынша банктердің баланстарындағы (2 және 3-сатыдағы) неғұрлым тәуекелді қарыздар тиісінше сауда және құрылыс саласында басым болып отыр (4.4-график).

4.4-график Неғұрлым тәуекелді қарыздар үлесінің төмендеуі ЗТ-ға берілген қарыздар есебінен болады



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім

Ірі қарыз алушы немесе бір саладағы ірі қарыз алушылар дефолтқа ұшыраған жағдайда банктер үшін бірқалыпты кредиттік шоғырлану тәуекелдері сақталады. Банк секторының ең ірі 25 қарыз алушыға тәуелділігі біртіндеп қысқарғанымен, ЗТ портфелі бойынша ол жоғары болып қала береді (4.5-график). Мәселен, 2024 жылдың соңында ЗТ және ДК портфельдері бойынша әрбір банктің ең ірі 25 қарыз алушысының қарызы жиынтығында банктердің корпоративтік портфелінің 39%-ын алады. Ең үздік 25 қарызды 3-сатыдағы провизиялармен өтеу жоғары деңгейде, бірақ 1-сатыдағы қарыздар үшін өтеу 1% деңгейінде. Соңғы 5 жылда банктер ең ірі қарыз алушылардың салалық бағытын өзгертті. Егер


⁷Жылжымайтын мүлікпен операцияларды қосқанда



2019 жылдың соңында ең үздік 25 қарыз алушы арасында құрылыс саласының⁸ қарыздары басым болса, 2021 жылдан бастап өңдеу өнеркәсібіне баса назар аударылды. Құрылыс компанияларына ірі қарыз берудің төмендеуі осы саланың жоғары тәуекелдеріне байланысты болуы ықтимал, ал банктердің ең үздік 25 қарыз алушысының портфеліндегі өңдеу өнеркәсібі үлесінің өсуі шикізатқа жатпайтын салаларды қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларына байланысты.

Ең ірі қарыз алушылар қарызының сапасы 2021 жылдан бастап тұрақты түрде жақсарып келеді (4.5-график). 2024 жылы банктердің ең ірі 25 қарыз алушысының арасында 2 және 3-сатыдағы қарыздардың жалпы деңгейі тиісінше ДК және ЗТ үшін 0.4%-ға және 2.7%-ға дейін төмендеді. Сонымен қатар, егер 2021 жылы бизнес субъектілері арасындағы банк жүйесінің барлық құнсызданған қарызының жартысы әрбір банктің⁹ ең ірі 25 қарыз алушысына тиесілі болса, 2024 жылдың соңына қарай бұл көрсеткіш 20%-ға дейін төмендеді. Бұл ретте 2021–2024 жылдар аралығындағы кезеңде ең үздік 25 қарыз алушының 2-сатыдағы қарыздарының бір бөлігі корпоративтік портфельдің 2-сатыдағы барлық қарызының 44%-нан 58%-на дейін өсті.


4.5-график Ең үздік 25 қарыз алушының шоғырлануы төмендейді, сапасы жақсартады



Дереккөзі: Банктердің есептілігі, Кредиттік тіркелім

Банктердің ірі қарыздар портфеліндегі кредиттер сапасының жақсаруына қарамастан, кредиттік шоғырлану тәуекелінің өзектілігі сақталуда. Бұл ретте көптеген банктер 2020 жылдан бастап шағын және орта бизнесті кредиттеуге ұмтылады, оларға онлайн кредит өнімдерін ұсынады. Қарыздар шоғырлануының мейлінше төмендеуі негізінен ДК арасында байқалады (4.5-график).

4.6-график Ең үздік 3 қарыз алушының негізгі борышының банктер капиталына қатынасы орташа алғанда ұзақ уақыт төмендегеннен кейін ұлғайды




Дереккөзі: Кредиттік тіркелім

⁸ Жылжымайтын мүлікпен операцияларды қосқанда
⁹ Жиынтығында ДК және ЗТ бойынша ең ірі 25 қарыз алушы

Әрбір банктің ең ірі үш қарыз алушысының негізгі борышының олардың реттеу капиталына қатынасы соңғы 2 жылда орта есеппен 45%-ға дейін 9 пайыздық тармаққа ұлғайды (4.6-график). Бұл ретте 2024 жылы банктердің жартысында бұл көрсеткіш 33%-дан аспады (медиана). Орташа мәндердегі мұндай айырмашылық көбінесе жеке банктердің корпоративтік портфельдеріндегі кредиттік шоғырланудың едәуір өсуіне байланысты. Мәселен, 2024 жылдың соңына қарай активтер бойынша орташа және шағын көлемдегі бес банкте ең ірі үш қарыз алушының жиынтық негізгі борышы олардың меншікті капиталы мөлшерінің жартысынан асты. Сонымен қатар бір саладағы компанияларға ірі қарыз беру кезінде банктердің кредиттік шоғырлануының жоғары тәуекелінің сақталуын атап өту маңызды. Мәселен, 2024 жылдың соңында үш орташа банктегі ең үздік 3 қарыз алушы бір саланы білдіреді, олардың арасында өңдеу өнеркәсібі, қаржылық немесе сауда қызметі бар.

4.7-график Банктердің ең ірі қарыздары неғұрлым долларландырылған және жиі қайта қаржыландырылады



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім

Банктердің корпоративтік портфеліндегі қарыз шарттары деңгейінде негізгі борыш бойынша бөлуді талдау ірі қарыздардың басқа маңызды ерекшеліктерін көрсетеді, олардың арасында оларды долларландырудың жоғары деңгейі ерекше көзге түседі (4.7-график). 2024 жылдың соңында корпоративтік портфельдің жартысы негізгі борыш сомасы бойынша ең ірі қарыздардың 1%-на тиесілі және олар корпоративтік несие портфеліндегі шарттардың жалпы санының 1.8%-ын алады (31,4 мың). Ең ірі банктік қарыздарды долларландыру соңғы 3 жылда айтарлықтай ұлғайды. 2024 жылдың соңына қарай қарыз шарттары бойынша 99.9 процентиль мәнінен жоғары борыштың 55%-ы шетел валютасында берілгені, олардың корпоративтік портфельдегі үлесі негізгі борыш бойынша 27%-ды және шарттардың жалпы санының 0.2%-ын құрайтыны байқалады.

Корпоративтік портфельдің ең ірі қарызы жиі қайта қаржыландырылады (4.7-график). Мұндай көлемдегі қарыздар аз көлемдегі қарыздарға қарағанда мейлінше ұзағырақ мерзімге беріледі. Борыштың ұзақ мерзімін және үлкен мөлшерін ескере отырып, ірі қарыз алушылар борышты тиімді шарттармен қайта қаржыландыруға мүдделі және пайыздық мөлшерлемелерді үнемі қадағалап отырады. Борышты қайта қаржыландыру әсіресе нарықта пайыздық мөлшерлемелер төмендеген кезеңде өзекті болады. Мәселен, 2024 жылдың соңында 99.9 процентиль мәнінен жоғары қарыз шарттары бойынша борыштың 24%-ы қайта қаржыландырылды.



4.1-БОКС ЖҰМЫС ІСТЕМЕЙТІН ҚАРЫЗДАР ҰҒЫМЫН КЕҢЕЙТУ

ХВҚ мен Дүниежүзілік Банк 2023 жылы өткізілген Қазақстанның қаржы секторын бағалау бағдарламасының қорытындысы бойынша Қазақстанның практикасындағы жұмыс істемейтін қарыздар анықтамасын халықаралық стандарттарға сәйкес келтіруді, оның ішінде оған ХҚЕС 9 бойынша 3-сатыдағы қарыздардың толық сомасын қосуды ұсынды. 2024 жылдың соңында реттеуші жұмыс істемейтін қарыздар (NPL) ұғымын¹⁰ тек мерзімі өткен берешегі 90 күннен асатын қарыздардан СҚҚА қоса алғанда, 3-сатыдағы қарыздарға дейін кеңейтті. Бұл ретте жұмыс істемейтін қарыздар анықтамасын өзгертудің банктерге әсерін реттеу үшін жаңа анықтама 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап берілген қарыздарға ғана қолданылды. NPL жаңа анықтамасы енгізілген кезде банктердің корпоративтік портфельіндегі осындай қарыздардың үлесі 0,9%-ды құрады (4.3-график).

1-график ХҚЕС бойынша 3-сатыдағы кредиттер төлем мерзімін өткізіп алу 90 күннен асатын қарыздарға қарағанда кредиттік тәуекелдерді дәлірек көрсетеді

3-сатыдағы қарыздар үлесі бөлінісінде банктердің портфельдері бойынша корпоративтік портфельдің құрылымы



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім

3-сатыдағы құнсызданған қарыздар мерзімі өткен берешегі 90 күннен асатын қарыздармен салыстырғанда несие портфельіндегі кредиттік тәуекелдерді дәлірек көрсетеді. 3-сатыдағы қарыздардың құрылымына, төлем мерзімін 60 күннен астам кешіктіру сияқты шарт талаптарын бұзу жағдайларынан басқа, қаржылық жағдайдың едәуір нашарлауы, борышты мәжбүрлі түрде қайта құрылымдау, басталған банкроттық рәсімі сияқты қарыз алушының кредитке қабілеттілігіне байланысты оқиғалар не банктердің ішкі әдістемелеріне сәйкес қарыздың құнсыздануына әсер ететін басқа да жағдайлар жатады. Осылайша, 3-сатыдағы қарыздардың үлесі банктердің корпоративтік несие портфельіндегі мерзімі өткен берешегі 90 күннен асатын қарыздардың үлесінен айтарлықтай асып түседі (1-график). Мәселен, ДК портфельіндегі құнсызданған қарыздардың үлесі төлем мерзімін өткізіп алу 90 күннен асатын қарыздардың үлесінен шамамен бір жарым есе (1,44) асады. Бұл ретте бұл көрсеткіштердің үлкен айырмашылығы мерзімі өткен берешегі 90 күннен асатын қарыздарға жатқызылмаған құнсызданған корпоративтік қарыздардың негізгі көлемі шоғырланған ШОБ және ІБ несие портфельдерінде байқалады.

4.2 БАНКТЕРДІҢ БӨЛШЕК ПОРТФЕЛІ

2024 жылы банктердің бөлшек портфельінің өсуі жалғасып отыр. Өсудің негізгі қозғаушы күші тұтынушылық кепілсіз қарыздар болып қала береді. Қарыз алушылардың әрекеттерінің өзгеруі байқалады – қарыз алушылардың көпшілігі ипотекалық қарыздар мен автокредиттерді ресімдейді. Бөлшек қарыздардың сапасы жоғары болуда. Бұл ретте 2024 жылы 3-сатыдағы бөлшек қарыздарды провизиялармен өтеу деңгейі провизиялар көлемінің өсуіне қарамастан 54%-ға дейін төмендеді, өйткені мерзімі өткен берешек резервтерге қарағанда тез өсуде.

2024 жылдың ортасынан бастап ипотекалық тұрғын үй қарыздары мемлекеттік бағдарламалар мен зейнетақы жинақтарын алудың қол жетімді болуы аясында өсуді көрсетіп отыр. Осы жағдайларда ипотекалық қарыздың орташа сомасының төмендеуі қарыз алушыларды қарыздың осы түрімен қамтудың одан әрі кеңеюін айғақтайды.

Автокредиттеу сегменті қарқынды өсуді көрсетеді: 2024 жылы портфель көлемі 53,8%-ға ұлғайып, 2,8 трлн теңгеге жетті, ал оның бөлшек портфельдегі үлесі 13,7% болды. Өсумен бірге тәуекелдер де күшейеді. Осы сегменттегі 3-сатыдағы қарыздар көлемі рекордтық 179,7 млрд теңгеге жетті, ал олардың қарыздар үлесі 6,4%-ға дейін өсті. Әсіресе 2021–2023 жылдары берілген қарыздардың сапасы тез төмендейді. Автокредиттің өсуін ынталандыратын БЖК бойынша реттеудің жеңілдеуі осы портфельде тәуекелдердің жинақталуына әкелуі мүмкін.

2024 жылдың қорытындысы бойынша бөлшек сауда портфельінің көлемі 23,8%-дық жылдық өсу кезінде 20,7 трлн теңгеге (2023 жылы – 16,7 трлн теңге) жетті, бұл 2023 жылғы 26,7%-дық мәннен және 2021 жылғы 40,9%-дық ең жоғары мәннен сәл төмен (4.8-график). Бөлшек портфельдің өсу қарқынының біршама баяулауына қарамастан, бөлшек портфель өсімінің абсолютті көлемінің өсуі жалғасуда: 2024 жылы 4 трлн теңге, 2023 жылы 3,5 трлн теңге. 2024 жылы реттеуші банктердің бөлшек портфельінің тәуекелдерін азайту мақсатында осы сегменттің өсуін тежеу бойынша бірқатар шаралар қабылдағанын атап өткен жөн (4.2-бокс).

2024 жылы бөлшек портфельдің өсуіне тұтынушылық кепілсіз қарыздар ең үлкен үлес қосты (11,9%), дегенмен олардың үлесі 2023 жылғы 14,8%-бен салыстырғанда қысқарды. Автокредиттеудің үлес қосуы 2024 жылы біртіндеп 5,9%-ға дейін төмендеп, алдыңғы жылғы деңгейін сақтап қалды. Сонымен қатар, ипотекалық кредиттеудің үлес қосуы 2022 жылдан бастап төмендей отырып (12,9%), 4,6%-ға жетті.

2024 жылы бөлшек портфель құрылымында тұтынушылық кепілсіз (52,1%) және ипотекалық тұрғын үй қарыздары (28,7%) басым болды (4.9-график). Есепті кезең ішінде автокредиттеу үлесі өсе беріп, тарихи максимум 13,7%-ға жетті. Қамтамасыз етуі бар тұтынушылық қарыздар (4%) және басқа да қарыздар (1,4%) бөлшек несие портфельінің құрылымында азғантай болуда. Автокредиттерге сұраныс жоғары болуда, оның ішінде жаңа автомобильдерге¹¹ борыштық жүктеме коэффициенті (БЖК) бөлігінде реттеудің жеңілдеуіне және жеңілдікті дилерлік бағдарламалардың кеңінен ұсынылуына байланысты орнықты түрде жоғары болып отыр.

¹⁰ «Банктің және банк конгломератының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банк филиалының қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторларды белгілеу, сондай-ақ ертерек ден қою шараларын көздейтін іс-шаралар жоспарын мақұлдау қағидаларын және банктің (банк конгломератының), Қазақстан Республикасының бейрезидент-банк филиалының қаржылық жай-күйінің нашарлауына әсер ететін факторларды анықтау әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 28 желтоқсандағы №317 қаулысы – жұмыс істемейтін қарыздардың жаңа анықтамасына қатысты тиісті түзетулер 2025 жылғы 19 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

¹¹ «Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелерін, капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияны есептеу қағидалары мен оның лимиттерін белгілеу туралы» ҚРҰББ-ның 2017 жылғы 13 қыркүйектегі №170 қаулысына сәйкес 2024 жылғы 1 сәуірден бастап 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін қоса алғандағы кезеңде жаңа автокөлік құралын сатып алу мақсаты үшін осы автокөлік құралының кепілімен қамтамасыз етілген қарыз берілген кезде БЖК есептелмейді



4.8-график 2024 жылы бөлшек несие портфелінің өсуі төмендеді. Негізгі үлес қосу тұтынушылық кепілсіз қарыздарда сақталады



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім

Ескертпе: (1) ИТҚ ипотекалық және тұрғын үй қарыздарын қамтиды; (2) «Басқалар» құрылыс, тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу, тұрғын үй қарызын қайта қаржыландыру және т.б. мақсатында берілген қарыздарды қамтиды.

4.9-график 2024 жылы кепілсіз тұтынушылық қарыздардың үлесі жоғары болып, автокредиттердің үлесі өсуде



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім

Тұтынушылық қарыздар кредиттік өнімдердің әртараптандырылуына қарамастан бөлшек несие портфелінде басым болуда. Бұл ретте ұзақ мерзімді борыштық жүктемесі бар, ИТҚ қарыздары және автокредиттеу бойынша ірі міндеттемелерді қамтитын қарыз алушылар үлесі біртіндеп өсуде. Мәселен, қарыздың тек осы түрі бар қарыз алушылардағы тұтынушылық қарыздар портфелі көлемі бойынша ең алда болып, 2022 жылғы 6.5 трлн теңгеден 2024 жылы 9.9 трлн теңгеге дейін өсті (4.10-график). Жыл сайын шамамен 1.7 трлн теңгеден өсіп, негізгі өсім 2023–2024 жылдарға келді. Тұтынушылық қарыздары мен автокредиттері бар қарыз алушылардың берешегі одан да тез өсті: көлемі көрсетілген кезеңде 2.6 есеге (1.1 трлн теңгеден 2.9 трлн теңгеге дейін) ұлғайды. Сонымен қатар қарыз алушылардың қосымша ипотекасы бар портфель жылдам қарқынмен өсуде. Осы санаттағы портфель көлемі 2022 жылдың соңында 0.4 трлн теңгеден 2024 жылдың қорытындысы бойынша 1.1 трлн теңгеге дейін үш есеге жуық өсті.

4.10-график Тұтынушылық қарыздар бұрынғыша қарыз алушылар берешегінің негізгі түрі болуда



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім


Ескертпе: (1) Тұтынушылық қарыз – қарыз алушыда қарыздың тек осы түрі бар; (2) Тұтынушылық қарыз және автокредиттеу – қарыз алушының тұтынушылық қарызы мен автокредиті бар; (3) Тұтынушылық кредит, автокредит және ИТҚ – қарыз алушыда қарыздың барлық үш түрі бар; (4) Қалғандары – қарыз алушыдағы қарыздардың барлық басқа ықтимал комбинациясы.

2022 жылдан бастап тек қана тұтынушылық қарызы бар қарыз алушылар санының бірқалыпты өсуі байқалады. Мұндай қарыз алушылардың саны 2022 жылдың соңындағы 6.3 млн адамнан 2023 жылдың соңында 6.6 млн адамға дейін және 2024 жылдың соңында 6.7 млн адамға дейін ұлғайды (4.11-график). Абсолютті өсім шамамен 411,3 мың адам немесе үш жыл ішінде +6.5% болды. Бұл ретте өсім қарқыны төмендеуде: егер 2022 және 2023 жылдары тұрақты өсу байқалса, 2024 жылы өсім тек 104,2 мың адам немесе алдыңғы жылмен салыстырғанда 1,6% болды. Бұл қарыз алушылар санының басым болуына қарамастан, кредиттік өнімнің осы түрінің халық арасына енуінің біртіндеп шекті деңгейіне жетуін көрсетуі мүмкін.

Қарыздардың аралас түрлерін (тұтынушылық + автокредиттеу және/немесе ипотекалық қарыз) ресімдейтін қарыз алушылар саны айтарлықтай тез өсуде. Тұтынушылық қарызы мен автокредиті бар қарыз алушылардың саны 2022 жылдың басынан бастап 216,8 мың адамнан 2024 жылдың соңында 353,1 мың адамға дейін өсіп, өсім 136,3 мың адам немесе +62,8% болды. 2023 және 2024 жылдары ерекше динамикалық түрде өсім болды: тиісінше +35 мың адам (+15,9%) және +98,5 мың адам (+38,7%). Сонымен қатар, қосымша ипотекасы да бар қарыз алушылардың портфелі артып келеді. 2024 жылы мұндай қарыз алушылардың саны 33,9 мың адамнан 52,6 мың адамға дейін өсті (+55,1%), ал 2022 жылдан бастап олардың саны 3 есеге жуық өсті (+150,6%). Шағын үлесіне қарамастан, ипотекаға, автокредитке және тұтынушылық қарызға қатар қызмет көрсететін халық санының жылдам өсуі орта мерзімді перспективада кредиттік тәуекелдердің арту әлеуетін туындатады. Тұтынушылық қарыздар бөлшек портфельдің негізі болып қала берсе де, ірі төлемдері бар ұзақ мерзімді борыштық жүктеменің ұлғаюы банктердің қарыз алушылардың төлем қабілеттілігін мониторингтеуді күшейтуін қажет етеді.



4.11-график Тұтынушылық қарыздар басқа қарыздардың өсуіне қарамастан қарыз алушылардың негізгі таңдауы болуда




Дереккөзі: Кредиттік тіркелім

Ескертпе: (1) Тұтынушылық қарыз – қарыз алушыда қарыздың тек осы түрі бар; (2) Тұтынушылық қарыз және автокредиттеу – қарыз алушының тұтынушылық қарызы мен автокредиті бар; (3) Тұтынушылық кредит, автокредит және ИТҚ – қарыз алушыда қарыздың барлық үш түрі бар; (4) Қалғандары – қарыз алушыдағы қарыздардың барлық басқа ықтимал комбинациясы.

2024 жылдың қорытындысы бойынша бөлшек несие портфелінің сапасы жоғары деңгейде болды. ХҚЕС 9 бойынша 1-сатыдағы қарыздардың үлесі өзгерген жоқ – 2023 жылы 91.9% және 2024 жылы 91.5% (4.12-график). Сонымен қатар, 2-сатыдағы қарыздардың үлесі соңғы 2 жылда 2.5% деңгейінде сақталып отыр. Бөлшек портфельдегі 3-сатыдағы қарыздардың үлесі 2023 жылғы 5.6%-дан 2024 жылы 5.9%-ға дейін өсті.

4.12-график Бөлшек портфельдегі 3-сатыдағы қарыз үлесі негізінен портфельдің өзінің жоғары өсу қарқынына байланысты төмен болуда




Дереккөзі: Кредиттік тіркелім

Ескертпе: (1) 1-саты – кредиттік тәуекелі айтарлықтай өспейтін, ХҚЕС 9-ға сәйкес 12 айға күтілетін залал есептелетін кредиттер; (2) 2-саты – кредиттік тәуекелі айтарлықтай өскен, бірақ дефолт белгілері жоқ, ХҚЕС 9 бойынша активтің бүкіл мерзіміне күтілетін залал есептелетін кредиттер; (3) 3-саты – дефолт белгілері бар, ХҚЕС 9-ға сәйкес активтің бүкіл мерзіміне күтілетін залал ескерілетін проблемалық (жұмыс істемейтін) кредиттер; (4) СҚҚА (күмәнді және бақыланатын міндеттемелер бойынша провизиялар) – банктер ХҚЕС 9 талаптары шеңберінде күтілетін кредиттік залалды өтеу үшін қалыптастыратын резервтер.

2024 жылдың қорытындысы бойынша кепілсіз тұтынушылық қарыздар көлемі 2023 жылмен салыстырғанда 8.8 трлн теңгеден 10.8 трлн теңгеге дейін ұлғайды. Бұл ретте оның жылдық өсу қарқынының 2023 жылғы 28.6%-бен салыстырғанда 22.7%-ға дейін баяулауы байқалады. Осы сегментте 3-сатыдағы қарыздардың үлесі 2023 жылғы 7.8%-бен салыстырғанда 8.2%-ға дейін өсті, абсолютті мәндерде 3-сатыдағы кепілсіз қарыздардың көлемі 882.8 млрд теңгеге жетті (2023 жылы – 686.7 млрд теңге) (4.13-график).

Қамтамасыз етуі бар тұтынушылық қарыздар портфелінің өсу қарқыны да 2023 жылғы 31.1%-бен салыстырғанда 23.1%-ға дейін төмендеді, абсолюттік мәнде портфель көлемі 830.8 млрд теңгеге дейін өсіп, бөлшек портфельдегі өзінің шағын позицияларын сақтап отыр. Сонымен қатар, 3-сатыдағы қамтамасыз етуі бар тұтынушылық қарыздар көлемі 71.7 млрд теңгеге дейін ұлғайды (2023 жылы – 61.6 млрд теңге), ал 3-сатыдағы қарыздар үлесі 2023 жылғы 9.1%-дан 2024 жылы 8.6%-ға дейін төмендеді.

4.13-график Автокредиттеу сегментінде 3-сатыдағы қарыздардың үлесі артты, ал бөлшек кредиттеудің қалған сегменттерінде сол деңгейде қалды




Дереккөзі: Кредиттік тіркелім

Ескертпе: (1) 3-саты – дефолт белгілері бар, ХҚЕС 9-ға сәйкес активтің бүкіл мерзіміне күтілетін залал ескерілетін проблемалық (жұмыс істемейтін) кредиттер; (2) NPL90+ – төлемдер мерзімін кешіктіру 90 күннен асатын қарыздар.

Бөлшек портфель бойынша провизиялардың жалпы көлемі 2024 жылы 1 049,8 млрд теңгеге дейін өсті, ал 3-сатыдағы қарыздар бойынша қалыптастырылған провизиялар 661,4 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Провизиялар көлемінің өсуіне қарамастан, 3-сатыдағы қарыздарды өтеу деңгейі 2024 жылы 54%-ға дейін төмендеді, ал 2023 жылы ол 59%, 2022 жылы 61,4% болды (4.14-график). Өтеу деңгейінің төмендеуі мерзімі өткен берешектің өсу қарқыны резервтерді қалыптастыру қарқынынан асып түсетінін көрсетеді, бұл болашақта активтер сапасы нашарлауының банк секторына әсерін арттырады. Сонымен қатар тұтынушылық қарыздарды провизиялармен өтеу 7.3%-ды құрайды, бұл бүкіл бөлшек портфель бойынша (5.1%) және кредиттеудің басқа түрлері бойынша жоғары. Бұл жайт банктердің тұтынушылық қарыздарға провизия қалыптастырудың консервативті тәсілін сақтайтындығын көрсетеді.



4.14-график Бөлшек портфель провизияларының жалпы өсуі кезінде 3-сатыдағы қарыздарды провизиялармен өтеу төмендейді



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім

ИПОТЕКАЛЫҚ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚАРЫЗДАРЫ ПОРТФЕЛІНІҢ ТӘУЕКЕЛДЕРІ


Банктердің ИТҚ портфельінің мемлекеттік қолдау есебінен де, нарықтық тетіктер есебінен де өсуі жалғасуда. Портфель көлемінің өсуі байқалады, қарыз алушылар саны артып келеді, нарықтық ипотеканың қатысуы кеңеюде, бұл ретте қарыздардың жоғары сапасы сақталып отыр.

ИТҚ портфельінің өсу қарқыны 2024 жылы аздап ұлғайып, 14.9% болды (2023 жылы – 14.5%). ИТҚ көлемі 5.9 трлн теңгеге дейін өсті, ал оның бөлшек кредиттеудегі үлесі 2024 жылдың соңына қарай 28.7%-ға дейін төмендеді (2023 жылдың қорытындысы бойынша 30.9%) (4.13-график). ИТҚ қарызының сапасы тұрақты түрде жоғары деңгейде сақталуда – соңғы бірнеше жылда 3-сатыдағы қарыздың үлесі төмендеп, 2024 жылы 0.9%-ға жетті, ал NPL90+ үлесі 0.6% болды. Бұл ретте 2021 және 2022 жылдары жеңілдетілген мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларын жалғастырумен және азаматтардың зейнетақы жинақтарын тұрғын үй жағдайын жақсартуға пайдалану мүмкіндігімен қолдау тапқан ипотекалық кредиттеудің белсенді өсу кезеңі осы кезеңдердегі қарыздар сапасының төмендеуінен көрініс тапқанын атап өткен жөн (4.15-график). Мәселен, 2021 жылы берілген қарыздардың NPL90+ деңгейі 6.6 млрд теңге, ал 2022 жылғы қарыздарда – 2024 жылдың соңындағы жағдай бойынша 8.9 млрд теңге. Бұл ретте осы қарыздар бойынша NPL90+ үлесі әлі де 0.5%-дық төмен деңгейде.

2024 жылдың екінші жартысында ИТҚ портфельі беру қарқыны мен берілген қарыздар санының артқанын көрсетті. 2024 жылғы маусымнан бастап ай сайынғы беру көлемі 137.1млрд теңгеден 2024 жылғы желтоқсандағы рекордтық 246.6 млрд теңгеге дейін өсті, ал берілген қарыздар саны 2024 жылғы бірінші жартыжылдықтың соңындағы 4.4 мың қарызбен салыстырғанда 9 мың қарызға жетті (4.16-график). Бұл ретте бір қарыздың орташа сомасы 27.7 млн теңгеге дейін төмендеді, бұл ипотеканың кіріс деңгейі бойынша қарыз алушылардың неғұрлым кең ауқымы үшін қолжетімділігінің кеңейгенін көрсетеді. Салыстыру үшін айтсақ, 2023 жылы көрсеткіші ең жоғары айларда беру көлемі 5.45 мың қарыз болған кезде шамамен 172.2млрд теңге болды, ал 2022 жылы 5 мыңға жуық мәміле санымен 200 млрд теңге болды.


Осылайша, екі жыл ішінде нарық сандық және құрылымдық көрсеткіштер бойынша айтарлықтай өсіп, осы сегменттегі сұранысты көрсетті. Портфельдің мұндай өсуі 2024 жылғы 3 және 4-тоқсанда зейнетақы жинақтарды алудың ұлғаюына, сондай-ақ «Отау» және «Наурыз» мемлекеттік ипотекалық бағдарламалары бойынша ұсынысқа байланысты. Сонымен қатар, нарықтық ипотека да өсуде, ол 2024 жылы 2023 жылғы желтоқсандағы 69.2млрд теңгеден 2024 жылдың соңындағы 114.2млрд теңгеге дейін ұлғайды (+65%). Әсіресе жылдың екінші жартысында жылдам өсу байқалды.

4.15-график 2021 және 2022 жылдары берілген ипотекалық қарыздарда NPL90+ көлемінің ең жоғары мәндері бар



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім
 Ескертпе: (1) 2015 жылға дейін берілген қарыздарды қоспағанда; (2) NPL90+ – банктердің есептілігі бойынша төлемдер мерзімі 90 күннен асатын қарыздар.

4.16-график Ипотека 2024 жылы орнықты өсті



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім

АВТОКРЕДИТТЕР ПОРТФЕЛІНДЕГІ ТӘУЕКЕЛДЕР

Автокредиттеудің кеңінен таралуы аясында проблемалық берешектің өскені байқалады. Қарыз алушыларға қойылатын талаптардың әлсіреуі және сатушылар мен банктер тарапынан автокредиттерді берудің шамадан тыс көп болуы портфельдің жедел өсуіне және осы сегменттегі тәуекелдердің артуына алып келеді.


2024 жылы автокредиттеудің өсу қарқыны баяулап, 53.8% (2023 жылы – 73%) болды. Автокредиттер көлемі 2.8 трлн теңгеге дейін өсті, ал жеке кредиттеудегі үлесі 2024 жылдың соңына қарай 13.7%-ға дейін өсті (2023 жылы – 11%) (4.13-график). Автокредиттеу жеке кредит портфельінің басқа сегменттерімен салыстырғанда жоғары өсу қарқынын көрсетуді жалғастыруда. Сонымен қатар, автокредиттеу портфельіндегі 3-кезеңдегі қарыздар үлесі 6.4%-ға дейін (2023 жылы – 5.1%) ұлғайды. 2024 жылы автокредиттер бойынша 3-кезеңдегі қарыздар көлемі тарихи ең жоғары мөлшері – 179.7 млрд теңгеге жетті. Осылайша, автокредиттеудің қарқынды өсуі кредиттік тәуекелдердің жедел жинақталуымен және бұрын берілген қарыздар сапасының төмендеуімен қатар жүреді.




2024 жылдың қорытындысы бойынша автокредиттеудегі NPL90+ көп бөлігі 2021–2023 жылдары берілген қарыздарға жатады (4.17-график). 2024 жылдың соңындағы жағдай бойынша NPL90+ ең үлкен көлемі 2023 жылғы қарыздар бойынша – 67,1 млрд теңге, 2022 жылғы қарыздар бойынша – 35 млрд теңге, ал 2021 жылғы қарыздар бойынша – 16 млрд теңге болып тіркелді. Бұл ретте NPL90+ деңгейі осы кезеңдерде берілген қарыздар бойынша тез өсуде: көрсеткіш 2023 жылғы қарыздар бойынша бір жылда 1,1%-дан 6%-ға дейін; 2022 жылғы қарыздар бойынша екі жылда 1%-дан 7,3%-ға дейін; 2021 жылғы қарыздар бойынша үш жылда 0,37%-дан 7,1%-ға дейін ұлғайды.

4.17-график 2021–2023 жылдары берілген автокредиттерде NPL90+ көлемінің ең жоғары мәндері бар

Есепті кезеңнің соңындағы NPL90+ көлемі



Есепті кезеңнің соңындағы NPL90+ үлесі



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім

Ескертпе: (1) 2015 жылға дейін берілген қарыздарды қоспағанда; (2) NPL90+ – банктердің есептілігі бойынша төлемдер мерзімі 90 күннен асатын қарыздар.

2022–2024 жылдар аралығында автокредиттеу сегменті берілген қаражат көлемі бойынша және ресімделген қарыз шарттарының саны бойынша тұрақты өсті. Алайда, жалпы оң динамикаға қарамастан, беру көлемі 2023 жылғы желтоқсандағы 170 млрд теңгеден 2024 жылғы маусымда 112 млрд теңгеге дейін қысқарды. Төмендеудің ықтимал себебі халықтың кредиттік жүктемесін шектеуге бағытталған БЖК әрекетінің кеңеюі болды (4.2-бокс). 2024 жылғы желтоқсанда берілген автокредиттер көлемі 223 млрд теңгеге жетіп, жыл ортасындағы көрсеткіштермен салыстырғанда өсім көрсетті (4.18-график). Автокредиттер саны көрсетілген кезеңде өсті. Әсіресе, 2024 жылдың екінші жартысында көрсеткіштің күрт артқаны байқалады – соңғы тоқсанда берілген қарыздар саны ай сайын 20 мыңнан асты. Бұл үрдіс автомобильдерге тұтынушылық сұраныстың артқанын куәландырады. Сонымен қатар, 2024 жыл ішінде қарыздың орташа сомасының төмендегені байқалды. Егер 2023 жылдың соңында қарыздың орташа мөлшері 18,3 млн теңге болса, онда 2024 жылғы маусымға қарай ол 15,7 млн теңгеге дейін, ал 2024 жылдың соңына қарай 10,5 млн теңгеге дейін қысқарды.

2024 жылғы үшінші және төртінші тоқсанда банктерге жүргізілген пікіртерім нәтижелері автокредитке сұраныстың тұрақты түрде өсіп келе жатқанын¹² көрсетеді. Бұл көбінесе серіктес-автосалондар тарапынан маркетингтің белсенді түрде ілегрілеуіне, сондай-ақ осы серіктестер ішінара субсидиялайтын акциялық ұсыныстардың пайда болуына байланысты. Автокредиттеу саласында цифрлық шешімдерді дамыту сұраныстың өсуін қосымша ынталандырды. Сонымен қатар, осы көлік құралының кепілімен қамтамасыз етілген жаңа автокөлік құралын сатып алуға арналған қарыздар бойынша БЖК есептеу талабын алып тастау 2024 жылғы екінші тоқсанда автокредиттер көлемі мен санының өсуіне ықпал етуі мүмкін (4.2-бокс). Сұраныстың артуына және БЖК есебіне жеңілдету салдарынан мақұлданған өтінімдер үлесінің көбеюіне байланысты автокредиттеу сегменті айтарлықтай өсті.

¹² ҚРҰБ-тың «Банктерге жүргізілген кредиттеу жөнінде пікіртерім» деген тоқсан сайынғы талдамалық жарияланым

4.18-график Автокредиттеу автомобильдерге жоғары тұтынушылық сұранысты көрсететін орнықты өсуді көрсетеді



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім

4.2-БОКС 2024 ЖЫЛЫ ҚАБЫЛДАНҒАН РЕТТЕУ ШАРАЛАРЫ

2024 жылы Қазақстанда ҚНРДА мен ҚРҰБ қаулыларында тұтынушылық кредиттеу бөлігінде бірнеше негізгі өзгерістер қабылданды және іске асырылды:

- 2024 жылғы 1 сәуірден бастап ҚРҰБ-тың №170¹³ қаулысымен қарыз алушылардың борыштық жүктемесінің коэффициентін (БЖК) есептеу тәртібі қатаңдатылды, ол қарыз алушы кірісінің 50%-ы деңгейінде кредиттер бойынша төлемдердің жиынтық мөлшерін шектейді. Тұрғын үй құрылыс жинақтарын қоспағанда, барлық қарыз алушыларға және барлық қарыздарға қойылатын талаптың қолданылуы кірісті бағалаудан үш жанама өлшемшартты (коммуналдық қызметтер, интернет-дүкендерде сатып алу, мүліктің болуы) алып тастады. Бұл қарыздарға қызмет көрсету үшін жеткілікті табысы жоқ тұлғаларға кредит беруге жол бермеуге бағытталған. Сонымен қатар, 2024 жылғы 12 маусымнан бастап №170 қаулыға 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін жаңа автокөлікті қамтамасыз ету үшін берілетін қарыздарға БЖК қолданбау туралы өзгеріс қабылданды.
- 2024 жылғы тамызда ҚНРДА мен ҚРҰБ¹⁴ бірлескен қаулысында кепілсіз банктік қарыздар бойынша шекті жылдық тиімді мөлшерлеме 56%-дан 46%-ға дейін төмендетілді.
- ҚНРДА-ның №61¹⁵ қаулысына сәйкес кепілсіз банктік қарыздың ең жоғары мөлшері 2200 АЕК-пен (2024 жылы шамамен 8,1 млн теңге), ал кепілсіз микрокредиттің ең жоғары мөлшері 1100 АЕК-пен шектелді. Бұл ретте кепілі бар банктік қарыздардың сомасы бойынша шектеулері жоқ.
- ҚНРДА-ның №55¹⁶ қаулысына сәйкес 2024 жылғы 1 қыркүйектен бастап 1000 АЕК-тен (2024 жылы шамамен 3,7 млн теңге) асатын қарыз немесе микрокредит алу үшін жұбайының немесе зайыбының келісімі талап етіледі, бұл ірі кредиттерді ресімдеу кезінде жауапкершілікті арттыруға бағытталған.

¹³ «Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелерін, капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияны есептеу қағидалары мен оның лимиттерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі №170 қаулысы

¹⁴ «Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшерлерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 16 тамыздағы №62 қаулысы және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 19 тамыздағы №45 бірлескен қаулысы

¹⁵ «Тұтынушылық банктік қарыз және тұтынушылық микрокредит сомасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 16 тамыздағы №61 қаулысы

¹⁶ «Жеке тұлғаға банктік қарыз немесе микрокредит беруге жұбайының (зайыбының) келісімін алу қағидаларын, жеке тұлғаға банктік қарыз немесе микрокредит беруге жұбайының (зайыбының) келісімі қажет болатын банктік қарыздың немесе микрокредиттің ең төменгі мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 16 тамыздағы №55 қаулысы




4.3 КЕПІЛСІЗ ТҰТЫНУШЫЛЫҚ ҚАРЫЗДАР

2024 жылы кепілсіз тұтынушылық қарыздар портфелінің өсу қарқыны баяулады, ал портфельдің абсолютті өсуі 2023 жылғы деңгейде сақталып отыр. Өсімнің негізгі үлесі 1 млн теңгеден бастап және одан асатын қарыздардың жиынтық сомасы бар қарыз алушыларға тиесілі. Берешек сомасының өсуімен бірге борыш жүктемесі коэффициентінің жоғары мәні бар қарыз алушылардың үлесі де артады. ХҚЕС бойынша 3-кезеңдегі қарыздар кепілсіз тұтынушылық қарыздардың неғұрлым жоғары үлесі бар банктерде «1 млн – 5 млн» көлемінде берешек сомасы бар қарыз алушылар тобына шоғырландырылған.

2024 жылдың соңындағы жағдай бойынша кепілсіз тұтынушылық қарыздар портфелі (бұдан әрі – КТҚ) 10.8 трлн теңгеге жетті. 2024 жылы КТҚ портфелінің өсу қарқыны жоғары болып қалса да, оның өткен жылдармен салыстырғанда динамикасының баяулағаны байқалады. Мәселен, номиналды ЖІӨ-нің жылдық өсімі 13,2% болған кезде КТҚ портфелі 22,7%-ға өсті (4.19-график). КТҚ бойынша негізгі борыштың абсолютті өсімі 2024 жылы 1 995 млрд теңгені құрады, бұл 2023 жылғы деңгейге (1 954 млрд теңге) сәйкес келеді. Екі жыл қатарынан осындай өсу қарқынының сақталуы халық тарапынан кредиттердің осы түріне тұрақты сұранысты көрсетеді.

4.19-график КТҚ портфелінің өсу қарқыны баяулады, ал портфельдің абсолютті өсуі 2023 жылғы деңгейде сақталады

ЖІӨ динамикасымен салыстырғандағы КТҚ динамикасы




Дереккөзі: Кредиттік тіркелім, ҰСБ

2024 жылдың қорытындысы бойынша КТҚ негізгі үлесі 1 млн теңгеден астам сомадағы негізгі борыштың жиынтық көлемі бар қарыз алушыларда шоғырланған, ол банктердегі КТҚ портфелінің 84%-ын құрайды (4.20-график). Бұл ретте КТҚ портфелінің негізгі борышының ең көп сомасы «1 млн – 5 млн» көлемінде жиынтық берешегі бар қарыз алушылар сегментіне 5 551 млрд теңге мөлшерінде келеді.

4.20-график КТҚ портфеліндегі негізгі үлесті 1 млн теңгеден бастап және одан асатын қарыздардың жиынтық сомасы бар қарыз алушылар алады

Жылдар бойынша борыш сомасы бойынша топтар бөлінісінде несие портфелінің көлемі




Дереккөзі: Кредиттік тіркелім

Ескертпе: Борыш сомасы бойынша топтар әрбір жылдың соңында қарыз алушының барлық қолданыстағы КТҚ бойынша борыш қалдығын жинақтау арқылы айқындалды

Бұл ретте 5 млн теңгеден астам қарыздар тобының абсолютті өсіміне қарамастан, оның өсу қарқыны 2023 жылғы 80,6%-дан 2024 жылы 46%-ға дейін 2024 жылы 2 есе төмендеді (4.21-график). Үш жыл ішінде «1 млн – 5 млн» көлеміндегі қарыз тобының алғашқы төмендеуін және «500 мың – 1 млн» көлеміндегі топтың КТҚ портфелінің өсу қарқынының төмендеуін атап өткен жөн.

4.21-график 1 млн теңгеден асатын борыштың жиынтық сомасымен сегменттер портфелі ұлғаяды, бұл ретте олардың өсу қарқыны төмендейді

Борыш топтары бөлігінде КТҚ портфелі сегменттерінің жылдық өсуі




Дереккөзі: Кредиттік тіркелім

2024 жылы КТҚ портфелінің өсуіне берешек мөлшері бойынша топтардың қосқан үлесі көп бағытты динамиканы көрсетеді (4.22-график). Есепті жылы КТҚ портфелі жиынтық қарызы 1 млн теңгеден асатын қарыз алушылар есебінен өсті. Бұл ретте қарыздардың жиынтық сомасы 1 млн теңгеге дейінгі топтың салымы біршама төмендеді. КТҚ өсіміне 1 млн теңгеден 5 млн теңгеге дейінгі сомадағы қарыздар тобының салымы 10,7% болды. 12,8% мөлшеріндегі ең көп үлесті 5 млн теңгеден басталатын сегмент енгізді.



4.22-график 2024 жылы КТҚ портфелі қарыздардың жиынтық көлемі 1 млн астам қарыз алушылар есебінен өсті

Борыш топтары бөлігінде КТҚ өсуіне қосқан үлесі




Дереккөзі: Кредиттік тіркелім

Берешек мөлшері топтары бөлігінде әрбір қарыз алушыға орта есеппен келетін КТҚ портфелі бойынша борыштың жиынтық сомасы 2024 жылы 2023 жылғы деңгейде сақталды (4.23-график).

4.23-график Қарыз сомасы 5 млн теңгеден асатын қарыз алушылар сегментіндегі несиелік портфелі олардың қарыздарының саны есебінен өсуде

Бір қарыз алушыға келетін борыштың жиынтық сомасы




Дереккөзі: Кредиттік тіркелім

Жиынтық борышы 5 млн теңгеден асатын қарыз алушылар тобында қарыз алушы қарызының орташа сомасы өткен кезеңдермен салыстырғанда төмендейді (4.24-график). Бұл төмендеу қарыз алушылардың жаңа қарыздар саны есебінен өздерінің жиынтық берешегін арттыруына байланысты болды. Бұл бір қарыз алушыға шаққандағы орташа НБ сомасының сақталуына, бірақ қарыз алушының орташа қарыз сомасының төмендеуіне әкелді. Тиісінше, КТҚ портфелінің өсуі қарыздар саны есебінен жиынтық берешекті ұлғайтқан, сондай-ақ қарыз сомасын ұлғайту есебінен бір топтан екінші топқа өткен (мысалы, «1 млн – 5 млн» тобынан «5 млн-нан астам» тобына) қарыз алушылар есебінен іске асырылды.

4.24-график Қарыз алушы қарызының орташа сомасы қарыз алушылар тобында 5 млн теңгеден бастап борыштың жиынтық сомасымен төмендейді

Бір қарыз алушының бір қарызына келетін борыштың орташа сомасы




Дереккөзі: Кредиттік тіркелім

Сыйақы мөлшерлемесі бойынша қарыз түрлері бойынша 2024 жылы КТҚ портфелінің өсуіне негізгі үлесті пайыздық қарыздар қосады (4.25-график). 2024 жылдың қорытындысы бойынша КТҚ портфелінің 23% өсімінің 14 пт пайыздық қарыздардан тұрады, 2023 жылы бұл көрсеткіш 21 пт құрады. Бұл үрдіс 2022 жылдан бері жалғасып келеді, мұнда өсімге пайыздық қарыздар негізгі үлесін қосты.

4.25-график Соңғы 2 жылда КТҚ портфелінің өсуіне негізінен пайыздық қарыздар әсер етеді

Сыйақы мөлшерлемесі бойынша қарыздар түрлері бөлінісінде КТҚ жылдық өсуі



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім

Ескертпе:


- 1) пайыздық қарыз – жоғарыда айқындалуы бойынша «бөліп төлеу» болып табылмайтын қарыздар, бұл қарыз алушы борыштың негізгі сомасынан (қарыздың негізгі сомасынан) басқа қарыз қаражатына есептелген пайыз сомасын төлеуге міндеттенетін кредитті білдіреді.
- 2) бөліп төлеу ретінде жіктелетін қарыздарға кредиттеу объектісі тұтыну тауарлары мен қызметтері (автокөлікті қоспағанда) болып табылатын, кредиттеу мақсаты сатып алу/сатып алу ретінде көрсетілетін, кепілі жоқ, кредиттеу түрі – қарыз, ал сыйақы мөлшерлемесі 1%-дан аз болатын жағдайлар жатады. Сондай-ақ бөліп төлеу санатына сыйақы мөлшерлемесі 1%-дан аз кредиттік карталар енгізіледі.

2024 жылдың қорытындысы бойынша КТҚ қарыз алушыларының жалпы саны 7,45 млн адамды құрады. Бұл ретте борыштың жиынтық сомасы 1 млн теңгеден 5 млн теңгеге дейін және 5 млн теңгеден астам қарыз алушылардың саны ұлғайды және тиісінше 2 545 мың және 485 мың болады (4.26-график). Қарыз алушылардың және жиынтық борыш бойынша сегменттегі негізгі борыштың 1 млн теңгеден астам мұндай ұзақ мерзімді өсуі бір қарыз алушыға борыштық жүктеменің одан әрі артқанын дәлелдейді.



4.26-график Борыштың жиынтық сомасы «1 миллионнан бастап 5 млн теңгеге дейін» және «5 млн теңге және одан да көп» қарыз алушылар саны ұлғайды

Жылдар бойынша борыш сомасы бойынша топтар бөлінісінде қарыз алушылардың саны




Дереккөзі: Кредиттік тіркелім

2024 жылы қарыз алушылардың борыш сомасы бойынша топтар арасындағы ауысуын талдау қарыз алушылардың берешегі неғұрлым жоғары санаттарға көбірек ауысатынын немесе өз тобында қалатынын көрсетеді (4.27-график):

- «500 мыңға дейін» тобындағы қарыз алушылардың 17,1%-ы «1 млн – 5 млн» сегментіне өтті;
- «1 млн – 5 млн» тобындағы қарыз алушылардың 8,7%-ы борышын «5 млн астам» теңгеге дейін өсірді;
- қарыз алушылардың 69,2%-ы ағымдағы борыштық жүктемесін сақтай отырып, «5 млн астам» тобында қалды.

Мұндай динамика көптеген қарыз алушылардың кепілсіз қарыз алу көлемін ұлғайту қажеттілігіне тап болғанын көрсетеді, бұл нақты кірістердің төмендеуін және қарыз қаражатына тәуелділіктің артуын көрсетуі мүмкін.

4.27-график 500 мыңға дейінгі топ қарыз алушыларының негізгі үлесі осы топта қалады




Дереккөзі: Кредиттік тіркелім

Ескертпе: Кесте қарыз алушылардың 2022 жылдың соңынан бастап 2023 жылдың соңына дейін және 2023 жылдың соңынан бастап 2024 жылдың соңына дейін топтар арасындағы ауысуларын көрсетеді.

Қарыз сомасына байланысты БЖК көрсеткіші негізінде қарыз алушылардың борыштық жүктеме деңгейі бойынша бөлінуін талдау қарыздың ең аз көлемі бар топта (500 мыңға дейін) борыштық жүктемесі 10%-ға дейінгі қарыз алушылар басым екенін көрсетеді, ал 5 млн теңгеден астам кредиттері бар қарыз алушылар арасында кірістің 30%-дан астамы қарызға қызмет көрсетуге кететін қарыз алушылар үлесінің айтарлықтай өскені байқалады (4.28-график). Әсіресе қарыз жүктемесі 40%-дан жоғары сегмент күрт өсуде, бұл қарыз сомасы өте үлкен қарыз алушылардың ықтимал жоғары кредиттік тәуекелдерін көрсетеді.

4.28-график Борыш сомасының өсуімен қарыз жүктемесі жоғары қарыз алушылардың үлесі ұлғаяуда

Қарыз алушыларды қарыз сомасына қарай борыштық жүктеме деңгейі (БЖД) бойынша бөлу



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім


Ескертпе: Қарыз алушының борыштық жүктеме коэффициенті барлық өтелмеген қарыздар бойынша мерзімі өткен төлемдердің сомасын қоса алғанда, қарыз алушының барлық өтелмеген қарыздары бойынша ай сайынғы төлем сомасының және қарыз алушының жаңа берешегі бойынша орташа ай сайынғы төлемнің қарыз алушының соңғы 6 айдағы орташа ай сайынғы кірісіне қатынасы ретінде есептеледі.

Бұл ретте борыштық жүктеменің деңгейін ғана емес, сондай-ақ қарыздар берілетін шарттарды да ескеру маңызды. Қарыз алушының борыштық жүктемесіне әсер ететін негізгі факторлардың бірі – қарыз бойынша сыйақының болуы немесе болмауы. Қарызы 500 мыңға дейінгі қарыз алушылар тобында қарыздың 60%-ы «бөліп төлеуге», ал 40%-ы пайыздық қарыздарға жатады. Келесі топта (500 мың – 1 млн) пайыздық қарыздардың басым үлесі (55%) байқалады (4.29-график). «1 млн – 5 млн» санатында бөліп төлеу үлесі 27%-ға дейін қысқарады, ал қарыздардың 73%-ы пайыздық қарыз ретінде берілген. Ең үлкен санатта (5 миллионнан астам) бөліп төлеу үлесі небәрі 13%-ды құрайды, ал басым көпшілігі (87%) пайыздық қарыз болып табылады. Осылайша, қарыз алушының жиынтық қарызы неғұрлым жоғары болса, нөлдік мөлшерлеме бойынша қарыздар соғұрлым аз беріледі.



4.29-график Қарыз алушының жиынтық борышы неғұрлым жоғары болған сайын, пайыздық қарыздар неғұрлым сирек беріледі

Қарыз көлемі және мөлшерлеме бойынша қарыздар түрі бойынша топтар бөлінісіндегі қарыздар үлесі



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім

Ескертпе:


- 1) пайыздық қарыз – жоғарыда айқындалуы бойынша «бөліп төлеу» болып табылмайтын қарыздар, бұл қарыз алушы борыштың негізгі сомасынан (қарыздың негізгі сомасынан) басқа қарыз қаражатына есептелген пайыз сомасын төлеуге міндеттенетін кредитті білдіреді.
- 2) бөліп төлеу ретінде жіктелетін қарыздарға кредиттеу объектісі тұтыну тауарлары мен қызметтері (автокөлікті қоспағанда) болып табылатын, кредиттеу мақсаты сатып алу/сатып алу ретінде көрсетілетін, кепілі жоқ, кредиттеу түрі – қарыз, ал сыйақы мөлшерлемесі 1%-дан аз болатын жағдайлар жатады. Сондай-ақ бөліп төлеу санатына сыйақы мөлшерлемесі 1%-дан аз кредиттік карталар енгізіледі.

КТҚ бойынша жиынтық борыш өскен сайын бір қарыз алушыға қарыз саны да артады (4.30-график (а)). Қарыз сомасы бойынша барлық топтарда қарыз алушыларда бар қарыз саны бойынша төрт және одан да көп кредиті бар қарыз алушылардың ең аз үлесі 13%-дан аспайды. 500 мыңнан 5 млн теңгеге дейінгі қарыз сомасы бойынша топта үш қарызы бар қарыз алушылардың жоғары үлесі байқалады.

Егер КТҚ ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғалардың барлық жеке қарызын қарастыратын болсақ, онда басқа жағдай байқалады. Қарыз алушылардың көпшілігінің борыш топтары бөлігінде 4 және одан да көп кредиті бар, ал «500 мыңға дейін» – «5 млн-нан астам» тобы аралығында «4 және одан да көп кредиті бар» қарыз алушылар үлесі ұлғаяды және осы топтағы барлық қарыз алушылардың 73%-ына жетеді (4.30-график (b)). Осылайша, қарыздың ең ірі топтарындағы «4 немесе одан да көп кредиті бар» тобындағы қарыз алушылардың жоғары үлесі қарыздар санын ұлғайту есебінен борыштық жүктемені арттыру үрдісін растайды.

4.30-график (а) КТҚ шағын жиынтық борышы бар (500 мың теңгеге дейін) қарыз алушылардың көбінесе тек бір кредиті болады


Қарыз алушыларды қарыз сомасына қарай КТҚ саны бойынша бөлу



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім

4.30-график (b) Ірі жиынтық борышы бар қарыз алушылардың негізінен 4 және одан да көп бөлшек қарыздары бар

Қарыз алушыларды қарыз сомасына қарай бөлшек қарыздардың саны бойынша бөлу



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім


1 млн теңгеден асатын сегменттегі несие портфелінің жоғары үлесі, сондай-ақ бір қарыз алушыға кепілсіз қарыздардың жоғары жиынтық сомасы банктер тарапынан ірі қарызы бар қарыз алушылардың қаржылық жай-күйі мен төлемге қабілеттілігіне сапалы бағалау жүргізуді талап етеді. 2024 жылдың қорытындысы бойынша КТҚ-дағы жұмыс істемейтін қарыздар үлесінің деңгейі төмен болып қалуда. ЕДБ бағалауы бойынша 2024 жылдың қорытындысы бойынша осы портфельдің кредиттік тәуекел деңгейі қалыпты болып қалады. Мәселен, 12 ай аралығында орташа өлшемді PD ең жоғары деңгейі қарыз сомасы 500 мыңнан 1 млн теңгеге дейінгі сегменттерде байқалады. Бұл ретте PD медианалық мәндері 3%-дан аспайды.

«Медианалық PD (12 ай)» қоспағанда, барлық метрика тәуекелі проблемалық қарыздардың бірдей бөлінгенін көрсетеді. Мәселен, проблемалық қарыздардың жоғары үлесі «500 мың – 1 млн» борышы бойынша топта орналасқан (4.31-график).



4.31-график КТҚ сегменттеріндегі жұмыс істемейтін қарыздары бар қарыз алушылардың үлесі ЕДБ бағалауы бойынша орташа мөлшерленген дефолт ықтималдығынан аспайды

Қарыз көлемі бойынша топтар бөлінісінде дефолт ықтималдығы және жұмыс істемейтін қарыздардың үлесі




Дереккөзі: Кредиттік тіркелім

Ескертпе: Әрбір қарызға кредиттік тәуекелді бағалаудың өзінің ішкі әдіснамасына сәйкес банк дербес есептеген дефолт ықтималдығының мәні (PD 12 ай) сәйкес келеді.

Жиынтық қарызы 1 млн теңгеден асатын қарыз алушылар сегментінің едәуір үлесін ескере отырып, 3-кезеңдегі қарыздардың негізгі көлемі осы топта шоғырланған (4.32-график). Бұл ретте борыш сомасы бойынша барлық топта 3-кезеңдегі қарыздардың негізгі үлесі жеке портфельдегі КТҚ ең көп үлесі бар 3 ірі банкке жатады. Осы банктердегі 3-кезеңдегі қарыздардың ең көп көлемі «1 млн – 5 млн» тобында байқалады, ал қалған банктер бойынша негізгі көлемі «5 млн-нан астам» борыш тобына жатады.

4.32-график 3-кезеңдегі қарыздардың негізгі үлесі КТҚ портфеліндегі ең ірі үлесі бар банктердегі «1 млн – 5 млн» қарыз алушылар тобына тиесілі

Несие портфелінің көлемі бойынша банктер топтары және борыш көлемі бойынша қарыз алушылар топтары бөлінісінде 3-кезең мен борыш көлемінің үлесі



Дереккөзі: Кредиттік тіркелім

Ескертпе: Баланста КТҚ портфелі бар банктер (17 банк) 2025 жылғы 1 қаңтардағы несие портфелінің көлемі бойынша 2 топқа бөлінген:

1) Ең үздік 3-тік – бөлшек портфелінде КТҚ-ның ең көп көлемі бар 3 банк;

2) Қалғандары – КТҚ портфеліндегі басқа да банктер.

4.4 МИКРОҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫ

Активтердің, сондай-ақ қарыз алушылар мен қарыздар санының елеулі ұлғаюы 2024 жылы микроқаржы қызметінің оң даму серпінінің сақталғанын көрсетеді. Бұл ретте микроқаржы сегментінің несие портфелінің сапасы біршама төмендеді. Жекелеген реттеуші талаптардың қатаңдатылуы тұтынушылық микрокредиттердің, оның ішінде PDL қарыздары¹⁷ үлесінің төмендеуіне әкелді. Сегменттің қарқынды дамуы, сондай-ақ банкке айналу мүмкіндігін қамтамасыз ететін заңнамалық нормалардағы өзгерістер аясында жекелеген ірі МҚҰ банктерге айналдыру бойынша белсенді жұмыс жүргізе бастады.

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың (МҚҚЖҰ) жиынтық активтері елеулі өсуді көрсетіп келеді және 2024 жыл ішінде 3 016,1 млрд теңгеге дейін 18.4%-ға ұлғайды. Атап айтқанда, МҚҰ активтері 24.1%-ға (1 718,8 млрд теңгеге дейін), КС – 6.9%-ға (905,8 млрд теңгеге дейін), ЛМД – 24.2%-ға (391,5 млрд теңгеге дейін) өсті. МҚҚЖҰ активтерінің ұлғаюы микрокредиттер көлемінің өсуі есебінен қамтамасыз етілді. Мәселен, 2024 жылы микрокредиттер портфелі 16,8%-ға ұлғайып, 2 467,8 млрд теңгені құрады: МҚҰ бойынша 21,5%-ға (1 345,2 млрд теңгеге дейін), КС 7,3%-ға (858,1 млрд теңгеге дейін) және ЛМД 28,6%-ға (264,5 млрд теңгеге дейін) ұлғайды. Салыстыру үшін ЕДБ жиынтық активтері көрсетілген кезеңде 61,6 трлн теңгеге дейін, 19,7%-ға, несие портфелі 35,4 трлн теңгеге дейін, 21,2%-ға өсті. Мәселен, МҚҚЖҰ-ға қаржы ұйымдарының кредиттеу сегментінің¹⁸ шамамен 6,5%-ы тиесілі.

4.33-график МҚҚЖҰ активтері мен берілген микрокредиттері өсуінің жоғары динамикасы¹⁹ 2024 жыл бойы сақталды

Тиісті тоқсанның соңындағы баланстық құны



Дереккөзі: Ұлттық Банк

2024 жылы МҚҚЖҰ қарыздарының саны мен қарыз алушыларының саны өсуде. Қарыз алушылар санымен салыстырғанда қарыздар санының салыстырмалы түрде жылдам өсу қарқынын атап өткен жөн (4.1-кесте). Тиісінше, мұндай динамика бір қарыз алушыға шаққандағы қарыздың орташа санының көрсеткішінде көрінеді.

4.1-кесте. 2024 жылы барлық түрдегі МҚҚЖҰ-ның қарыз алушылары мен қарыздарының саны артты

МҚҚЖҰ түрі	Санының өсуі (ж/ж)	
	Қарыз алушылар	Қарыздар
Микроқаржы ұйымдары	10.1%	11.1%
Кредиттік серіктестіктер	1.6%	2.2%
Ломбардтар	3.1%	12.8%
МҚҚЖҰ жиыны	9.7%	11.7%

Дереккөзі: МКБ

¹⁷ 45 АЕК-ке дейінгі сомада 45 күнге дейінгі мерзімдегі қысқа қарыздар (2024 жылы 3 692 теңге).


¹⁸ МҚҚЖҰ және ЕДБ.

¹⁹ Құнсыздану резервін шегергенде.



2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша барлық МҚҚЖҰ бойынша бір қарыз алушыға орта есеппен 2.7 қарыз, оның ішінде: МҚҰ – 2.3; КС – 1.9; ЛМД – 2.5 қарыз тиесілі. 2024 жылы барлық МҚҚЖҰ бойынша бір қарыз алушыға шаққандағы қарыздар санының өсуі МҚҰ мен ЛМД-да қатар қызмет көрсетілетін микрокредиттер санының ұлғаюын көрсетеді (4.34-график). Бір қарыз алушыға шаққандағы қарыздардың орташа санының ұлғаю динамикасының сақталуы халықтың борыштық жүктемесінің одан әрі ұлғаюын көрсетеді. Өйткені мұндай қарыз алушылардың негізгі бөлігі жеке тұлғаларды кредиттеуге шоғырланған МҚҰ мен ЛМД-ға тиесілі.


4.34-график 2024 жылы қарыздардың орташа саны және МҚҰ және ЛМД қарыз алушысына орташа берешек ұлғайды



Дереккөзі: МКБ

2024 жыл ішінде МҚҚЖҰ портфеліндегі жеке тұлғалар қарыздарының үлесі 5.1 пайыздық тармаққа ұлғайды және 73.4% болды (4.35-график). Аталған өсім көбінесе МҚҰ портфелінің белсенді өсуінің нәтижесі болып табылады, оған 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жеке тұлғалар қарыздарының жалпы көлемінің 70.7%-ы тиесілі болды. Жеке тұлғаларға МҚҰ микрокредиттері есепті күні жеке тұлғалардың микрокредиттері көлемінің 13.2%-ын иеленген ЖК қарыздарын да қамтиды. Сонымен қатар заңды тұлғаларға микрокредиттер портфелі өткен жылғы деңгейінде сақталды. Мұндай динамика 2024 жылдың қорытындысы бойынша портфелі 1%-ға төмендеген заңды тұлғаларды кредиттеудегі КС-ның басым үлесімен (94.1%) байланысты.

4.35-график 2024 жыл бойы МҚҰ-ның жеке тұлғаларға микрокредиттері МҚҚЖҰ микрокредиттері портфелінің өсу драйвері болды



Дереккөзі: Ұлттық Банк

Жеке тұлғалар бойынша МҚҰ қарыздарының құрылымында тұтынушылық микрокредиттердің үлесі 8.3 пайыздық тармаққа төмендеп, 58.2% болды (4.36-график). Бұл төмендеу бірқатар реттеуші шаралардың салдары болып табылады. Атап айтқанда, МҚҰ сегменті өкілдерінің пікірінше²⁰, МҚҰ клиенттерінің ресми

²⁰ 2024 жылғы төртінші тоқсанның қорытындылары бойынша кредиттеу бойынша банктердің тоқсан сайынғы сауалнамасы шеңберінде (<https://nationalbank.kz/ru/news/predydushchie-publikacii-opros/rubrics/2088>) активтері барлық МҚҰ активтерінің 50%-дан астамын құрайтын жекелеген ірі МҚҰ-мен кездесулер өткізілді.

расталған кірістерінің болмауы, сондай-ақ оларды жанама растау үшін банктік транзакциялардың жеткіліксіз көлемі МҚҰ-ның борыштық жүктеме коэффициентін (БЖК) есептеудің қатаңдатылған талаптарын сақтауды қиындатады (4.3-бокс). Нәтижесінде бірқатар МҚҰ өз ресурстарын жеке тұлғаларды кәсіпкерлік мақсаттарға, оның ішінде кәсіпкерлік қызметті ресми тіркеусіз кредиттеуге бағыттады, олар бойынша БЖК есептеу талап етілмейтін өзін-өзі жұмыспен қамтығандар ретінде жіктеледі.

4.36-график 2024 жыл бойы МҚҰ-ның тұтынушылық мақсаттарға арналған микрокредиттерінің үлесі айтарлықтай төмендеді




Дереккөзі: Ұлттық Банк

Ескертпе: Ұлттық Банк Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы №222 қаулысына енгізілген өзгерістерге сәйкес 2023 жылғы 1 шілдеден бастап берілген микрокредиттердің құрылымы бөлігінде МҚҰ есептілігіне қойылатын талаптар кеңейтілді (оның ішінде кепілмен қамтамасыз ету түрі бойынша өлшемшарттар қосылды).

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша тұтыну мақсаттарына арналған МҚҰ микрокредиттер портфелінің 81%-ы кепілді мүлікпен қамтамасыз етілген микрокредиттерге тиесілі. Атап айтқанда, тұтынушылық мақсаттарға арналған микрокредиттер көлемінің 64.8%-ы авто кепілімен берілді, олардың негізгі үлесі автокредиттерге тиесілі. Ішкі автоөнеркәсіптің дамуын ынталандыру үшін 2024 жылғы екінші тоқсанда ҚНРДА автокөлік құралының кепілімен қамтамасыз етілген тұтынушылық микрокредиттердің тәуекел-өлшемі 150%-дан 100%-ға дейін төмендетті, бұл МҚҰ-ға қосымша капиталды босатуға мүмкіндік берді. Өз кезегінде, кепілді мүлікпен қамтамасыз етілген микрокредиттер кәсіпкерлік мақсаттарға арналған микрокредиттер портфелінің жартысын ғана алады (4.37-график).

4.37-график МҚҰ микрокредиттерінің құрылымында жеке тұлғаларға негізгі көлем 45 күннен астам мерзімге қарыздар мен кепілді мүлікпен қамтамасыз етілген қарыздарға тиесілі

2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша баланстық құны




Дереккөзі: Ұлттық Банк



Өз кезегінде, PDL қарыздарға қатысты талаптарды қатаңдату, оның ішінде жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің (ЖТСМ) шекті мәнін төмендету нәтижесінде мұндай қарыздардың үлесі тұтынушылық микрокредиттердің барлық көлемінің 4%-ына дейін және кәсіпкерлік мақсаттарға арналған микрокредиттердің 1%-ына дейін төмендеді. Салыстыру үшін, 2024 жылдың басында бұл көрсеткіштер тиісінше 21%-ды және 4%-ды құрады. Бұл ретте 2024 жылы PDL анықтау²¹ белгілеріне қатысты кейбір өзгерістерді ескеру қажет. Сонымен қатар, PDL сегментіндегі МҚҰ саны 2024 жылы 65-тен 48-ге дейін қысқарды. Осылайша, мерзімі 45 күнге дейінгі қарыздар бойынша жасалған шарттардың үлесі 16 пайыздық тармаққа төмендеп, 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 39%-ды құрады (4.38-график).

4.38-график Мерзімі 45 күнге дейін қарыз шарттарының (PDL қарыздар) үлесі 2024 жыл ішінде бірқатар реттеуші шаралардың салдарынан төмендеді

Шарттар саны бойынша



Дереккөзі: МКБ


Ескертпе: Ұлттық Банктің бағалауы

Қысқа қарыздар үлесінің төмендеуі нәтижесінде қарыздардың орташа мерзімі ұлғайды. МҚҰ берген қарыздардың орташа мерзімі 2024 жыл ішінде 6 айдан 14 айға дейін ұзарды, ал көрсетілген кезеңдегі қалған мерзім бойынша портфельдің орташа алынған мерзімділігі 25 айды құрады, бұл өткен жылғы көрсеткіштен бір айға артық.

2024 жылы МҚҚЖҰ-ның кредиттік портфелінің сапасы негізінен МҚҰ сегменті есебінен нашарлады. Реттеуді қатаңдату, оның ішінде 2024 жылғы 1 шілдеден бастап 2026 жылғы 1 мамырға дейін коллекторларға проблемалық қарыздарды сатуға мораторий енгізу МҚҰ-ның мерзімі өткен қарыздар үлесінің ұлғаюына әкелді. Бұдан басқа, МҚҚЖҰ 2026 жылғы 1 мамырдан бастап қарыз алушы 90 күннен астам мерзімге кешіктіргеннен кейін, екі жыл өткеннен кейін ғана проблемалық қарыздарды сата алады. Нәтижесінде, МҚҰ проблемалық қарыздарды реттеу бойынша өз іс-шараларын іске асыра бастады, бұл жыл соңына қарай портфельдің сапасын біршама жақсартты. Меншікті реттеу шаралары агенттік қызметті алу үшін коллекторларды сыртқы оператор ретінде тартуды да қамтиды. Осылайша, МҚҰ кредиттері портфелінің сапасы біршама қалпына келгеніне қарамастан мерзімі өткен қарыздардың үлесі 2024 жыл ішінде 19,1%-ға дейін 1,5 пайыздық тармаққа өсті (4.39-график). Мерзімі өткен берешек үлесінің ұзақ уақыт ұлғаюы МҚҰ сегментінде кредиттік тәуекелдің жоғарылағанын көрсетеді.

²¹ Микроқаржы қызметі туралы заңда 2024 жылғы 19 маусымнан бастап 4-баптың 3-1-тармағы алынып тасталды, ол PDL қарыздарын күнтізбелік қырық бес күнге дейінгі мерзіммен, айлық есептік көрсеткіштің елу еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде микрокредиттер ретінде бөлді. Бұл ретте Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 16 тамыздағы № 62 бірлескен қаулысымен және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 19 тамыздағы № 45 қаулысымен айлық есептік көрсеткіштің қырық бес еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде күнтізбелік қырық бес күнге дейінгі мерзіммен жеке микрокредиттер бөлінді.

4.39-график МҚҰ берген қарыздардың жалпы көлемінде мерзімі өткен қарыздардың үлесі 2024 жыл ішінде ұлғайды



Дереккөзі: Ұлттық Банк

МҚҰ портфелінің сапасының төмендеуі бірнеше факторларға байланысты:

- МҚҰ-ның көпшілігінде қарыз алушының төлем қабілеттілігі деңгейін қоса алғанда, оның тәуекелін кешенді және ашық бағалау құралдары мен рәсімдерінің жоқ болуы;
- резервтерді ұлғайтуға тура келетін және қарыздарды реттеуге қосымша шығыс шығатын, МҚҰ пайдасын ықтимал төмендететін және оларды агрессивті кредиттік саясат²² есебінен шыққан шығыстың орнын толтыруға итермелейтін реттеу талаптарын қатаңдату салдарынан МҚҰ-ның тәуекел дәрежесінің артуы;
- борыштық жүктемені ұлғайту, оның ішінде бір қарыз алушыға қарыздың орташа саны мен көлемін ұлғайту, бұл оларға қызмет көрсетуді қиындатады және дефолт ықтималдығын арттырады. Бұл жағдайда БЖК талаптарын айналып өтуге және қарыз алушының борыштық жүктемесін арттыруға мүмкіндік беретін кредиттік сатып алу²³ мүмкіндігін қамтамасыз ететін кредиттік брокерлердің реттелмейтін қызметін ескеру қажет;
- МҚҰ клиенттік базасының ерекшелігі – қарыз алушылардың кредиттік тәуекел деңгейінің жоғары болуы.

2024 жылғы төртінші тоқсанда NPL90+ 9,2%-дан 6,6%-ға дейін айтарлықтай төмендегеніне қарамастан, мерзімі 30 күнге дейін қарыздардың үлесі 6,5%-ға дейін 1,3 пайыздық тармаққа ұлғайды. Бұл үрдіс проблемалық қарыздарды тікелей сата алмайтын болғандықтан, бірқатар МҚҰ-ның осындай қарыздарды қайта құрылымдауға немесе баланстан шығаруға және қалпына келтірген жағдайда, мұндай қарыздарды қайтадан баланстық есептілікте тануға мәжбүр болатынын көрсетеді. МҚҰ-ның мұндай әрекеттері кредиттік шешімдердің дұрыс қабылданбағанын көрсетеді. МҚҰ қызметін уақтылы қадағалау және тиімді бағалау есептілік арқылы қайта құрылымдау немесе қарыздарды баланстан шығару фактісін қадағалау қажеттілігін талап етеді. Активтерді қайта құрылымдау және есептен шығару тәжірибесі кредиттік тәуекел көрсеткіштерін уақытша теңестіре алады. Нәтижесінде қарыз алушының қайтадан мерзімді өткізу ықтималдығы салыстырмалы түрде жоғары болады.

Сегмент портфелінің 57%-ын құрайтын бес ірі МҚҰ портфелінің сапа құрылымы біршама ерекшеленеді. Мәселен, аталған МҚҰ-ның микрокредиттер портфелінен жалпы мерзімі өткен берешегінің үлесі 2024 жылы 9,7%-дан 9,9%-ға дейін, ал NPL90+ 4,1%-дан 5,1%-ға дейін ұлғайды. Жалпы мерзімі өткен берешектің төменгі деңгейі, оның негізгі үлесі NPL90+, мұндай МҚҰ-ның салыстырмалы түрде ашық портфелін және қалыпты тәуекел дәрежесін көрсетеді. Осылайша, шағын қатысушылар портфелінің сапасыз болуы, сондай-ақ МҚҰ кредиттік шешімдерінің сапасыз болуы жалпы алғанда сегменттің кредиттік тәуекелдерін арттырады.

Кредиттеу бойынша сауалнама шеңберінде бірқатар МҚҰ қарыз алушыларға қарызды есептен шығару немесе төлем қабілеттілігі бар клиенттердің банкроттық мәртебесін алу үшін түрлі схемаларды қалыптастыру бойынша қызметтер көрсететін, портфельдің сапасын жасанды түрде нашарлататын


²² Көрсетілген кезеңде микрокредиттер портфелінің 16,8% өсуіне қарамастан, 2024 жылы МҚҰ сегментінің таза пайдасы 13,8%-ға төмендеді.

²³ Кредиттік сатып алу – бұл әртүрлі қаржы ұйымдарында, соның ішінде кредиттік брокер платформасы арқылы бірнеше кредитті бір мезгілде ресімдеу. Онлайн режимде деректердің болмауы МҚҰ-ға қарыз алушылардың нақты ағымдағы борыштық жүктемесін дереу бақылауға мүмкіндік бермейді.



үшінші тараптардың әсерін атап өтеді. Бұдан басқа, автокредиттеу сегментінде жекелеген ірі МҚҰ автокөліктің бастапқы және қайталама нарықтары арасында елеулі баға алшақтығының болуы салдарынан бірқатар қарыз алушыларда қарыздар сапасының ұзақ мерзімді нашарлауын атап өтті, бұл автокөлікті сатып алу сәтінде оның құнын қайта бағалауға және оны қайталама нарықта осындай құн бойынша сату мүмкіндігінің төмендеуіне әкелді, бұл автокредит бойынша өз міндеттемелерін уақтылы орындауға мүдделілікті төмендетеді. Бұл ретте, мұндай МҚҰ пікірінше, қайта бағалаудың шарықтауы және соның салдарынан мерзімін өткізу 2024 жылдың басында болғанын және олар портфельдің сапасын біртіндеп қалпына келтіргенін жеткізді. Бұдан басқа, МҚҰ қарыз алушы делдалдық үшін сыйақы алу мақсатында басқа тұлғаның орнына өз атына автокредит ресімдейтін алаяқтық жағдайлардың көп болып жатқанын атап өтті. Нәтижесінде қарыз алушының автокредиті бар, ал автокөлігі жоқ болады және ол қызметі үшін сыйақы алады, бұл оның кредит бойынша міндеттемелерді орындаудан бас тартуына және соның салдарынан мерзімі өткен берешектің пайда болуына әкеледі.

4.40-график Микрокредиттер бойынша мерзімі өткен берешектің жалпы көлемінде шарт бойынша мерзімі 45 күнге дейін мерзімі өткен қарыздардың үлесі 2024 жылы біршама төмендеді



Дереккөзі: МКБ

Ескертпе: Ұлттық Банктің бағалауы

PDL сегментінің айтарлықтай азаюы олардың мерзімі өткен берешегі бар барлық МҚҰ микрокредиттерінің құрылымындағы мерзімі өткен берешектерінің үлесіне де әсер етті. Аталған үлес 2024 жылы 18.7%-ға дейін 14.9 пайыздық тармаққа төмендеді (4.39-график). Бұл ретте, PDL сегментінің кредиттік портфельінің сапасы 90 күнге дейін кешіктіру есебінен айтарлықтай нашарлады. Осылайша, мұндай қарыздар бойынша барлық мерзімі өткен берешектің (1 күн және одан көп) үлесі 2024 жылы 61.1%-ға дейін 17.1 пайыздық тармаққа, ал NPL90+ деңгейі 12.7%-ға дейін 2 пайыздық тармаққа өсті.

Өз кезегінде КС бойынша мерзімі өткен қарыздардың үлесі 2024 жылы 6.7%-ға дейін 3.7 пайыздық тармаққа, ал ЛМД бойынша аталған көрсеткіш керісінше көрсетілген кезеңде 24.3%-ға дейін 5.9 пайыздық тармаққа төмендеді.

ХҚЕС сәйкес МҚҚЖҰ провизияларының деңгейі 2024 жылдың қорытындысы бойынша микрокредиттердің жиынтық көлемінің 10.3%-ын құрады, бұл барлық NPL90+ 72%-ын (оның ішінде МҚҰ – 85.9%, КС – 9.9%, ЛМД – 5.8%) қамтиды. КС-дағы резервтердің салыстырмалы түрде төмен болуы КС-ның қызметіне тән кредиттік тәуекелдің төмен деңгейімен түсіндіріледі, ал ЛМД бойынша барлық қарыздар кепілмен қамтамасыз етілген.

2024 жыл ішінде МҚҰ-ның көпшілігі ҚНРДА белгілеген пруденциялық нормативтерді орындады. 2025 жылғы 1 қаңтарда 214 МҚҰ ішінде 9 МҚҰ (оның ішінде 1 МҚҰ – жарғылық және меншікті капиталдың ең аз мөлшерін, 9 МҚҰ – несие портфельінің жалпы сомасындағы NPL90+ үлесіне лимитті²⁴) пруденциялық нормативтерді орындаған жоқ.

Микроқаржы сегментінде шоғырлану жоғары деңгейде сақталып тұр. 2025 жылғы 1 қаңтарда бес ірі МҚҰ-ға барлық микрокредиттер портфельінің 63.4%-ы тиесілі болды, ал КС және ЛМД бойынша бұл көрсеткіш

²⁴ «Пруденциялық нормативтерді және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның сақтауы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, оларды есептеу әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 14 қарашадағы №192 қаулысы.

тиісінше 52.1% және 49.2%-ға тең. Бұл ретте бірқатар ірі МҚҰ банкке айналу үшін белсенді іс-шаралар жүргізе бастады. Операциялық мүмкіндікті дайындау үшін жекелеген МҚҰ ағымдағы және карточкалық шоттар (кредиттік карталар) бойынша банктермен бірлескен жобаларды белсенді дамытуда, олар арқылы онлайн кредиттер беріледі. Мұндай МҚҰ-ларды (активтердің 28.5%-ы және бүкіл сегменттің несие портфельінің 27%-ы тиесілі) банктерге айналдыру портфельдің микроқаржы сегментіндегі ірі қатысушыларға шоғырлануын төмендетуді және оның ағымдағы өнім мен салалық құрылымының өзгеруін қамтамасыз етеді. Көрсетілген МҚҰ портфельінің елеулі үлесін кәсіпкерлік мақсатқа өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға берілген микрокредиттер алады, ал басқа МҚҰ негізінен тұтынушылық микрокредиттер берген. Демек, олардың банктерге қайта құрылуы тұтынушылық кредиттеуде, атап айтқанда, автокредит және кепілсіз қысқа мерзімді микрокредит бағыттарында МҚҰ сегментінің шоғырлануын арттырады.

4.3-БОКС МИКРОҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ РЕТТЕУДІ ЖЕТІЛДІРУ

Қаржылық орнықтылықты және қаржы нарығының тұрақтылығын қамтамасыз ету, қарыз алушыны шамадан тыс борыштық жүктемеден қорғау, сондай-ақ МҚҰ сегментінде ашықтықты қамтамасыз ету үшін кредиттеу кезінде тәуекелдерді азайту мәселелері жөніндегі заң²⁵ шеңберінде 2024 жылы реттеуші тарапынан бірқатар өзгерістер енгізілді:

- NPL90 + бар жеке тұлғаларға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредиттерді беруге, сондай-ақ бұрын алынған тұтынушылық микрокредиттер бойынша 90 күн кешіктірілгеннен кейін сыйақы есептеуге тыйым салу;
- кепілсіз тұтынушылық микрокредиттер бойынша ең жоғары соманы²⁶ 1 100 АЕК дейін шектеу;
- 1000 АЕК-тен астам сомаға микрокредит беру кезінде МҚҰ-ның ерлі-зайыптылардың²⁷ келісімін міндетті түрде алуына қойылатын талаптарды белгілеу;
- микрокредиттер бойынша ЖТСМ-ның шекті мәндерін²⁸ 56%-дан 46%-ға дейін төмендету, сондай-ақ PDL қарыздар бойынша ЖТСМ-ның шекті мөлшерін белгілеу; күніне 0.3% аз, бірақ 179%-дан аспайды;
- МҚҰ микрокредитті ресімдеуге келіп түскен өтініштер бойынша мәліметтерді нақты уақыт режимінде кредиттік бюроларға беру міндетін енгізу;
- кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес, тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алуға қарыз алушыларға берілген барлық микрокредиттерге БЖК есептеу мен шекті мәніне қойылатын талаптарды қолдану. Бұрын бұл талап жеке тұлғалардың кепілсіз тұтынушылық микрокредиттеріне ғана қатысты болған;
- қарыз алушының²⁹ табысын есептеу үшін заңды табыс көзінің өлшемшарттары тізбесін қысқарту;
- 21 жасқа толмаған азаматтар үшін БЖК есептеу көздерін тек ресми кіріс, жұмыс орнынан анықтама және стипендия негізінде шектеу.

Бұдан басқа, ҚНРДА тәуекелге бағдарланған қадағалауды енгізу бойынша жұмысты бастады, атап айтқанда, МҚҰ қызметінің тәуекелге ұшырау дәрежесіне байланысты қадағалау процестерінің қарқындылығы мен түрін анықтау үшін тәуекелге бағдарланған қадағалау әдіснамасы бекітілді, оның аясында:

- МҚҰ тәуекелдерін анықтау тәсілдері қайта қаралды;
- тәуекелдерді анықтау құралдары және оларды бағалау әдістері кеңейтілді;
- қадағалау субъектілерінің тәуекелдеріне (кредиттік тәуекелдер, операциялық тәуекелдер, орнықтылық тәуекелі) ұшыраудың қосымша өлшемшарттары мен көрсеткіштері енгізілді;
- беделді тәуекелдер және т.б.).

²⁵ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту, қарыз алушылардың құқтарын қорғау, қаржы нарығын реттеуді және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 19 маусымдағы № 97-VIII Заңы.

²⁶ «Тұтынушылық банктік қарыз және тұтынушылық микрокредит сомасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 16 тамыздағы № 61 қаулысы.

²⁷ «Жеке тұлғаға банктік қарыз немесе микрокредит беруге жұбайының (зайыбының) келісімін алу қағидаларын, жеке тұлғаға банктік қарыз немесе микрокредит беруге жұбайының (зайыбының) келісімі қажет болатын банктік қарыздың немесе микрокредиттің ең төменгі мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 16 тамыздағы № 55 қаулысы.

²⁸ «Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшерлерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 16 тамыздағы № 62 қаулысы және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2024 жылғы 19 тамыздағы № 45 бірлескен қаулысы.

²⁹ Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым қарыз алушысының борыштық жүктемесінің коэффициентін есептеу қағидаларын және шекті мәнін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 215 қаулысы.



Ү ӨТІМДІЛІК, ҚОРЛАНДЫРУ, ДОЛЛАР- ЛАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛДЕРІ, ВАЛЮТАЛЫҚ ЖӘНЕ ПАЙЫЗДЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР

Банк секторындағы өтімділік тәуекелдері орташа деңгейде қалды, бұл өтімділігі жоғары активтердің (ӨЖА) айтарлықтай қорына байланысты. ӨЖА-ның өсуі жалғасып, банк секторы активтерінің үштен бірін құрады. ӨЖА өсуінің негізгі драйвері теңге болды. Бір жыл ішінде өтімділіктің қайта бөлінуі байқалды: банктер ноталар шығару көлемінің қысқаруына қарай артық теңге өтімділігін Ұлттық Банктегі салымдарға орналастырды. Талдау көрсеткендей, банк секторы депозиттердің орташа әкетілуіне төтеп бере алады, бірақ экстремалды сценарийде банктердің едәуір бөлігінің өтімділікті жабу нормативі бұзылуы мүмкін.

2024 жылы шын мәнінде мерзімді депозиттер үлесінің өсуі байқалды, бұл банктерді қорландырудың орнықтылығына оң әсер етеді, алайда қысқа мерзімді міндеттемелердің басым болуы қауіпті болып қала береді. Талдау қазақстандық банктердің көтерме қорландыруға тәуелділігін анықтады, бұл оларды нарықтық күтпеген өзгерістерге осал етеді.

Қорландырудың шоғырлану тәуекелі орташа. Банктердің жартысында ірі депозиторлардың кетуін жабу үшін жеткілікті өтімділік резерві бар. Мемлекеттік секторға тәуелділік төмендеп келеді.

Долларландыру деңгейі төмендеді. Ірі салымшылар барлық депозиттер топтарында долларландыру деңгейінің жалпы төмендеуіне қарамастан, қаражаттың едәуір бөлігін шетел валютасында сақтауды жөн көреді.


Банк секторының валюталық тәуекелі қолайлы деңгейде болды. Жүйе бойынша нетто валюталық позиция көптеген кезеңдерде бейтарапқа жақын болды және барлық банктер ашық валюталық позиция лимиттерін сақтау бойынша пруденциялық нормативтерді орындады.

2024 жылы банктер пайыздық маржа мен пайыздық спрэдтің жеткілікті тұрақты деңгейлерінде жоғары рентабельді болып қала берді.

5.1 ӨТІМДІЛІК ТӘУЕКЕЛДЕРІ

2024 жылы өтімділігі жоғары активтердің (ӨЖА) деңгейі жоғары болып қалды. Жыл соңына қарай ӨЖА көлемі 18,9 трлн теңгеге жетті, бұл активтердің жалпы көлемінің 30,7%-ын құрады (5.1-график), бұл банк жүйесінің өтімділігінің айтарлықтай қорын және оның ықтимал күтпеген өзгерістерге төтеп беру қабілетін көрсетеді.

5.1-график 2024 жылы ӨЖА көлемі өсті




Дереккөзі: ЕДБ есептілігі

Ескертпе: ӨЖА қолма-қол ақшаны, бағалы металдарды, қоршоттарды, банкаралық салымдарды және МБҚ-ны (ауыртпалық салынғандарды қоспағанда) қамтиды. Тоқсан соңындағы деректер.

Теңгедегі ӨЖА көлемі 39,4%-ға ұлғайды. Шетел валютасындағы ӨЖА 2,6%-ға өсті және 2024 жылдың үшінші тоқсанында жиынтық активтерге қатысты тарихи ең төменгі мәнге – 10%-ға жетті.

2024 жыл ішінде банк секторының жиынтық ӨЖА-сы әкету неғұрлым әсер ететін баптың міндеттемелерін – жеке және заңды тұлғалардың трансакциялық шоттарын өтеу үшін жеткілікті қорды қамтамасыз етті. ӨЖА теңгеде (1,9 есе), сондай-ақ шетел валютасында (1,5 есе) трансакциялық шоттардан асып кетті (5.2-график), бұл банк секторының неғұрлым құбылмалы шоттардан қаражат әкетілген жағдайда өтімділіктің ықтимал күтпеген өзгерістеріне төтеп беру мүмкіндігін көрсетеді.

5.2-график Банктердің ағымдағы ӨЖА деңгейі трансакциялық шоттарды қормен өтейді



Ескертпе: Трансакциялық шоттарға банкаралық корреспонденттік шоттарды қоса алғанда, ЖТ мен ЗТ-ның талап етілгенге дейінгі депозиттерін қамтиды.

ӨЖА аллокация құрылымы аздап өзгерді. Банктер теңгедегі өтімділіктің негізгі бөлігін Ұлттық Банктегі депозиттеріне орналастырды (48%), бұл Ұлттық Банктің бұрын өтімділікті реттеудің негізгі құралдарының бірі болған ноталар шығару көлемінің біртіндеп қысқаруына байланысты. Теңгедегі өтімділік Ұлттық Банктегі депозиттермен қатар МБҚ-ға орналастырылды (40%) (5.3-график).

5.3-график Теңге бөлігінде ҚРҰБ мен МБҚ салымдары басым, ал валюта бөлігінде шетелдік банктердегі салымдар мен корреспонденттік шоттар және шетел валютасындағы МБҚ басым



Дереккөзі: ЕДБ-ның реттеушілік есептілігі

Ескертпе: ӨЖА қолма-қол ақшаны, бағалы металдарды, корреспонденттік шоттарды, банкаралық салымдарды және ауыртпалық салынғандарды қоспағанда МБҚ-ны қамтиды. Ай соңындағы деректер алынған.



Банктер артық өтімділікті негізінен шетел банктеріндегі салымдар мен корреспонденттік шоттарға (34%) және шетел валютасындағы МБҚ-ға (30%) орналастырды. Бұл ретте Ұлттық Банктің салымдарында (17%) және корреспонденттік шоттарында (12%) валюталық өтімділікті орналастырудың қысқарып келе жатқанын атап өту қажет.

2024 жылы теңгедегі өтімділік профицитінің өсуі жалғасты (5.4-график). Банктер қорға қатысты ең төменгі резервтік талаптарды орындап келеді, бұл өтімділіктің жоғары деңгейінің сақталғанын көрсетеді.

5.4-график Банктер ең төменгі резервтік талаптарды елеулі қормен орындады, бұл өтімділіктің жоғары деңгейінің сақталғанын көрсетеді



Дереккөзі: ЕДБ деректері

Ескертпе: Резервтік активтер – айқындау кезеңіндегі банктердің ұлттық валютадағы ҚРҰБ корреспонденттік шоттарындағы және ЕРТ-дан 50% шегіндегі қолма-қол ақшамен (касса, жолдағы, банкоматтардағы, терминалдардағы ақша) қаражатының орташа қалдықтары.

Резервтік талаптар – банктердің ҚРҰБ-дағы ұлттық валютадағы корреспонденттік шотта ұстап тұруына міндетті қаражаттың ең аз көлемі. ЕРТ, резервтік активтер және ҚРҰБ талаптары бойынша деректер бір айдағы орта есеппен көрсетілген.


2024 жылдың соңына қарай кассадағы қолма-қол ақшаның және Ұлттық Банктегі корреспонденттік шоттарындағы ұлттық валютадағы қаражаттың көлемі резервтік талаптардан едәуір асып, қажетті деңгей 719 млрд теңге болғанда, 880 млрд теңгені құрады. Бұл ретте негізінен Ұлттық Банктің салымдарына орналастырылған теңгедегі өтімділік резервтік талаптардан 6.8 есе асып түсті.

5.5-график А. Банктердің ҚРҰБ-тағы валюталық корреспонденттік шоттарының және салымдарының үлестері біршама азайды



Ескертпе: IA – ішкі активтер, IM – еуробондтарды. Қазақстан резиденттері алдындағы ішкі міндеттемелерді және меншікті капиталдың бір бөлігін қоспағанда, шығарылған облигациялардың қосалқы борышына қатысты орташа айлық шамасының сомасы ретінде есептелген ішкі міндеттемелер. IAK – ішкі активтерге салынған салымдар коэффициенті (>=1). Квартиль аралық интервал – 2 және 3-квартильге кірген банктер.

Б. Банктердің көпшілігі IAK нормативін орындайды



Есепті жыл ішінде Ұлттық Банктегі валюталық корреспонденттік шоттар мен валюталық салымдардың үлесі ішкі активтер құрылымында төмендеуін жалғастырды және тиісінше 1.6%-ға және 2.8%-ға жетті (5.5. А-график). Банктердің барлығы қаражаттың бір бөлігін ішкі активтерге (IAK) орналастыру бойынша пруденциялық нормативті орындады (5.5. Б-график). Банк активтеріндегі валюталық құрамдас бөліктің төмендеуі банк жүйесінің валюталық тәуекелдерге орнықтылығына оң әсер етеді.


Күнделікті деректердегі өтімділік индикаторын талдау банктердің Ұлттық Банктегі корреспонденттік шоттары мен салымдарында банктердің депозиттерінің көлемі бойынша бір күндік стандартты ауытқуды жабу үшін қажетті қаражаттың жеткілікті деңгейінің бар екенін көрсетті (5.6-график). Бұл көрсеткіш банк жүйесінің қол жетімді өтімді активтер есебінен депозиттер көлемінің қысқа мерзімді ауытқуларына жедел әрекет ету қабілетін көрсетеді.

2022 жылдан 2024 жылға дейінгі уақыт қатарының динамикасы көрсеткіштің медианалық мәндерінің тұрақты өсуін көрсетеді, бұл банк секторындағы өтімділіктің жалпы деңгейінің жоғарылағанын көрсетеді. Әсіресе 2024 жылы айтарлықтай өскені байқалды, бұл сақтық өтімділіктің жиналғанын көрсетеді.

Сонымен қатар банктердің топтары арасында жоғары дифференциация сақталады. Мәселен, төменгі квартильдегі (1-квартиль) банктер қамтудың төмендеген деңгейлерін көрсетеді (жекелеген кезеңдерде 8 Z-скордан төмен), бұл банктердің осы тобының өтімділігінің салыстырмалы түрде жоғары тәуекелдерін көрсетугі мүмкін.

Жоғарғы квартильдегі (3-квартиль) банктер ең орнықты банктер болып қала береді, олардың мәндері 2024 жылы 16 Z-скордан асты. Бұл өтімділіктің едәуір қорының бар екенін және осы банктердің депозиттік нарықта ықтимал стресстік жағдайларға қарсы тұру қабілетінің жоғары екендігін көрсетеді.

5.6-график ЕДБ-ның ең өтімді қаражатының деңгейі көптеген банктердегі депозиттер бойынша бір стандартты ауытқуды өтеуге жеткілікті




Дереккөзі: ЕДБ есептілігі

Ескертпе: базалық өтімді активтердің жеткіліктілік индикаторы банктердің базалық өтімді активтерінің (кассадағы қолма-қол ақша, бағалы металдар, ҚРҰБ/ЕДБ-дағы корреспонденттік шоттардағы қаражат және салымдар) және ұлттық валютадағы депозиттердің бір күнге есептегенде 3 айдағы стандартты ауытқуының (Z-score) арақатынасы ретінде есептелген. Деректер күн сайын алынады.

2024 жылдың екінші жартысында экономиканың нақты секторына кредит беруді ынталандыруға бағытталған пруденциялық реттеуде өзгерістер болды. Атап айтқанда, LCR өтімділік коэффициенттері мен NSFR қорландыру есебіне өзгерістер енгізілді. Осылайша, LCR нормативінде заңды тұлғалардың депозиттері бойынша әкету коэффициенті 40%-дан 20%-ға дейін төмендетілді. NSFR нормативінде шартсыз мерзімінен бұрын алу мүмкіндігі бар заңды тұлғалардың салымдары және қаржылық емес ұйымдардың мерзімді салымдары бойынша қолжетімді тұрақты қорландыру коэффициенттері өзгертілді, бұл банктерге есептеуге қабылданатын тұрақты қорландыру көздерінің көлемін ұлғайтуға мүмкіндік берді, осылайша NSFR нормативін орындауды жеңілдетеді. Бұл шаралар уақытша болып табылады және 2025 жылдың соңына дейін қолданылады.




5.7-график LCR құрылымы



Дереккөзі: ЕДБ есептілігі

LCR құрылымын талдау реттеуші тарапынан жеңілдету енгізілгенге дейін әкету коэффициенті төмендетілген бапқа жататын депозиттердің орташа мәні шамамен 3,4 трлн теңгені құрағанын көрсетеді, бұл банктердің міндеттемелері бойынша есептік әкетудің жалпы көлемінің (9,7 трлн теңге) 35%-ын құрады. 2024 жылдың екінші жартысында өзгерістер күшіне енгеннен кейін осы баптың орташа мәні 1,9 трлн теңгеге дейін төмендеді (әкетудің жалпы көлемінің 22%). Осылайша, әкету коэффициентінің төмендеуі LCR бойынша есептелген әкетудің жалпы көлемінің төмендеуіне әкелді. 2024 жылғы 1 шілдеге қарай нормативтік коэффициенттің 2,19-ға дейін өсуіне себеп болды (5.7-график).

5.8-график NSFR құрылымы



Дереккөзі: ЕДБ есептілігі

Бұдан басқа, NSFR коэффициентінің есебіне 50% қол жетімді тұрақты қорландырудың белгіленген коэффициентімен «заңды тұлғалардың шартсыз мерзімінен бұрын алу мүмкіндігі бар салымдары» бабын қосу ұзартылды (5.8-график). Нәтижесінде NSFR коэффициентінің орташа мәндерінің 1,4-ке дейін өсуі қамтамасыз етілді.

Өтімділікке қойылатын талаптардың төмендеуі заңды тұлғалар мен ШОБ үшін кредит ресурстарының қолжетімділігін арттыруға ықпал етуі мүмкін деп болжануда. Дегенмен, реттеуші тарапынан қабылданған жеңілдіктердің әсеріне қарамастан, олардың тиімділігіне мониторинг жүргізу және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында өтімділік пен қорландыру тәуекелдеріне әсерін бағалау орынды.


Қазақстандағы ағымдағы реттеу практикасы LCR-дің ең төменгі мәнін 0,9 деңгейінде белгілегенін, бұл халықаралық практикаға қарағанда төмен екенін айта кету керек (1).

БАНК СЕКТОРЫНЫҢ ӨТІМДІЛІК ТӘУЕКЕЛДЕРІНЕ ТӘУЕЛДІЛІГІН ТАЛДАУ

Банктердің өтімділік тәуекелдері тұрғысынан депозиттердің ықтимал әкетуге төтеп беру қабілетін бағалау үшін қаржылық орнықтылықты бағалау шеңберінде қолданылатын ХВҚ әдіснамасы негізінде тәуелділікке талдау жүргізілді.

Күтпеген өзгерістің екі түрі жасалды: қалыпты және айрықша, олар жоғары өтімді активтер бойынша дисконтты төмендету, жеке және заңды тұлғалардың салымдары бойынша әкету коэффициенттерін арттыру түрінде жеке сценарийлерді, сондай-ақ оларды біріктіру арқылы талдауды қамтиды.

5.9-график Банктердің өтімділігін орташа сценарийде стресс-тестілеу



Дереккөзі: ЕДБ есептілігі


Ескертпе: Сценарийлер:

- 1 – нақты;
- 2 – Дисконт (ӨЖА есебіне қабылданатын БҚ құнының 15%-ға төмендеуі);
- 3 – ЖТ бойынша әкету (тұрақты және тұрақты емес депозиттер үшін жеке тұлғалардың депозиттері бойынша әкету коэффициенттерін 15% және 40%-ға арттыру);
- 4 – ЖТ бойынша әкету + Дисконт;
- 5 – ЗТ бойынша әкету (ЗТ әртүрлі топтарының салымдары бойынша 30%-дан 75%-ға дейін);
- 6 – ЗТ бойынша әкету + Дисконт;
- 7 – ЖТ бойынша әкету + ЗТ бойынша әкету;
- 8 – ЖТ бойынша әкету + ЗТ бойынша әкету + Дисконт

Орташа сценарийде LCR коэффициенттерінің мәндері 0,9 нормативтік деңгейден төмен біраз банктер жеке және заңды тұлғалардың салымдарының әкетілуін гипотетикалық іске асырған жағдайда ғана қол жеткізіледі (5.9-график).



5.10-график Банктердің өтімділігін экстремалды сценарийде стресс-тестілеу



Дереккөзі: ЕДБ есептілігі

Ескертпе: Сценарийлер:

- 1 – нақты;
- 2 – Дисконт (ӨЖА есебіне қабылданатын БҚ құнының 15%-ға төмендеуі);
- 3 – ЖТ бойынша әкету (тұрақты және тұрақты емес депозиттер үшін жеке тұлғалардың депозиттері бойынша әкету коэффициенттерін 35% және 70%-ға арттыру);
- 4 – ЖТ бойынша әкету + Дисконт;
- 5 – ЗТ бойынша әкету (ЗТ әртүрлі топтарының салымдары бойынша 70%-дан 90%-ға дейін);
- 6 – ЗТ бойынша әкету + Дисконт;
- 7 – ЖТ бойынша әкету + ЗТ бойынша әкету;
- 8 – ЖТ бойынша әкету + ЗТ бойынша әкету + Дисконт

Банк секторының өтімділік тәуекелдеріне тәуелділігін талдау нәтижесі бойынша жеке және заңды тұлғалардың салымдары бойынша әкету коэффициенттері неғұрлым жоғары экстремалды күтпеген өзгеріс болған кезде банктердің жартысынан көбі LCR-дің нормативтік мәнін бұзатыны анықталды. Дегенмен, кейбір банктер LCR-дің айтарлықтай қорын көрсетті, бұл олардың қолдан жасалған стресс сценарийлерге орнықтылығын және өтімділіктің ықтимал әкетілуін реттей алатындығын көрсетеді (5.10-график).

5.2 ҚОРЛАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛДЕРІ

2024 жылдың қорытындысы бойынша шын мәнінде мерзімді депозиттер үлесінің өсуі байқалды, бұл қорландыру тәуекелдерінің төмендеуіне оң әсер етеді. Банк секторының міндеттемелеріндегі ірі қаржыландыру көздерінің шоғырлану деңгейі тұрақты болып қалды. Мемлекеттік секторға тәуелділік төмендеп келеді. Бейрезиденттердің қорландыруымен байланысты тәуекелдер, мұндай қорландырудың кейбір құбылмалылығына қарамастан, басқарылатын болып тұр.

ҚОРЛАНДЫРУДЫҢ ОРНЫҚТЫЛЫҒЫ


Міндеттемелерді тиімді басқару қаржылық тұрақтылық үшін өте маңызды. Активтер мен міндеттемелердің мерзімділігін өзгертуді қамтамасыз ету банк жүйесінің негізгі функциясы болып табылады. Экономиканы тұрақты кредиттеуді ұстап тұру үшін тәуекелдерді азайту және ұзақ мерзімді міндеттемелер басым рөл атқаратын орнықты қорландыру базасын құру маңызды.

Депозиттер кредиттік ұйымдардың пассивті базасының негізін құрайды, депозиттер 2024 жылдың қорытындысы бойынша банк секторы міндеттемелерінің жиынтық көлемінің 81%-ын құрайды. Бұл кезде қысқа мерзімді депозиттік ресурстарға сақталып отырған тәуелділік қорландырудың тұрақтылығын шектейді.

2024 жылы банк секторындағы шын мәнінде мерзімді теңгедегі депозиттердің үлесі 4.2 пайыздық тармаққа артып, 17.2%-ға жетті, бұл банктерге түсімдерді жақсырақ болжауға және активтер мен міндеттемелерді басқаруға мүмкіндік береді, қорландыру тәуекелдерін азайтуға ықпал етеді.

Шын мәнінде мерзімді теңгедегі депозиттердің құрылымын талдау кезінде олардың негізгі бөлігі (17.2%-дан 14.2%-ы) бес ірі және орта бөлшек сауда банктерде шоғырланғаны анықталды (5.11-график). Дәл осы топ 2024 жылы мерзімді қорландыру үлесінің өсуін көрсетті, бұл мерзімді депозиттердің ұлғаюы жүйелі емес, негізінен банктердің шектеулі санында болғанын көрсетеді. Осылайша, қысқа мерзімді міндеттемелердің басым болуы және қорландырудың орнықтылығын арттыру қажеттілігі банк секторы үшін өтімділік тәуекелдерін төмендетуде маңызды рөл атқаратын өзекті міндеттер болып қала береді.

5.11-график Шын мәнінде мерзімді теңгедегі қорландыру үлесін жіктеу




Дереккөзі: ҚДКҚ

Ескертпе: гистограмма ішіндегі мәндер банктердің санын білдіреді

2024 жылдың бірінші жартысында мерзімді емес қорландырудың өсуі банк секторында заңды тұлғалардың салымдарындағы бейрезиденттердің үлесінің ұлғаюымен қатар жүрді. Жылдың екінші жартысында бейрезиденттердің қаражаты керісінше азайды, нәтижесінде жиынтық депозиттерде бейрезиденттердің депозиттерінің үлесі 8.7%-ға жетті (5.12-график).



5.12-график Банк шоттарында бейрезиденттердің қаражатының өсуі баяулады



Дереккөзі: ЕДБ есептілігі

Қазақстанда өтімділігі жоғары активтердің қомақты қоры және бейрезиденттердің салымдарының салыстырмалы түрде төмен үлесі банк жүйесі үшін олардың жаппай әкетілуіне байланысты елеулі тәуекелдерді тудырмайды.


ҚОРЛАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛДЕРІНІҢ БАНК СЕКТОРЫНА ӘСЕРІН ТАЛДАУ

Банк секторының өтімділік тәуекелдеріне қаржылық орнықтылығын бағалау шеңберінде көтерме қорландырудың ықтимал әкетілуінің банктерге тигізетін әсеріне талдау жүргізілді. Көтерме қорландыру деп ірі институционалдық инвесторлардан, басқа қаржы институттарынан, капитал нарықтарынан және заңды тұлғалардан қаражат тарту, сондай-ақ жеке тұлғалардың 50 млн теңгеден астам депозиттері түсініледі.

Талдаудың бірінші кезеңі 2024 жылдың соңындағы жағдай бойынша банк секторының міндеттемелеріндегі көтерме қорландырудың шоғырлануын бағалау болды. Ең осал банктерді анықтау үшін децильдік талдау әдісі (банктерді олардың пассивтеріндегі көтерме қорландырудың үлесіне қарай 10 топқа бөлу) қолданылды.

Нәтижелер банктердің бестен бір бөлігі ғана міндеттемелерінің 50%-ынан кем көтерме қорландыруға тәуелділігін көрсететінін көрсетті, бұл ретте банк секторы бойынша көтерме қорландырудың орташа үлесі 63,6%-ды құрады, бұл банк секторының едәуір бөлігін әлеуетті нарықтық күтпеген өзгерістер мен өтімділік дағдарыстарына осал етеді. Өйткені көтерме қорландырудың әкетілуі көптеген банктердің өз міндеттемелерін орындау және операциялық қызметті қолдау жөніндегі мүмкіндіктерін айтарлықтай шектеуі мүмкін (5.13-график).

5.13-график Банк секторының едәуір бөлігінде қолайсыз нарықтық жағдайлар кезінде көтерме қорландыруды кенеттен жоғалту тәуекелі туындайды



Дереккөзі: ЕДБ есептілігі

Ескертпе: көтерме қорландыру заңды тұлғалар алдындағы корреспонденттік шоттар, салымдар, депозиттер түріндегі міндеттемелерді және банктер айналысқа шығарған бағалы қағаздарды, сондай-ақ жеке тұлғалардың 50 млн теңгеден астам депозиттерін білдіреді. Көтерме қорландырудың үлесі жоғарыда аталған міндеттемелердің капитал бабын есепке алмағанда, банктердің барлық міндеттемелеріне қатынасы ретінде ұсынылған.


Банк секторының өтімділік тәуекелдеріне орнықтылығын одан әрі бағалау үшін өтімділігі жоғары активтермен (ӨЖА) көтерме қорландырудың ықтимал әкетілуін жабудың жеткіліктілігіне талдау жүргізілді. ӨЖА-ға тез және айтарлықтай шығынсыз қолма-қол ақшаға айналдыруға болатын активтер кіреді.

Талдау көрсеткендей, көтерме қорландырудың әкетілу сценарийі іске асырылған жағдайда, банк жүйесі активтерінің шамамен 82%-ын құрайтын банктер ӨЖА-ның ақша баптары есебінен мұндай әкетілудің 50%-дан азын жаба алады (5.14-график). Бұл банк секторының едәуір бөлігінің тек өтімді активтер есебінен көтерме қорландырудың әкетілуін реттеу қабілетінің шектеулі екендігін көрсетеді. Банк секторының аз ғана үлесінде (активтердің 18%-ы) көтерме қорландырудың ықтимал әкетілуін толығымен жабу үшін ӨЖА құрамында жеткілікті ақша қаражаты бар.

Көтерме қорландырудың әкетілуін жабу үшін барлық ӨЖА-ның, соның ішінде ақша баптарының жеткіліктілігін талдау кезінде жағдай өзгереді. Бұл жағдайда жүйе активтерінің шамамен 40%-ын құрайтын банктер (1 және 2-квантильдер) көтерме қорландырудың әкетілуінің 50%-дан азын жаба алады, бұл өтімділік тәуекелінің жоғары санатын көрсетеді. 3-тен 7-ге дейінгі квантильдерге кіретін банктер (банк секторы активтерінің шамамен 84%) көтерме қорландырудың әкетілуінің 55,3%-нан 95,7%-на дейін жабуға қабілетті, бұл неғұрлым орташа тәуекелге сәйкес келеді. Активтердің шамамен 20%-ын құрайтын банктер (8-ден 10-ға дейінгі квантильдер) ӨЖА есебінен көтерме қорландыруды толық және одан да көп көлемде жаба алады.



5.14-график Ірі банктер 50-70% мөлшерде көтерме қорландырудың әкетілуін жабуға қабілетті



Дереккөзі: ЕДБ есептілігі

Ескертпе: ӨЖА-ның ақша баптары ақшалай қаражат және олардың баламасы, банктер мен ҚРҰБ-дағы салымдар мен корреспонденттік шоттар түрінде ұсынылған. ӨЖА-ның жалпы көлеміне жоғарыда аталған активтерден басқа, ауыртпалық салынған бағалы қағаздарды алып тастағанда, МБҚ және ҚРҰБ ноталары кіреді.

БҚ-ны шұғыл сатудың бірқатар жағымсыз салдары болуы мүмкін, соның ішінде активтердің нарықтық бағасының төмендеуі, бұл активтерді қайта бағалауға және ықтимал шығынға әкелетінін айта кету керек. Әділ құн бойынша есепке алынатын БҚ бойынша шығын банктің капиталына тікелей әсер етіп, оның қаржылық орнықтылығын төмендетеді. Сонымен қатар, нарықтық тұрақсыздық кезеңдерінде активтерді бағалау кезінде жоғары дисконттар (haircuts) қолданылады, бұл сату кезінде ықтимал шығынды арттырады. Әлемдік тәжірибе, атап айтқанда, америкалық банктердегі дағдарыстық жағдайлар қолайсыз жағдайда активтерді мәжбүрлі түрде сату банктердің капиталдандырылуын айтарлықтай әлсіретуі мүмкін екенін көрсетеді.


Осыған байланысты, 2024 жылдың соңында банк секторының активтеріндегі БҚ портфельдерінің құрылымына талдау жүргізілді (5.15-график). Талдау банктердің децильдік бөлінуі негізінде жүргізілді, бұл активтердегі БҚ үлесінің банк мөлшеріне тәуелділігін бағалауға мүмкіндік берді.

Нәтиже БҚ-ның активтердегі үлесі банк көлемінің өсуіне қарай өсетінін көрсетті. Кішігірім банктерде БҚ-ның үлесі салыстырмалы түрде аз, ал ірі банктерде БҚ активтердің едәуір бөлігін құрайды. Бұл ірі банктердің өтімділікті басқару үшін өтімді құралдарға инвестиция салуды қалайтындығын көрсетеді.

Бұл ретте есепке алу әдісіне байланысты БҚ портфельдерінің құрылымында айырмашылық байқалады. Әділ құны бойынша есепке алынатын БҚ үлесі орташа децильмен ұлғаяды, банктердің портфельдерінде өтімді және кірісті құралдарды ұстауды қалайтындығын көрсетеді. Ірі банктер, керісінше, портфельді бағалаудың құбылмалылығын төмендетуге және қаржылық нәтижелердің тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын БҚ үлесін ұлғайтуды қалайтынын көрсетті.

БҚ-ны шұғыл сатумен байланысты ықтимал тәуекелдерге қарамастан, көптеген банктерде әділ құны бойынша есепке алынатын бағалы қағаздардың үлесі шамалы екенін атап өткен жөн. Сонымен қатар, капиталдың жеткіліктілігін есептеуге қойылатын қолданыстағы талаптар осындай қағаздарды нарықтық қайта бағалауды ескереді. Осыған байланысты, халықаралық практикамен салыстырғанда қазақстандық банк секторында БҚ бойынша елеулі шығынды тануға байланысты тәуекелдер орташа болып көрінеді.


5.15-график Ірі банктер өтімділікті қамтамасыз етуді ескере отырып, консервативті стратегияны ұстанады



Дереккөзі: ЕДБ есептілігі

Бөлшек салымдармен салыстырғанда көтерме қорландырудың әдетте әкетілуге әсері болса да, тәжірибе көрсеткендей, үрей жеке тұлғалардың да қаражатты жаппай алып қоюына түрткі болуы мүмкін, бұл банктердің қаржылық орнықтылығына қысымды күшейтеді. Осыған байланысты, банктердің депозиттік базасының құрылымын және сақтандырылмаған депозиттерінің үлесін ескере отырып, банктердің орнықтылығына бағалау жүргізілді (5.16-график).


5.16-график А. Капиталдандыру және ЖТ сақтандырылмаған салымдары



Дереккөзі: ЕДБ және ҚДКҚ есептілігі

Көптеген банктер үшін сақтандырылмаған депозиттердің үлесі 50%-дан асатыны депозиттік базаның құрылымын талдағанда анықталды. Алайда, ірі әртарапандырылған банктерде сақтандырылмаған депозиттердің үлесі 10-40% диапазонында. Заңды тұлғалардың салымдарын ескере отырып, депозиттер құрылымын қарау кезінде көптеген банктердегі сақтандырылмаған депозиттердің үлесі 74-100%-ға дейін артады.

5.16-график Б. Капиталдандыру және ЖТ салымдарын ескере отырып, ЖТ сақтандырылмаған салымдары





5.1-БОКС ҰЛТТЫҚ БАНК ПЕН АГЕНТТІКТИҢ МАКРОПРУДЕНЦИЯЛЫҚ САЯСАТ САЛАСЫНДАҒЫ РӨЛІ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІН ЗАҢНАМАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ НАҚТЫЛАУ

2023 жылы өткізілген Қазақстанның қаржы секторын бағалау бағдарламасы (Financial Sector Assessment Program, бұдан әрі – FSAP) шеңберінде ХБК Ұлттық Банк пен Агенттіктің макропруденциялық саясатқа қатысты рөлі мен жауапкершілігін заңнамалық деңгейде нақтылауды ұсынды. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Ұлттық Банкке қаржы жүйесінің жүйелік тәуекелдерін төмендетуге бағытталған макропруденциялық саясатты қалыптастыру мандаты жүктелген.

Мәселен, 2024 жылғы тамызда «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің макропруденциялық саясаты туралы» құжат жарияланды, онда Ұлттық Банктің макропруденциялық саясатты қалыптастыруға, іске асыруға және коммуникациялауға көзқарасы мен тәсілдері Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында баяндалған.

Макропруденциялық саясатты тиімді іске асыру үшін әлеуетті осалдықтарды уақтылы анықтау және бағалау маңызды. Ұлттық Банк жүйелік тәуекелді уақтылы анықтау мақсатында сандық көрсеткіштердің – макропруденциялық индикаторларының кең ауқымының мониторингін жүзеге асырады. Бұл индикаторлар макропруденциялық саясат бойынша, оның ішінде капиталдың контрциклдік буфері бойынша ақпараттандырылған шешімдер қабылдауға ықпал етеді. Индикаторлардың тізбесі қатаң болып табылмайды. Ұлттық Банк жүргізілетін талдауға байланысты қосымша көрсеткіштерді есептей алады, сондай-ақ сараптамалық пайымдаулармен тәуекел факторларының сандық бағасын күшейтеді. Ұлттық Банк тоқсан сайын макропруденциялық индикаторларды Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында жариялайды.

Осылайша, ХБК-ның FSAP шеңберінде алған ұсынымдарын және «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің макропруденциялық саясаты туралы» құжатын ескере отырып, Ұлттық Банк Макропруденциялық саясат саласындағы Ұлттық Банктің мандатын күшейтуге бағытталған заңнамалық түзетулер жобасын әзірледі. Атап айтқанда, көрсетілген түзетулер жобасына сәйкес Ұлттық Банкке банктер үшін жүйелік тәуекелдерді төмендету үшін экономикалық шектеулер болып табылатын макропруденциялық нормативтер мен лимиттерді белгілеу, ал Агенттікке – олардың сақталуын қадағалауды жүзеге асыру құқығын бекіту ұсынылады. Ұлттық Банк пен Агенттіктің макропруденциялық саясат саласындағы өкілеттіктерін саралау жөніндегі тәсілдер Агенттікпен келісілді, сондай-ақ 2024 жылғы 23 қыркүйекте өткен Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңесінің шешімімен мақұлданды.

Макропруденциялық нормативтер ретінде заңнамалық түзетулер жобасында мынадай құралдар бекітілген:

- контрциклдік капитал буфері;
- секторлық ККБ;
- қарыз алушының борыштық жүктемесінің коэффициенті;
- қарыз алушының кірісіне қарыздың коэффициенті;
- халықаралық банк тәжірибесінде қолданылатын қосымша макропруденциялық нормативтер мен лимиттер.

ҚОРЛАНДЫРУДЫҢ ШОҒЫРЛАНУЫ


Банк секторында қорландырудың шоғырлану тәуекелі орташа бағаланады. Ірі салымшылардың үлесі аздап төмендеді, бірақ оларға тәуелділік әлі де шағын банктерде айқын көрінеді. Бұл жеке кредиттік ұйымдар үшін әлеуетті осалдықты тудырады.

Банк секторының ірі салымдардың әкетілуіне орнықтылығын талдау мұндай сценарийді жүзеге асырған жағдайда банктердің үштен бір бөлігі өтімділікте қиындықтарға тап болуы мүмкін екенін көрсетті, бұл жағдайды үнемі бақылауды қажет етеді. Квазимемлекеттік секторға тәуелділік төмендеуін жалғастыруда, алайда тәуекелдер әсіресе жекелеген банктер үшін әлі де сақталуда.

Банк секторы міндеттемелерінің жалпы көлеміндегі ірі кредиторлардың үлесі 25%-ға деңгейге дейін төмендеді. Ірі кредиторлар алдындағы міндеттемелердің үлесі банктердің барлық топтары (квартильдері) бойынша төмендеді. Шағын банктер шоғырлану тәуекеліне айтарлықтай бейім келетін қалпында қалып отыр, мұнда міндеттемелердің ең ірі кредиторлардың үлесі орташа есеппен 82%-ды құрайды (5.17-график). Бұл ірі салымдардың әкетілуіне деген осалдықты және осы банктердегі өтімділікті бақылауды күшейту қажеттілігін көрсетеді.

5.17-график Шоғырланудың жоғары деңгейі бірнеше шағын банкте байқалды

Міндеттемелердің жалпы көлеміндегі ірі банк кредиторларының үлесі



Дереккөзі: ЕДБ есептілігі

Ескертпе: кварталдер бойынша саралау және бөлу банк міндеттемелеріндегі осы банк үшін ірі 25 кредитордың үлесі бойынша жүзеге асырылады: 1-квартиль – ірі кредиторлардың үлесі ең аз үлесі бар банктер, 4-квартиль – ең көп үлесі бар банктер. Шеңбер көлемі сектор міндеттемелеріндегі банктердің квартал міндеттемесі үлесіне үйлесімді. Шеңбер ішінде ірі кредиторлардың квартал бойынша орташа үлесі көрсетілген.

Банктердің ірі депозиттердің әкетілуіне қарсы тұру қабілетін бағалау банктердің жартысы өтімділіктің ішінара немесе толық азаюымен осындай ағындарға сезімтал екенін анықтады. Ірі салымшылардың валюталық депозиттерді алуы 30%-дан 50%-ға дейін валюталық өтімділікті талап етеді. Ең жоғары әсері шағын банктерде байқалады. Банктердің үштен бір бөлігі аса ірі салымшылардың жоғары шоғырлануымен негізделген өтімділік тәуекеліне сезімтал (5.1-кесте). Банктердің жартысы ірі депозиторлардың әкетілуіне орнықты болғанына қарамастан, осындай қорландырудың шоғырлануына байланысты өтімділік тәуекелдерінің мониторингін жалғастыру қажет.

5.1-кесте Депозиттерді шоғырландыру тәуекелі

Депозиттердің ҚРҰБ-тағы қолма-қол ақша, коршоттар және МБҚ портфелінің сомасына арақатынасы

Депозиттерді ал	Мин.	25-ші перцентиль	Орташа өлшенген мәні	Медиана	75-ші перцентиль	Макс.
ТОП-5	0.2	0.4	0.5	0.5	1.1	9.7
ТОП-10	0.3	0.5	0.6	0.7	1.4	10.0
ТОП-20	0.3	0.7	0.8	1.0	1.8	13.0
ТОП-30	0.3	0.8	0.9	1.2	2.1	14.6
Депозиттерді алу, оның ішінде:						
теңгемен:						
ТОП-5	0.1	0.2	0.3	0.4	0.7	9.6
ТОП-10	0.1	0.3	0.4	0.5	0.8	9.7
ТОП-20	0.1	0.4	0.5	0.7	0.9	10.2
ТОП-30	0.1	0.4	0.6	0.7	1.0	10.3



Депозиттерді ал	Мин.	25-ші перцентиль	Орташа өлшенген мәні	Медиана	75-ші перцентиль	Макс.
шетел валютасымен:						
ТОП-5	0.0	0.2	0.2	0.3	0.6	1.8
ТОП-10	0.0	0.3	0.3	0.4	0.8	2.9
ТОП-20	0.0	0.3	0.4	0.5	1.1	4.2
ТОП-30	0.0	0.3	0.5	0.5	1.2	4.5

Дереккөзі: ЕДБ есептілігі

Ескертпе: егер ірі салымшылар депозитінің ҚРҰБ-тағы банктердің қолма-қол ақша, корреспонденттік шоттары мен МБҚ қоржынының жалпы сомасына арақатынасы 1-ден асатын болса, онда ірі салымшылар депозиттерді алған жағдайда банк қаражатының жеткіліксіздігін көрсетеді

2024 жылы банк секторының мемлекеттік компаниялар тарапынан қорландыруға тәуелділігінің төмендеу үрдісі сақталуда, бұл медиананың төмендеуімен және кватильаралық ауқымның тарылуымен расталады.

5.18-график А. Банктер бөлінісінде мемлекеттік сектор тарапынан қорландыру төмендейді




Интерквартильный интервал (1 және 3-квартильдің арасында)
Медиана
Ең көп үлесі бар банк

Дереккөзі: ЕДБ, БЖЗК есептілігі

Дегенмен, банктердің бірінің пассивтерінің құрылымында мемлекеттік компаниялар алдындағы міндеттемелердің үлесі әлі де оның міндеттемелерінің үштен бірін құрайды (5.18 А-график). Депозиттер мемлекеттік және квазимемлекеттік секторлардың қаражатын тартудың негізгі құралы болып қала береді (5.18 Б-график).

Б. Негізінен мерзімсіз депозиттер нысанында тарту



Интерквартильный интервал (1 және 3-квартильдің арасында)
Медиана


5.3 ДОЛЛАРЛАНУ ТӘУЕКЕЛІ

Депозиттерді долларландыруға байланысты тәуекелдер 2024 жылы қалыпты деңгейде қалды. Банктердегі долларландырудың жалпы деңгейі төмендеп, белгілі бір кезеңдерде тарихи минимумдарға жетті. Бұл тренд бөлшек депозиттер мен заңды тұлғалардың теңгедегі ірі салымдарының ағынымен қолдау тапты, бұл қаржы жүйесінің тұрақтылығы үшін оң фактор болып табылады.

2024 жылы банк секторындағы долларсыздандыру процесі жалғасты, бірақ оның қарқыны баяулады. Валюталық қарыздар мен валюталық депозиттердің деңгейлері төмендегенін көрсетті, жыл қорытындысы бойынша тиісінше 8.8%-ды және 22.5%-ды құрады. Соңғы жылдардағы долларсыздандыру қарқынын бәсеңдету үрдісі жалғасуда.

2024 жыл бойы USD/KZT жұбы бойынша жеткізілмейтін валюталық форвард (NDF) пен теңгедегі депозиттер бойынша орташа алынған мөлшерлемелер арасындағы спрэд қыркүйек айына дейін біртіндеп төмендеп, 0.1%-ға жетті. Теңге әлсірегеннен кейін спрэд 2024 жылдың соңына қарай 4.5%-ды құрап, жыл басындағы мәндерге оралды. Бұл динамика айырбастау бағамының ауытқуы теңгелік депозиттердің тартымдылығына әсер ететінін көрсетеді, оны долларландыру тәуекелдерін бағалау кезінде ескеру қажет. Бұл ретте, депозиттерді долларландыру деңгейін айқындайтын іргелі факторлардың айтарлықтай құбылмалылық кезеңдерінің болмауы (5.19-график) долларсыздандыру ұлттық валютаға деген сенімнің жалпы нығаюы аясында болғанын көрсетеді.

5.19-график 2024 жылы долларландыру деңгейінің төмендеуі жалғасты



Дереккөзі: ЕДБ есептілігі

Ескертпе: RUBKZT бағамының әлсіреу кезеңдері – рубльдің теңгеге шаққандағы құнсыздануының маңызды кезеңдері


Корпоративті сектормен салыстырғанда негізінен бөлшек сауда секторы есебінен долларландырудың төмендеуіне қол жеткізілді. Мәселен, 2024 жылдың соңында жеке тұлғалардың валюталық салымдарының үлесі 22%-дан 20%-ға дейін төмендеді, ал заңды тұлғалар бойынша долларландыру деңгейінің 24%-дан 26%-ға дейін шамалы өсуі тіркелді. Бұл үрдіс сыртқы экономикалық қызметке бағытталған кәсіпорындар қызметінің ерекшеліктерімен байланысты болуы мүмкін.

2024 жылы долларландыру деңгейі мен жеке тұлғалар депозиттерінің мөлшері арасында оң корреляция сақталды (5.20-график): 500 млн теңгеден астам шоттарда долларландыру деңгейі 57.8%-ға жетті, ал 1 млн теңгеге дейінгі шоттарда барлығы 6.1%-ды құрады. Ірі салымшылар қаражатын шетел валютасында сақтауға бейім келеді, бұл олардың тәуекелдерді әртараптандыруға деген ұмтылысына байланысты болуы мүмкін.

2024 жылы барлық талданған депозиттер топтарында долларландыру деңгейінің төмендеуі байқалды. 1 млн теңгеге дейін салымдар бойынша 0.2 пайыздық тармаққа шамалы өсім байқалады. Ең үлкен құлдырауды: 50-ден 500 млн теңгеге дейін депозиттер бойынша (валюталық салымдар үлесінің 6.4 пайыздық тармаққа төмендеуі) және 500 млн теңгеден астам салымдар бойынша (валюталық салымдар үлесінің 6 пайыздық тармаққа төмендеуі) ірі салымдар тобы көрсетті. Бірақ, төмендегеніне қарамастан, бұл топтардағы валюталық шоттардың үлесі жоғары болып қала береді.




5.20-график Долларландыру деңгейінің динамикасы барлық депозиттер топтарында долларландыру деңгейінің төмендегенін көрсетті



Дереккөзі: ҚДКҚ

2024 жылы негізінен 10 млн теңгеден 50 млн теңгеге дейінгі сомаға теңгедегі депозиттер есебінен жекелеген депозиттерге қаражаттың нетто әкелінуі 18.3%-ға (637.9 млрд теңгеге) ұлғайды. Валюталық депозиттерге қаражаттың әкелінуі барлық депозиттік топтарда, негізінен сомасы 500 млн теңгеден (209.43 млрд теңге) асатын депозиттер есебінен байқалды (5.21-график). Долларсыздандырудың жалпы тенденциясына қарамастан, ірі салымшылар валюталық депозиттерді белсенді пайдалануды жалғастыруда, бұл тәуекелдерді бағалау кезінде ескерілуі керек.

5.21-график Долларландыру деңгейінің төмендеуі теңгедегі бөлшек депозиттер ағыны аясында орын алды




Дереккөзі: ҚДКҚ

5.4 ВАЛЮТАЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ

2024 жылы банк секторының тікелей валюталық тәуекелі қолайлы деңгейде болды. Бұған банктерге айырбастау бағамының ауытқуынан болатын шығынды азайтуға мүмкіндік беретін туынды қаржы құралдарын (ТҚҚ) пайдалана отырып, валюталық позицияларды белсенді хеджирлеу ықпал етті (5.22-график).

5.22-график Банк секторының нетто ашық валюталық позициясы валюталық тәуекелдердің ықпалына ұшыраған жоқ




Дереккөзі: ЕДБ-ның реттеушілік есептілігі

Жүйе бойынша нетто-валюталық позиция көптеген кезеңдерде бейтарапқа жақын болды және барлық банктер ашық валюталық позиция лимиттері бойынша пруденциялық нормативтерді сақтады, бұл банк секторындағы валюталық тәуекелді тиімді басқаруды және реттеуші талаптарды сақтауды көрсетеді. Маңызды ашық валюталық позициялардың болмауы банктердің айырбастау бағамының кенеттен ауытқуы мен ықтимал шығынға осалдығын төмендетеді. Жалпы, банк секторындағы валюталық тәуекел жағдайы тұрақты болып көрінеді және алаңдаушылық туғызбайды.

5.5 ПАЙЫЗДЫҚ ТӘУЕКЕЛ

2024 жылы Қазақстан Республикасының банк секторында пайыздық маржа мен пайыздық спрэдтің оң динамикасы байқалады (5.23-график). Пайыздық спрэдтің кеңеюі банктердің пайыздық пайда алу әлеуетінің артқанын көрсетеді.

5.23-график Пайыздық маржа және пайыздық спрэд динамикасы




Дереккөзі: ЕДБ есептілігі

Бұл фактор пайыздық маржаның ұлғаюымен бірге кредиттік ұйымдардың операциялық тиімділігін және олардың орнықты кірістілікті сақтау қабілетін нығайтуды көрсетеді, бұл тұтастай алғанда қаржы жүйесінің тұрақтылығына жағымды әсер етеді.



Пайыздық маржаның өзгерістері бойынша бөлу оның ұлғаюы негізінен ұзақ мерзімді қарыздар бойынша пайыздық кірістің өсуіне байланысты екенін көрсетеді. Пайыздық шығыстың өсуі, өз кезегінде, пайыздық кіріспен салыстырғанда аз дәрежеде болды және негізінен қысқа мерзімді салымдар бойынша шығыстың ұлғаюымен байланысты болды (5.24-график).

5.24-график Шоттар бойынша бөлінісінде пайыздық шығыс пен кіріс динамикасы



Дереккөзі: ЕДБ есептілігі

Пайыздық кірістің өсуі негізінен кредиттеу көлемінің ұлғаюына байланысты. Бұл ретте, 2024 жылдың басында заңды тұлғаларға берілген ұзақ мерзімді кредиттер көлемінің төмендеуі жеңілдетілген кредиттеудің мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде қаржыландыруды тоқтата тұруға байланысты екенін атап өткен жөн (5.25-график).

5.25-график Жеке және заңды тұлғалардың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді кредиттері бойынша берілген кредиттердің орташа өлшемді мөлшерлемелері мен көлемдерінің динамикасы

А. Жеке тұлғалар (қысқа мерзімді кредиттер)



Б. Заңды тұлғалар (қысқа мерзімді кредиттер)



В. Жеке тұлғалар (ұзақ мерзімді кредиттер)



Дереккөзі: ЕДБ есептілігі

Өз кезегінде, пайыздық шығыстың ұлғаюы, негізінен пайыздық мөлшерлемелердің қымбаттауына емес, тартылған салымдар көлемінің өсуіне байланысты, бұл бағадан сандық әсердің басым екендігін көрсетеді (5.26-график).

5.26-график Жеке және заңды тұлғалардың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді депозиттері бойынша тартылған депозиттердің орташа өлшемді мөлшерлемелері мен көлемдерінің динамикасы

А. Жеке тұлғалар (қысқа мерзімді депозиттер)



Б. Заңды тұлғалар (қысқа мерзімді депозиттер)



В. Жеке тұлғалар (ұзақ мерзімді депозиттері)



Г. Заңды тұлғалар (ұзақ мерзімді депозиттері)



Дереккөзі: ЕДБ есептілігі



Кредит беру мен депозиттер көлемінің ұлғаюы экономикалық агенттердің банк жүйесінің орнықтылығына деген сенімінің артуына, банк қызметтерінің қолжетімділігін және цифрландыру процестерін кеңейту сияқты факторларға байланысты болуы мүмкін. Жекелеген банктердің инвестициялық тартымдылығының артуына байланысты 2023 жылдың соңынан 2024 жылдың басына дейін олардың ұзақ мерзімді депозиттер ағынының айтарлықтай өсуі байқалды. Депозиттік базаның өсуіне оларды орналастырудың тартымды шарттары да айтарлықтай әсер етті, бұл қаражаттың, оның ішінде квазимемлекеттік сектор ұйымдары тарапынан орналастырулардың түсуіне ықпал етті.

Корпоративтік сегментте берілетін кредиттер мен тартылатын депозиттер бойынша спрэд мөлшерлемелер 5%-дан аспады. Бөлшек сегментте бөлшек кредиттеу мөлшерлемелерінің жоғары құбылмалылығына байланысты спрэд жоғары болды, бірақ кезеңнің соңына қарай 5,6%-ға дейін төмендеді (5.27-график). Бөлшек сегменттегі аса жоғары спрэд жеке тұлғаларға кредит беруге байланысты жоғары тәуекелдер мен шығыстарды көрсетуі мүмкін.

5.27-график Корпоративтік сегменттегі спрэд бір жыл ішінде күрт өзгеріске ұшыраған жоқ, бөлшек сауда секторында ауытқулар байқалды



Дереккөзі: ЕДБ есептілігі



2025 жылғы наурыздан бастап Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКҚ) жеке тұлғалардың депозиттері бойынша теңгемен шекті мөлшерлемелерді белгілеуді тоқтатты. Бұл шешім тәуекелдерді басқару жүйесін жақсарту және банк секторының орнықтылығын арттыру арқылы мүмкін болған жеке тұлғалардың депозиттері бойынша мөлшерлемелерді реттеуді ырықтандырудың жүйелі бағамының бөлігі болып табылады.

Бастапқыда, 2008 жылдан бастап ҚДКҚ банктердің агрессивті депозиттік саясатын ұстауға арналған «жоғарғы шек» деп аталатын мөлшерлемелерді тікелей шектеуді қолданды. «Жоғарғы шектен» асып кеткен жағдайда банктер кепілдік берілген төлемдерді жүзеге асыру үшін ҚДКҚ резервіне жарнаның жоғары сомасын төлеуге міндетті болды.

2018 жылы нарықтық мөлшерлемелер негізінде салымдардың топтары мен мерзімдері бойынша шекті мөлшерлемелерді ай сайын айқындау ҚДКҚ-ның нарықтық реттеуге көшуінің бастауы болды. Дегенмен, нарықтық конъюнктураның өзгерістері мен шекті мөлшерлемелерді қайта қарау арасында уақыт аралығы болды, бұл банктер мен салымшылардың мінез-құлқына ақша-кредит саясатының сигнал беру тиімділігін төмендетті.

Осыған байланысты 2024 жылы маңызды реформа қабылданды: ҚДКҚ моделіне сәйкес жақсы капиталдандырылмаған санатқа жатқызылғандарды қоспағанда, көптеген банктер үшін шекті мөлшерлемелер жойылды. Бұл тәсіл халықаралық тәжірибеге сәйкес келеді – мәселен, АҚШ-та мөлшерлемелерді реттеу тек жақсы капиталдандырылмаған банктерге қолданылады. Бұл ретте Қазақстанда барлық банктер үшін жүйелік тәуекел үшін жарна ендірілді, бұл нақты банктің орташа өлшемді мөлшерлемелерінің нарықтық деңгейден ауытқу дәрежесіне байланысты болады. Бұл шара бағаның ауытқуын төмендетуге және бәсекелестік жағдайларын тұрақтандыруға бағытталған.

Банктердің нарықтық ортаға назар аударатын отырып, бейімделіп депозиттік мөлшерлемелерді аса ұтымды қалыптастыра бастағанын 2024 жылғы тәжірибе көрсетіп отыр. Нәтижесінде 2025 жылғы 1 наурыздан бастап жақсы капиталдандырылмаған банктер үшін де шектеулер алынып тастау туралы шешім қабылданды. Осылайша, нарықтың барлық қатысушылары тең дәрежеде әрекет ете бастады.

Дегенмен, мөлшерлемелердің күрт өсу тәуекелдері, әсіресе қорландыруға мұқтаж банктер тарапынан сақталып отыр. Қаржылық тұрақтылыққа төнетін ықтимал қауіп-қатерлерді барынша азайту үшін мұндай банктерге арналған қосымша реттеу механизмі сақталады: халықтың қаражатын тартудың агрессивті саясаты жүргізілген жағдайда, олар тартудың көлеміне және банктің орташа өлшемді мөлшерлемелерінің рұқсат етілген спрэдті ескере отырып, нарықтық мөлшерлемеден асып кету дәрежесіне пропорционалды жоғары жарна төлеуге міндетті.

Осылайша, ҚДКҚ бұрынғы директивалық шектеулер жүйесінің орнына нарықтық мөлшерлеме бағдар болатын модельге көшеді. Бұл банктердің депозиттік саясатының икемділігін арттырады, барынша адал бәсекелестікке ықпал етеді және депозиттік нарықтың жекелеген сегменттерін дамытуға жаңа мүмкіндіктер ашады. Мысалы, бір жылдан астам мерзімдері бар салымдар әзірге елеусіз үлесті алады, бірақ барынша еркін баға белгілеуге қарай өсуге серпін ала алады.

Жүргізілген реформа еркіндік пен жауапкершілік арасындағы қажетті балансты қамтамасыз ете отырып, депозиттер бойынша шарттарды анықтауда банктердің дербестігін кеңейтеді. Жүйелік тәуекел үшін жарна мен капиталы жеткіліксіз банктер үшін сараланған жоғары жарна сияқты икемді реттеу құралдарын енгізу банк жүйесінің ұзақ мерзімді орнықтылығына назар аударатын отырып, нарықтың «теріс үдеуіне» жол бермейді.



VI ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

2024 жылы Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) тоқсан сайын қаржы жүйесінің тұрақтылығына жәрдемдесу, жүйелік тәуекелдерді төмендету және қаржы секторының орнықтылығын дамыту жөніндегі мәселелерді қарады.

2024 жылы Кеңестің бес отырысы өткізілді. онда қаржы секторы орнықтылығының ағымдағы мәселелері, оларды шешу жолдары және дамудың перспективалық бағыттары талқыланды. Атап айтқанда, Кеңес мүшелері мынадай мәселелерді қарастырды:

- **Мемлекет басшысының шетелдік банктерді тарту жөніндегі тапсырмаларын іске асыру**, онда Кеңес мүшелері банк заңнамасын ырықтандыру және сенімді шетел инвесторлары үшін тартымды жағдайлар жасау жөніндегі ұсыныстарды талқылады;
- **Мемлекет басшысының ақша-кредит және фискалдық саясат арасындағы теңгерімсіздіктерді жою жөніндегі тапсырмаларын іске асыру**. Кеңес бюджеттің теңгерімділігін қамтамасыз етуге және контрциклдік фискалдық саясатты жүргізуге, сондай-ақ бюджет процесінде мұнайға жатпайтын тапшылықтың рөлін арттыруға бағытталған жүйелі шаралар бойынша ұсыныстарды қарады;
- **Ұлттық Банк пен Агенттіктің макропруденциялық саясат саласындағы өкілеттіктерінің ара-жігін ажырату** тәсілдері, оның қорытындысы бойынша Кеңес Ұлттық Банктің макропруденциялық нормативтер мен лимиттерді белгілеу жөніндегі, ал Агенттіктің – олардың сақталуын бақылау және қадағалау жөніндегі өкілеттіктерін нақтылау жөніндегі тәсілді мақұлдады;
- **активтердің сапасын бағалау (AQR) және қадағалау стресс-тестілеу**. Кеңес 2024 жылы Активтердің сапасын бағалау (AQR) және Қадағалау стресс-тестілеу үшін банктердің тізбесін, сондай-ақ банктердің AQR нәтижелері бойынша түзету іс-шараларының жеке жоспарларын орындауы туралы ақпаратты бекітті;
- Ұлттық қор активтерінің динамикасын, фискалдық алшақтық ауқымын және мұнайға жатпайтын түсімдердің орнықты деңгейін бағалауға мүмкіндік беретін **ұлттық макрофискалдық модельдер**;
- қаржы секторына, үй шаруашылықтарына, мемлекеттік бағалы қағаздар мен жылжымайтын мүлік нарықтарына, басқа да бағыттарға кешенді талдау жасауды қамтитын **2023 жылғы қаржылық тұрақтылық туралы есептің алдын ала қорытындылары**;
- **капиталдың контрциклді буферінің (ККБ) мониторингі және секторлық ККБ енгізу бойынша ұсыныстар**;
- **алтын-валюта резервтері үшін тәуекелдерді барынша азайтатын шарттарды сақтай отырып, шетел валютасында өтімділікті ұсынудың әртүрлі мүмкіндіктері**. Кеңес валюталық СВОП – теңгеге валюта беру операциясын – ССҚ механизмі периметріне енгізу, сондай-ақ қабылданатын кепілмен қамтамасыз ету тізбесіне валюталық активтерді енгізу туралы ұсынысты мақұлдады.

5.3-БОКС КАПИТАЛДЫҢ КОНТРАЦИКЛДІ БУФЕРІНІҢ (ККБ) ЖӘНЕ СЕКТОРЛЫҚ ККБ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ МОНИТОРИНГІ


Ұлттық Банк тұтынушылық кредиттеудің белсенді өсуімен байланысты тәуекелдерді төмендету жөніндегі жұмысты жалғастыруда. Атап айтқанда, кредиттеудің осы сегментін бәсеңдету үшін ККБ – секторалдық ККБ түрлендірулерінің бірін енгізу мүмкіндігі қарастырылуда.

Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің (бұдан әрі – БҚБК) стандартты әдістемесі негізінде негізгі және қосымша көрсеткіштер мониторингінің қорытындысы бойынша 2024 жылдың соңында (алдын ала деректер)³⁰ ЖІӨ-ге берілетін кредиттер ГЭП негізгі индикаторы 2.3 пайыздық тармақты құрады (1-график).

Анықтама үшін: Кредиттік дүрлікпенің басталу кезеңі және ККБ қалыптастыру қажеттілігі туралы сигнал беретін негізгі индикатор экономикаға кредиттердің ЖІӨ-ге қатынасы, атап айтқанда бұл арақатынастың өзінің ұзақ мерзімді трендінен ауытқуы (credit-to-GDP gap немесе ГЭП кредиттері ЖІӨ-ге) болып табылады. ККБ қалыптастыруды бастауға сигнал ол үшін белгіленген төменгі шегара – 2 пт. ЖІӨ-ге ГЭП кредиттерінің мәнінен асып кетуі болып табылады. ЖІӨ-ге ГЭП кредиттері ол үшін белгіленген 10 пайыздық тармаққа тең жоғарғы шекарадан асқан кезде ККБ мәні осы құрал үшін көзделген ең жоғары деңгейде белгіленеді.³¹ Негізгі индикаторды есептеуден басқа, БҚБК қаржы нарықтары мен жалпы экономиканың даму жағдайын сипаттайтын қосымша көрсеткіштерді есептеуді ұсынады. БҚБК ККБ қалыптастыру/ұлғайтуға қатысты шешім қабылдау кезінде пайымдаудың елеулі деңгейіне жол беретінін атап өткен жөн. ККБ-ны іске қосу туралы шешім оның күшіне енгенге дейін 12 ай бұрын банктердің назарына жеткізіледі, бұл банктерге қажетті капитал қорын қалыптастыру үшін уақыт береді.

1-график Кредиттердің ЖІӨ-ге арақатынасы және оның ұзақмерзімді трендтен ауытқуы

ГЭП Кредиттер / ЖІӨ



Дереккөзі: ЕДБ, ҚР СЖРА ҰСБ есептілігі

Сонымен қатар, 2024 жылғы 4 тоқсанның қорытындысы бойынша қосымша көрсеткіштердің мониторингі жеке тұлғаларды³² кредиттеу сегменті үстемдік ететінін (61.2%) және көлемі өсетінін (23.9% ж/ж) анықтады (2-график). 2024 жылғы қорытынды бойынша бөлшек кредиттер портфелінің өсуі 25.9%, корпоративтік кредиттер³³ – 11.5%-ды құрады. ЕДБ кредиттік портфелінің өсуіне негізгі үлесті тұтынушылық кредиттеу (кредиттік портфельдің жылдық өсімі 20% болған кезде 11.6%) қосады, бұл кредиттеуге қолжетімділіктің арту және тұтынушылық сұраныстың сақталу белгісі болып табылады.

³⁰ 2024 жылғы 4-тоқсанағы ҚР СЖРА ҰСБ өндіріс әдісімен ЖІӨ бойынша алдын ала деректері

³¹ БҚБК ұсынған ККБ мәндері тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтердің 0%-дан 2.5%-ға дейін құрайды

³² Есепте дара кәсіпкерлерді қоспағанда жеке тұлғалардың кредиттері ескерілді

³³ Корпоративтік кредиттерді есептеуде жеке кәсіпкерлердің кредиттері ескерілді



Номиналды ЖІӨ өсу қарқынымен салыстырғанда жеке тұлғаларға кредиттердің және мерзімі өткен берешектің (90 күннен және одан да көп) озыңқы өсу қарқыны қаржылық тұрақтылыққа тәуекелдер туғызады.

Ұлттық Банк кредиттік ЖТК-нің секторалдық мәндерін ЖІӨ-ге (негізгі индикатор) айқындау кезінде тиісті стандартты ауытқуларды нормалауды ескере отырып, стандартты ККБ үшін ұқсас тәсілді қолданды. Осылайша, 2024 жылғы 4-тоқсанның қорытындылары бойынша жеке тұлғалардың ЖІӨ-ге кредиттерінің ЖТК қалыпқа келтірілген мәні 6.8%-ды құрады. Ол тәуекелдерді ескере отырып сараланған секторлық активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер сомасының 3.5% деңгейінде секторалдық ККБ белгілеуге сәйкес келеді.

Бұл ретте заңды тұлғалардың ЖІӨ-ге кредиттерінің ЖТК-нің қалыпқа келтірілген мәні заңды тұлғалардың портфелі бойынша секторалдық ККБ-ны қосу қажеттілігінің жоқтығын көрсете отырып, 0.5%-ды құрады.

Негізгі индикатормен бірге секторлық ККБ іске қосудың мақсатқа лайықтығы жайлы шешім қабылдау үшін қосымша индикаторлар мониторингі де жүргізіледі.

2-график Секторлық ККБ қосымша индикаторлары

Кредиттік портфель динамикасы



Жеке тұлғалар кредиттерінің өсуіне секторлардың үлесі



Дереккөзі: ЕДБ есептілігі

Жеке тұлғаларға кредит беру жеделдетілген қарқынмен өсіп, заңды тұлғаларға кредит берумен салыстырғанда көлемі басым кредиттік портфель сегменттерінің көп бағытты өсу серпінін ескере отырып, бөлшек кредиттеу қарқынын бәсеңдетуге секторлық ККБ-ны қолдану орынды және мақсатқа лайықты.